Қоғамдық сананы жаңғырту шенберіндегі бағыттарды түсіну бірнеше түрғыда қарастырылады, бұл Қазақстанның 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарында Елбасы қойған міндеттерге сәйкес келеді. Оны іске асырудың маңызды көрсеткіштерінің бірі қоғамдық даму бағыттарының бірқатары бойынша ЭҮДҰ елдерінің алдыңғы қатарлы тәжірибесінің ескерілуі болып табылады (4-сурет):

1. Экономикалық түрғыда – өнеркәсіптік өнім экспортының және ЖІӨ көрсеткіштерін өсіру; жеке секторға көніл бөле отырып, нарықтық экономиканы құру: шағын және орта бизнесі дамыту; азаматтардың әл-ауқатын арттыру. Аталмыш қағидаттар Стратегиялық жоспардың «Бәсеке және бәсекеге қабілетті бизнес» 3 – реформасының шенберінде өзектендірілген.

2. Әлеуметтік саладағы өзгерістер түрғысында – орта және жоғары білімнің сапасын арттыру бойынша теңгерімді мемлекеттік саясат жүргізу, үздіксіз білім беруге инвестициялау және бағыт бұру, азаматтық қоғамды дамыту. Стратегиялық жоспардың «Жаңа адами капитал» 1- реформасына сәйкес келеді.

3. Қазақстанның әлемдік қоғамдағы алар орны түрғысында – халықаралық рейтингтердегі жоғары көрсеткіштер; бәсекеге қабілеттілік және қазақстандық мамандарды әлемдік еңбек

нарығында таныту. Стратегиялық жоспардың «Жаңа адами капитал» 1-реформасы және «Технологиялық жаңарту және цифрландыру» 2-реформасы шеңберінде өзектендірілді.

Жобалар мен бағдарламаларға қатысты сарапшылар жобалардың қажеттілігі және қоғам тарарапынан қолдау табуы негізгі өлшем болған нәтижелердің іс жүзіндегі халықтың құнделікті өміріндегі маңыздылығына, сондай-ақ қоғамның қабылдауы призмасына сүйенді (5-сурет.).



5-сурет. «Рухани жаңғыру» бағыттары бойынша негізгі параметрлер



**6-сурет. «Рухани жаңғыру» жобалары мен бағдарламалары табыстырының негізгі параметрлері**

### **3. Қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асырудың одан әрі барысын жетілдіру бойынша сарапшылардың ұсныстары мен ұсныымдары**

Жүргізілген сауалнама шеңберінде сарапшылар қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асырудың одан әрі барысын жетілдіру бойынша келесі ұсныстар мен ұсныымдарды айқындады:

1. Тиімді ақпараттық арналар ретінде жарыққа шығарудың үш анағұрлым пәрменді құралдарын пайдалану. Бұл құралдардың екеуін онлайн-ортаға жатқызуға болады: әлеуметтік желілер (33,3%), түрлі БАҚ аландары (23,6%) және интерактивтік онлайн-платформалар (12,5%). Бұл ретте, ақпараттандырудың заманауи тәсілдерін қолдану қажеттілігі байқалады.

2. «Рухани жаңғыруды» іске асыруды ақпараттық қолдау тиімділігін арттыру үшін сарапшылар жобалар бойынша нақты үлгілерде ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуі ұснынады.

3. Қоғамдық сананы жаңғыртуды жүзеге асыру тиімділігін арттыру мақсатында сарапшылар мыналарды қажет деп санайды (1-кесте):

- Нақты өмірлік мақсаттарға қол жеткізуге, салауатты өмір салтына; кәсіптік табыстылыққа, білім деңгейін ұдайы арттыруға қол жеткізуге бағытталған прагматикалық тәртіп үлгілерін тарату (30,4%);

- Жарыққа шығарылған бағыттарды ескере отырып, оның барлық сатыларында білім беру мазмұны мен әдістерін өзгерту (17,9%);

- Бағдарламалық мақалада жарияланған бағытқа сәйкес өскелең үрпақты қалыптастыруға және мұдделерін ынталандырудда отбасы институтын белсенді қатыстыру (17,9%).

#### **1-кесте. Қоғамдық сананы жаңғыртуды одан әрі іске асыру бойынша сарапшылар ұсныстары**

құралдар	%
Нақты өмірлік мақсаттарға қол жеткізуге, салауатты өмір салтына; кәсіптік табыстылыққа, білім деңгейін ұдайы арттыруға қол жеткізуге бағытталған прагматикалық тәртіп үлгілерін тарату	30,4

Жарыққа шығарылған бағыттарды ескере отырып, оның барлық сатыларында білім беру мазмұны мен әдістерін өзгерту	17,9
Бағдарламалық мақалада жарияланған бағытқа сәйкес өскелен үрпақты қалыптастыруға және мұдделерін ынталандыруды отбасы институтын белсенді қатыстыру	17,9
Тұған ел тарихын, қазақ тілін, халықтық салт-дәстүрлерді және рәсімдерді зерттеуге бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды анағұрлым белсенді іске асыру	12,5
Түрлі мемлекеттік, париялық және қоғамдық құрылымдар арқылы халыққа жеке-дара ықпал ету	8,9
НЛБ және басқа да психотехнологияларды қолдана отырып, БАҚ және Интернет арқылы ақпараттық ықпал	7,1
Түрлі жастар құрылымдары арқылы ҚР жастарына басымдықпен ықпал ету	5,4

4. «Рухани жаңғыруды» позитивті іске асыруды тежейтін факторларды жоққа шығару мақсатында сарапшылар алдымен мыналарға жатқызды (1-сурет):

- «Рухани жаңғыру» бағдарламасының шеңберінде іске асырылатындағы іс-шаралардың қатарына бұған дейін жоспарланған ағымдағы міндеттерді орындауды «байланыстыру» тәжірибесінен бас тарту (мектептер, ауруханалар ашу, т.б..) (25,4%). «Кеңестік насихатату әдісінен» және «мақала мазмұнынан хабарсыз спикерлердің қатысуымен концерттер, жиналыстар үйымдастырудан» бас тарту қажеттілігі айрықша атап көрсетіледі;
- Бағдарламалық мақаланың тармақтарына сәйкестендіру мақсатында қолданыстағы стратегиялық жоспарлардың, мемлекеттік бағдарламалардың мониторингін үйымдастыру және жүргізу (17,9%);
- «Рухани жаңғыру» жобаларын және бағдарламаларын іске асыруға жоғары қаржылық шығындарды азайту (16,4%).



### 6-сурет. Қоғамдық сананы жаңғыртууды іске асырудың жағымсыз трендтерін азайту бойынша ұсыныстар

5. Қоғамдық сананы жаңғыртуудың негізгі бағыттары бойынша іс-шаралар үйімдастыру және құру, бәсекеге қабілеттілігі, білімнің салтанат құруы және прагматизм сияқты бағыттарды кеңінен тарату қажеттілігі айрықша аталады.

**Корытынды.** Жалпы алынған деректер қоғамдық сананы жаңғырту бағыттары туралы хабардарлық және сараптамалық қолдаудың жоғары деңгейін көрсетеді, бұл, атап айтқанда «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» және «Тұған жер» сияқты жобаларға қатысты. Өз кезегінде сарапшылар онлайн медиа арналарды қолдану, сондай-ақ жариялаған жобалардың стратегиялық құжаттармен, мысалы, Қазақстанның 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарымен және олардың ел халқы үшін практикалық маңыздылығымен ұштастыру.

**Дана Ахмедьянова<sup>1</sup>, Айдар Құрмашев<sup>2</sup>,**

<sup>1</sup> Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
халықаралық қатынастар кафедрасының доценті,  
саяси гылымдарының кандидаты,

<sup>2</sup> Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
халықаралық қатынастар факультетінің докторанты

## **ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАСТАМАЛАРЫ: АДАМИ КАПИТАЛДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК МӘДЕНИ БРЕНДИНГІ**

**Аңдатпа.** Қазақстан Республикасы қарусыздандыру, даулы жағдайларды реттеу, сондай-ақ көпмәдениетті бейбітшілік құрылышы бойынша өзінің халықаралық бастамаларымен танымал. Дегенмен, ақпараттық әлемнің заманауи сын-тегеуріндері, сондай-ақ дамыған елдердің 30-дығына енуге құлшынысы тек экономикалық өсім емес, әлеуметтік дамуға жету үшін қоғамдық саясатын қайта қарастыру қажеттілігін тудырады. Бұл мақала «Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасының «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы шеңберіндегі мемлекет пен қоғам арасында сенімділік коммуникативті байланысын жаңа сапалық деңгейде орнату арқылы адами капиталды брендке айналдыру әдістерін зерттеуге бағытталған.

**Түйін сөздер:** даму, қоғамдық саясат, 100 жаңа есім, қоғамдық сананы жаңғырту.

## **Дана Ахмедьянова, Айдар Курмашев ИНИЦИАТИВЫ КАЗАХСТАНА: СОЦИОКУЛЬТУРНЫЙ БРЕНДИНГ ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО КАПИТАЛА**

**Аннотация.** Республика Казахстан широко известна своими международными инициативами по разоружению, устраниению конфликтных ситуаций, а также многокультурному миростроительству. Однако, современные вызовы информационного мира, а также стремление войти в 30-ку развитых стран вызывают необходимость

пересмотра общественной политики для достижения не только экономического роста, но и социального развития. Данная статья направлена на изучение методов брендирования человеческого капитала посредством выстраивания доверительной коммуникативной связи между государством и обществом на новом качественном уровне в рамках проекта «100 новых лиц Казахстана» программы модернизации общественного сознания «Рухани Жанғыру».

**Ключевые слова:** развитие, общественная политика, 100 новых лиц, модернизация общественного сознания.

---

Dana Ahmedyanova, Aidar Kurmashev

## INITIATIVES OF KAZAKHSTAN: SOCIO-CULTURAL BRANDING OF HUMAN CAPITAL

**Abstract.** The Republic of Kazakhstan is widely known for its international initiatives on disarmament, elimination of conflict situations, as well as for multicultural peacebuilding. However, the modern challenges of the informational world, as well as the desire to enter the top 30 developed countries, necessitate a revision of public policy to achieve not only economic growth, but also social development. This article is aimed at studying the methods of branding human capital by building a trusted communicative link between the state and society at a new qualitative level within the framework of the project ‘100 New Faces of Kazakhstan’ of the program of modernization of public consciousness ‘Rukhani Zhagyr’

**Key words:** development, public policy, 100 new faces, modernization of public consciousness.

---

### Кіріспе

Үздіксіз қақтығыстар және халықаралық шиеленістер жағдайында, елдер арасындағы, сондай-ақ ішкі аренадағы өзара сенімді нығайту мәселесі бұрынғысынша күрделі болып отыр және барынша өзектілігі артты.

Осыған байланысты саяси сенім мен жүйелі диалогты елдер арасында ғана емес, сондай-ақ, мемлекет пен қоғам арасындағы мемлекеттік саясатта қалпына келтіру қажеттілігі туындайды.

Сонымен бірге, тек жалпы ішкі өнімнің өсуін қамтамасыз етуде ғана емес, сондай-ақ әрбір жеке адамның әлеуметтік дамуы, дербестігі мен интеллектуалды дамуында жатқан, «ұлт амандастырылған» және экономикалық даму үшін жағдай жасау қажеттілігі ақиқатқа айналды.

Таза экономикалық жоспарда «даму» әдетте мемлекетке оның халқының өсуімен салыстырғанда өз өнімдерін озық қарқынмен өндіруге мүмкіндік беру үшін, жан басына шаққандағы табыс деңгейінің тұрақты өсу қарқынына қол жеткізуді білдіреді.

Дегенмен, экономика бойынша Нобель сыйлығының лауреаты Амартия Сен «жұмыс істей білу қабілеті» – бұл кедей немесе кедей емес адамның мәртебесі үшін шындығында маңызды деп сендіреді. Яғни, кедейшілік әдетте ұғылатындағы табыспен немесе тіпті пайдалылықпен тиісті түрде өлшенуі мүмкін емес; ең бастысы - бұл адамдағы бар нәрсе, немесе олар қамтамасыз ететін сезімі емес, – ал адамның кім болып табылатыны немесе не істейтіні немесе не істей алатындығы. Ауқаттылық үшін тек қана тұтынылатын тауарлардың сипаттамалары емес, ал тұтынушының өзіндегі бар нәрседен не жасай алатыны маңызды [1].

Осылайша, «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасын іске асыру Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы түрғысынан қоғамда білімге, бәсекеге қабілеттілікке, тұлғалық және кәсіби өсуге ұмтылысын елдегі адами капиталдың қалыптасуындағы негізгі элементтер ретінде көпшілікке тарату қажеттілігімен байланысты.

Жоба тәуелсіздік жылдары ішінде қазіргі Қазақстанның дамуына салмақты үлес қосқан адамдардың нақты тарихын мысалға келтіре отырып ұлттың әлеуметтік-экономикалық, саяси, моральдық-этикалық, философиялық-діни көзқарастарының, мінез-құлық нормаларының, салт-дәстүрлерінің, құндылықтары мен идеалдарының барлық жиынтығын онтайландыруға жағдай жасауға бейімделген.

Бұл жоба, ең алдымен, мемлекеттік органдардың «өзгеру катализаторы» рөлін атқаратын ұлттың дүниетанымдық-идеологиялық дамуына жаңа көзқараспен сипатталады, ол кезде халық «бастапқы дерек көзі» ретінде де, мақсатты аудитория ретінде де қарастырылады.

### **Халықаралық тәжірибе**

Ең алдымен, «Қазақстандағы 100 жаңа есімге» ұқсас жобаларды іске асырудың әлемдік тәжірибесіне талдау жүргізілді.

Талдау көрсеткендей, жоба жұмысының алгоритмдері (оның ішінде мақсаттар, міндеттер мен тәсілдер), көбінесе тұлғалық және әлеуметтік-мәдени брендинг, заманауи кәсіби мәдениетті, жалпы адамзаттық құндылықтарды көршілікке тарату сияқты технологияларды қолданады.

Бұл тәсілдің басты міндеті адами әлеуетті – интеллектуалды, жасампаз, шығармашылық және адамгершілікті іске асыруға ықпал ететін құндылықты коммуникативтік кеңістік құры.


Бұдан басқа мұндай жобаларды конкурстық негізде жузеге асыру жиі орын алады. Мұндай әдіс Ұлыбританияда «100 ең ұлы британдықтар» [2] және АҚШ-та «The Citizens Awards» жобаларына қолданылды [3]. Үқас конкурстар өткізу кезінде келесі алгоритм қолданылады: нарықтық талдау, іске асыру тұжырымдамасын егжей-тегжейлі әзірлеу, ақпараттық-түсіндіру жұмыстары, конкурс қатысушыларын танымал ету бойынша PR-науқан, онлайн-дауыс беру, нәтижелерді жариялау.

Алайда, егер шетелдік жобалар телевизиялық форматта шектелсе және ойын-сауық бағдарламаларын жасауға бағытталған болса, қазақстандық жоба ақпараттық кеңістіктің кез-келген алаңын қамтуға кабілетті, бірақ сонымен бірге тереңірек сипаттағы мақсатқа ие.


### **Ағымдағы жағдайды талдау**

ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің тапсырысы бойынша «Отандық ақпараттық өнімдерге тұтынушылардың сұраныс деңгейі» [4], сондай-ақ «БАҚ-та мемлекеттік саясатты жария етуге залықтың қанағаттану деңгейі» [5] әлеуметтік зерттеуі өткізілді.


Бұл зерттеулер Қазақстандағы медиатұтыну тәжірибесін зерделеу арқылы БАҚ тұтыну тәжірибесін зерделеу арқылы отандық ақпараттық өнімдерге тұтынушылардың сұраныс деңгейін (пайдаланылуын) анықтауға бағытталған. Сондай-ақ, тұрғындар арасында ең танымал БАҚ атаулары және олардың тақырыптық (жанрлық) бағыттары, аудитория сұрауларын қанағаттандырымайтын отандық БАҚ жұмысының аспектілерін айқындаумен анықталды. Сонымен, әлеуметтанулық зерттеулер деректеріне сәйкес, елдегі оқиғалар туралы ақпарат алу үшін үш негізгі ақпараттық арна ең қолайлы – олар теледидар (республикалық), таныс ортадағы жеке байланыс және әлеуметтік желілер (№ 1 диаграмманы қараңыз).

**№1 – диаграмма**

Сонымен бірге, зерттеу әртүрлі жастағы когорталарда теледидарды тұтынудағы ең маңызды айырмашылықтарды анықтады. №2-диаграммада респонденттердің неғұрлым ересек болған сайын, олардың арасында бос уақытын теледидар экраны алдында өткізетіндердің көбірек болуы (65+ тобында 88,1%) жақсы көрсетілген. Және, керісінше, жасөспірімдер мен жастар топтарында телевизиялық әуесқойлардың саны іріктеу бойынша ең тәменгі көрсеткіш (14-17 жас – 49,1%).


**№2 – диаграмма**

Осыған керегар, ең маңызды тәуелділіктер интернет-ресурстарды пайдалануға қатысты жастық топтар бойынша анықталды (№3-диаграмманы қараңыз): респонденттердің жасы кіші болған сайын, олар интернетті неғұрлым белсенді пайдаланады (14-17 жастағы ең кіші топта интернетті тұтыну 76,6% деңгейінде, ал 18-24 жастағы топта ең жоғары үлес - 82,8%), ересек болған сайын - сирегірек (65 жастан жоғары - 9,6%).



**№3 – диаграмма**

Жастар топтарында интернетті, әлеуметтік желілерді тұтынудың өсуі байқалады. Сонымен бірге зерттелетін ең жас топта (14-17 жас) медиатұтыну аралық сипатта болады: 18-24 жас аралығындағы топтармен салыстырғанда онда теледидарды салыстырмалы түрде жоғары тұтыну (телефақдарламаларды отбасы мүшелерімен бірге қарайды) және интернетті төмен тұтыну байқалады.



№4 – диаграмма

Зерттеу нәтижелері бойынша (№4-диаграмманы қараңыз), респубикалық ТВ ең жоғары сенімділік деңгейіне ие, бұл өзінің салыстырмалы жоғары сұраныс деңгейімен бірге оны ең үлкен рейтингтік ақпарат көзіне айналдырады. Жеке қарым-қатынас тек қана ең үлкен сұранысқа ие ақпарат көзі ғана болып табылмайды, сонымен қатар жоғары сенім деңгейін иеленеді (71,6%). Жергілікті телеарналадың салыстырмалы түрде жақсы позициялары бар (сұраныстың 41,1% және сенімнің 82,9%). Респонденттер елдегі

оқиғалар туралы өздері пайдаланатын ақпарат көздеріне сенетінін атап өткен жөн. Бұған оларды пайдаланатындардың жартысынан азы сенім білдіретін шетелдік БАҚ қосылмайды (41,8%).

Егер ақпаратқа сенбейтін болса, оны қайта тексеретін респонденттер, мұны ең алдымен республикалық телеарналарды қарап шығу арқылы жасайды (24,6%).

Фокус-топтық талқылаулар мемлекеттік теледидарға интернет-көздермен салыстырғанда негүрлым сенімді ақпарат көзі ретінде жоғары сенім деңгейін растиады. Сонымен қатар, қазақстандық телеарналардың контенті хабарлардың жоғары идеологияландырылу деңгейіне, шындықты боямалауға, жаңалықтардың жедел берілмеуіне, жарнаманың молдығына байланысты сынни белгіде қаралды.

Қазақстандық теледидар аудиториясының негізгі ескертулері бірегей, «Қазақстанда жасалған» хабарлардың, соның ішінде танымдық, ғылыми-көпшілік хабарлар, мектеп жасындағы балаларға арналған хабарлардың жоқтығы болды. Бағдарламалар жасау сапасының жақсарғанына қарамастан (студияларды безендіру, жүргізушілердің жұмысы, дыбыс және сурет), хабарлар көшірмелер болып қала береді және шетелдік аналогтармен салыстыруға ұшырайды. Сонымен қатар, шетелдік сериалдардың наразылығын әне молшылығын тудырады, ал бұл кезде қазақстандық сериалдар өте аз.

Осыған байланысты, БАҚ тұгастай стратегиялық көрінісін, олардың тұжырымдамалық мақсаттары мен міндеттерін мақсаттық (жастық) аудиторияларды ескеріп қайта қаруға, қазақстандықтардың өз өмірлерінің шынайы тарихына негізделген заманауи медиа мәдениетін құруға шешім қабылданды

Тәуелсіздіктің 25 жылы ішінде елдің өз танымал тұлғалары пайда болды. Бұл спортта жоғары нәтижелерге қол жеткізген және ғылым, бизнес саласында маңызды жаңалықтар жасаған, өнердегі көрнекті өнер туындыларын жасаған, өмірдің басқа салаларында жоғары нәтижелерге жеткен адамдар.

Қазақстанның әр табысының тарихы – бұл ең алдымен, әрбір жеке адам табысының тарихы. Ел азаматтарының зор дene және интеллектуалдық еңбегі өз күш-жігеріне сенімділік ұялатуға, өзінің жеке мәнділігін, және қойылған мақсаттарға жету қабілетін арттыруға бейімделген.

### **Тұжырымдаманы әзірлеу**

«Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасының басқа да арнайы жобалары тәрізді жобалық басқару негізінде жүзеге асырылады.

Жобаның негізгі жұмыс органы Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникация министрлігі Қазақстан халқы Ассамблеясының Хатшылығымен бірлесіп құрған Басқару кеңесі болып табылады.

«Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасының өзекті құндылығы, «бейімдеушілігі» немесе «икемділігі» (ағылшын. «djustability») болды, ол өз кезегінде қоғаммен тығыз байланысты, жобаны іске асыру барысында түзетулер енгізу мүмкіндігін қамтамасыз етті.

Сонымен, «халықтан – ұйымдастырушыға» идеясына ең жоғары жақындықты қамтамасыз ету мақсатында, көрнекті қоғам және саяси қайраткерлер, шығармашылық және ғылыми зиялды қауым өкілдері, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен Сенатының депутаттары, мемлекеттік және бизнес құрылымдардың өкілдері арасынан жұмыс тобы құрылды.

2017 жылғы 12 мамырда Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары Д.К. Мыңбай мен Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникация министрі Д.А. Абаевтың төрағалық етуімен «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасын іске асыру жөнінде жұмыс тобының отырысы өткізілді. Оттырыс барысында, жұмыс тобының мүшелері жобаның ұсынылған негізгі мақсаттары мен міндеттерін, сондай-ақ жұмыс кестесі мен механизмін талқылады.

Жобаның мақсаты – басқарушылық қызметтің жетілген құралдарының бірі болып табылатын SMART мақсатты тұжырымдау қағидасына сәйкес құру. Осылайша, уақыт шеңберлерін (Time bounded) айқын белгілеген нақтылық (Specific), өлшемділік (Measurable), қол жеткізушілік (Achievable) және релеванттық (Relevant) қамтамасыз етілді.

Отырыстың қорытындысы бойынша, жобаның мақсатын бекітүге қатысты шешім қабылданды: 2019 жылға дейінгі тәуелсіздік алған жылдар ішінде қазіргі Қазақстанның дамуына айтарлықтай үлес қосқан табыстылық идеясына, меритократия қағидаларына, бәсекеге қабілеттілігіне, білім үстемдігі мен прагматизмге негізделген, 100 нақты адамның оң бейнелерін жария және ақпараттық танымал ету.

Мақсатты айқындау, сондай-ақ жобаға қатысу үшін критерийлер туралы пікірталас жұмыс топтарының шегінен әлдеқайда тыс қоғамдық резонансты белсенділендіруге әкелді. Сонымен, аймактарда жоғары оку орындарының жанында ғылыми және шығармашылық зиялдардың қатысуымен бірқатар іс-шаралар, сондай-ақ қоғамдық ұйымдар көшбасшыларының қатысуымен «Орталық коммуникациялар қызметі» РМБ жанындағы «SarapTime» сараптама клубы мүшелерінің қатысқан «дөңгелек үстел» өткізілді.

Дөңгелек үстел барысында жобаны іске асырудың егжей-тегжейлері, іріктеу механизмі мен критерийлері, сондай-ақ жобага қосылуға лайық жекелеген сәттіліктер тарихы талқыланды.

Сонымен, қоғамдық пікірталастардың қорытындысы бойынша, айрықша критерийлерді өзірлеу емес, ал беделді қоғамдық және ғылыми қайраткерлердің, Қазақстан халқы Ассамблеясы, саяси партиялар, үкіметтік емес ұйымдар өкілдерінің, жетекші сарапшылар мен мамандардың арасынан жобаның негізгі мақсаттары мен міндеттері үшін үміткерлердің тәуелсіз сараптамалық бағалауын жүзеге асыру үшін сараптамалық топ құру ұсынылды.

Сонымен бірге үміткерлерді іріктеу үшін параметрлер белгіленді:

Біріншіден, салалар айқындалды: қоғамдық саясат, бизнес және қаржы, білім беру, ғылым мен техника, денсаулық сақтау, мәдениет, өнер және спорт, әскери істер және құқық тәртібін қорғау, азаматтық жауапкершілік пен патриотизмнің жоғары үлгісін таныту.

Екіншіден, бұл үміткерлердің жалпы санының аймақтық, этникалық, гендерлік әртүрлілігі.

Үшіншіден, ел дамуына қосқан үлесі, табыс тарихының айқындылығы мен бірегейлігі. Осының арқасында «қазақстандық арманының» жаңа бейнесі пайда болады.

Төртіншіден, хронологиялық шенбері – Қазақстан Тәуелсіздігі кезеңі.

Бұл параметрлер критерийлердің тіпті ең әмбебап жиынтығы, бірегей жағдайларды ескермesten іріктеуді шектеуді мүмкін екенін ескере отырып таңдалды. Критерийлердің шамадан тыыс тәптіштелуі қоғамның жобаның талаптарын қабылдау жеңілдігіне зиян келтіруі мүмкін. Осымен бірге, осындай тар өлшемді критерийлерді жарияланған ғылыми мақалалар саны, сәтті медициналық олперациялар саны немесе жеңіп алған спорттық атақтар ретінде белгілеу, қоғам тараپынан жобага қызығушылықтың жоғалтуына әкелуі мүмкін, өйткені бұл белгілі үміктерлерді автоматты түрде фавориттар, ал басқаларын әдейі артта қалғандар етіп қояр еді.

Айта кетерлігі, қызмет саласына бөліну еш уақытта қарастырылатын секторларды шектемейді, ал іріктеудің жан-жақты сипатын белгілеуді ғана мақсат еткен. Қазақстан Республикасы азаматының абсолютті кез-келген қоғамдық-пайдалы қызметі оның кандидатурасын қосу үшін негіз бола алады.

Сонымен қатар, өнірлік, этникалық және гендерлік әртүрліліктің сандық баламасы болмады. Талқылаушы қоғамның бір бөлігі

әрбір аймақ немесе этникалық топ 100 жаңа есім арасынан белгілі «квота» иеленуі тиіс болса да, «әртүрлілікті» қамтамасыз ету ұсыныстардың бәсекеге қабілеттілігі негізінде жасалуы керек деген шешім қабылданды. Басқаша айтқанда, «100 жаңа есімдегі» орын этникалық, аймақтық немесе гендерлік тәрізді орнықты квоталармен анықталмауы керек, ал халық пен елдің дамуына қосқан үлестері, табыс тарихының жарқындығы мен бірегейлігі бойынша сайлануы керек. Құрамдардың тепе-тендігіне үміткерлердің жалпы саны бойынша өтінім беру кезеңінде қол жеткізуге болады.

Сонымен қатар, Қазақстанның тәуелсіздігі кезеңіндегі сәттілік тарихының хронологиялық шеңберлерін шектеу «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасының атауына байланысты болды, бұл өз кезегінде қазірде кең тұлғалар қоғамында белгісіз таңдауды алдын ала белгіледі. Бұл шешім бірқатар себептерге байланысты: 1) белгілі тұлғалар сәттілігінің тарихы бүкіл елге таныс, мысалы, бокстан әлем чемпионы Г. Головкиннің тарихы бірнеше жылдар бойы жастарды шабыттандырады; 2) танымал және белгілі тұлғалар әлдеқашан ұқсас тізімдерге енгізілген, мысалы, «Нұр Отан» партиясының 50 тұлғасы» және т.б.; 3) «100 жаңа есім» жобасының миссиясы – бұл телевизиялық суретте немесе ірі басылымдардың алғашқы беттеріне қарағанда, Қазақстанда дарынды және бірегей тұлғалардың анағұрлым көп екендігін халыққа көрсету.

### **Әрекеттер алгоритмі**

Негізгі мақсаттар мен параметрлер анықталғаннан кейін, жұмыс тобының хатшылығы «Қазақстандағы 100 жаңа есімнің» тізімін құру бойынша жұмыс алгоритмін әзірледі. Атап айтқанда, бұл механизм келесі кезеңдерді қамтиды:

*Бірінші кезең. Өтініштер жинау.*

Халықтың кең ауқымын тарту, сондай-ақ жобаға барлық қазақстанның таралғаннан кейін көрсетілгенде 100 жаңа есімнің тізімін құру бойынша жұмыс алгоритмін әзірледі. Атап айтқанда, бұл механизм келесі кезеңдерді қамтиды:

Халықтың кең ауқымын тарту, сондай-ақ жобаға барлық қазақстанның таралғаннан кейін көрсетілгенде 100 жаңа есімнің тізімін құру бойынша жұмыс алгоритмін әзірледі. Атап айтқанда, бұл механизм келесі кезеңдерді қамтиды:

Сондай-ақ, орталық деңгейде «Қазақстандағы 100 жаңа есім» тізімін құру кестесіне сәйкес, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардан, қоғамдық үйімдардан, сондай-ақ басқа да үкіметтік емес қауымдастықтардан өтініштер жиналды.

Стилистикалық өндеуден кейін, жоба үміткерлері сауалнамасының баяндалған ақпараты стилистикалық өндеуге жайғастыра отырып, жоба үміткерлері сауалнамасының ақпараты қоғам мен сараптама тобының қарап шығуы үшін «100esim.el.kz» порталында орналастырылды.

Сонымен қатар, «Бюро 100» бастамашыл қоғамдық тобына қолдау көрсетілді, олар жобаны әлеуметтік желілерде және «оффлайн» ілгерілетуімен айналысты. Атап айтқанда, «Бюро 100», «Қазақстанның жаңа тұлғалары» 10 сериялы деректі фильмді түсірумен айналысатын «Астана» телеарнасымен бірлесе отырып [6] жобаны аймақтарда ілгерілету жөнінде бірқатар іс-шараларды жүргізді, «Экспедиция 100 жаңа есімді іздеуде» Ерейментау, Павлодарға және Батыс Қазақстан облысына барды [7].

Жобаға қатысуға халықтың ауқымды тобын тарту мақсатында, медиа науқаны ұйымдастырылды. Сонымен, ақпараттық сүйемелдеуге ұлттық және аймақтық телеарналардың, газеттер, сондай-ақ өтініш беру процесін түсіндіру, үміткерлерді іріктеу критерийлеріне, жұмыс және сараптамалық топтардың отырыстарына, жоба үміткерлерінің өмірбаяндарына қатысты материалдар жарияланған интернет-ресурстар белсенді қатысты.

Атап айтқанда, жұмыс және сараптамалық топтар мүшелерінің кездесуі ұйымдастырылды. «Хабар» телеарнасының эфирінде «Давайте говорить» бағдарламасында жұмыс тобының мүшелері Е. Кочетовтың, «Qazaqstan» телеарнасының эфирінде саясаттану ғылымдарының докторы Н. Калашникованың сұхбаттары шықты, оның барысында Қазақстанның «100 жаңа есім» жобасына елдің ғылыми саласын дамытуға үлес қосқан адамдар да енгізілуі тиіс екендігі аталды. «Бетпе бет» («Хабар») бағдарламасында ««100 жаңа есім» жобасының сараптамалық тобының мүшесі А. Садуақасова жобаны жүзеге асыру үшін құрылған сайт және осы жобаның жұмыс қағидалары туралы әңгімеледі.

«Егемен Қазақстан» газетінде «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасын жүзеге асыру туралы және бұл жобаға кіруге лайық болатын үміткерлер туралы үнемі хабарланды.

Интернет-ресурстарда жұмыс тобының мүшесі А. Саинның «Zakon.kz»-гі, П. Казанцевтің Қазинформ порталындағы, А. Божаковтың «365info.kz» сұхбаттары шықты. Informburo.kz порталы, bnews.kz порталдарында, сондай-ақ «Қазконтент» АҚ-ның интернет-ресурстарында үміткерлерді іріктеу процесі мен критерийлері,

жұмыс және сараптамалық топтардың отырыстары туралы материалдар тұрақты негізде жарияланды.

Мәселен, 2017 жылдың 14 шілдесінен бастап 29 қыркүйегі аралығында ақпараттық кеңістікте 934 материал жарияланған. Олардың ішінде республикалық телеарналарда – 64 сюжет, республикалық баспа басылымдарында – 85 мақала, интернет-ресурстарда – 255 материал, және аймақтық БАҚ-тарда – 530 материал (телеарналар – 188 сюжет, газеттер – 342 жарияланымдар) бар. Әлеуметтік медиада «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы бойынша 451 мазмұнды жазбалар табылды.

*Екінші кезең. Жобага өтінімдерді іріктеу.*

Көптеген өтініштер санына және барлық үміткерлердің жалпы көпшілік дауыс беруіне қатысуының орынсыздығына байланысты алынған өтінімдер модерацияның 3 кезеңінен өтті: ақпарат алаңындағы қоғамдық модерация, сараптамалық бағалау және өтініште көрсетілген деректердің дұрыстығын тексеру.

Осылайша, сараптамалық топ шілде, тамыз және қыркүйек айларының сонында сәйкесінше қатысуышылардың аралық пулдарын қалыптастыру үшін жұмыс тобының хатшылығына әр айдың 24-ші күнінде (шілдеден қыркүйекке дейін) сараптамалық бағалау туралы есептерді жіберді.

Өтініштерді қабылдаудың сонында – 15 қыркүйекте «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасының 2112 кандидатуралары жиналды. Қалыптасқан аралық пулдар 2017 жылдың 29 қыркүйегінде өткен кездесуде жобаның жұмыс тобы мүшелерінің қарашуына берілді.


*Үшінші кезең. 100esim.el.kz порталында дауыс беру.*

Сараптамалық және жұмыс топтары таңдаған кандидатуралар 2017 жылғы 18 қазаннан 10 қарашаға дейін көпшілік дауыс беруге қатысу үшін «100esim.el.kz» веб-сайтына жіберілді.

Дауыс беруге қызмет салаларына сәйкес 6 санат бойынша 302 үміткер ұсынылды: ғылым – 45 адам, спорт – 42 адам, қоғам – 85 адам, медицина – 46 адам, мәдениет – 37 адам және бизнес – 47 адам. Сонымен қатар дауыс беруге барлық өнірлер, Астана және Алматы қалалары ұсынылды.

Дауыс беру қорытындысы бойынша 340 мыңнан астам қазақстандықтар өздерінің таңдаулылары үшін 1 миллион 376 мың дауыс берді. Жалпыхалықтық онлайн дауыс беру «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасының 102 жеңімпазын анықтады.

## «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы үміткерлөрі өтінімдерінің негізгі жылжу кезеңдері



Атап айтқанда, жеңімпаздар тізіміне енгізілді: 75% ерлер, 25% әйелдер; 8 – Ақмола облысының: 5 – Ақтөбе, 5 – Алматы, 2 – Атырау, 11 – Шығыс Қазақстанстан, 8 – Жамбыл, 3 – Батыс Қазақстан, 6 – Қарағанды, 3 – Қостанай, 4 – Қызылорда, 2 – Манғыстау, 5 – Павлодар, 8 – Солтүстік Қазақстан, 5 – Оңтүстік Қазақстан, 19 – Алматы қ., 8 – Астана қ. өкілдері.

Сонымен қатар, «Қазақстандағы 100 жаңа есім» тізіміне келесі ұлт өкілдері кірді: қазақтар (74%), орыстар (13%), немістер (2%), украиндар (2%), белорустар (2%), үйғырлар (2%), кәрістер (2%), армяндар (1%), ингуш (1%), еврейлер (1%).

Сонымен қатар, қызмет саласы бойынша: ғылым – 18 адам, спорт – 13 адам, қоғам – 30 адам, медицина – 18 адам, мәдениет – 10, бизнес – 13 адам.

2017 жылғы 1 желтоқсанда Мемлекет басшысы Жобаның қатысуышыларымен кездесу өткізді, оның аясында әртүрлі қызмет салаларының өкілдері сөз сөйлемеді: «Мәдениет», «Ғылым», «Медицина», «Бизнес», «Қоғам», сондай-ақ 2018 жылғы Қысқы Олимпиадаға біліктілік турында болған конъюкимен жүргіру бойынша әлем чемпионы Денис Кузиннің бейнежолдауы ұйымдастырылды.

Кездесудің арқауы жоба қатысуышыларының ел дамуына қосқан жеке үлесі туралы қысқаша әңгімелер форматында сәттілік тарихтарын таныстыру болды. Негізгі месседж осы жетістіктердің

барлығы тәуелсіз Қазақстанның қалыптасқан кезеңінде туындаған жағдайлардың арқасында мүмкін болғандығының фактісі болды.

### Брендинг

Қоғамдық бұқараны өте кеңінен тарту үшін іріктеу мен жағдай жасаудың осындай ұзақ және көп сатылыш процесін жүзеге асыру қоғамның заманауи конъюнктурасының талабымен, сондай-ақ брендингтің ең озық әдістеріне сәйкес болу қажеттілігімен түсіндірледі.

Төменде әлемнің ең табысты маркетингтік агенттіктерімен [8] пайдаланылатын брендингтің бірқатар әдістемелік сипаттамалары «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасының қол жеткізілген және жоспарланған міндеттерін салыстыру арқылы берілген.

№	Табысты брендинг сипаттамасы	«Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасымен табысты брендингтің сипаттамаларына қол жеткізуідің қамтамасыз ету
1	Брендтің түпнұсқалылығы	✓ «100esim.el.kz» бірыңғай порталын құру - қоғамдық пікір көшбасшылары мен мемлекет қайраткерлерінің сөйлеген сөздерін ақпараттық жариялау, - еліміздің басты көшелерінде және ведомствоның ресми сайттарында көрнекі өнімдерді орналастыру
2	Жобаға сену	✓ қатысушылардың сауалнама деректерін тексеру және оларды «100esim.el.kz» порталында үақытылы орналастыру; сауалнама жинау, іріктеу және дауыс беру тәртібінің ашықтығы; қоғамның онлайн-дауыс беруге белсенді қатысуы; жобаның женімпаздары арасында ел дамуына елеулі үлес қосқан «қарапайым» азаматтардың болуы
3	Сенімділік және тұрақтылықпен ұқсастыру	✓ Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Рухани Жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасы аясында жобаны бастамалауы
4	Мақсатты аудиторияның идеологиялық бағытын сәйкестендіру	✓ қоғамдық онлайн дауыс беру алдында қоғамдық сананы жаңғырту мақсаттарына сәйкестік үшін сараптамалық және жұмыс тобының қатысушыларын алдын-ала іріктеу
5	Мәдени айырмашылықтарға назар аудару және / немесе толеранттылық	✓ қатысушылардың этникалық, аймақтық және гендерлік құрамы бойынша қанағаттанарлық нәтижелерге қол жеткізу
6	Ілгері жылжыған құндылықтардың дәйектілігі	✓ жоба қатысушыларының таңдалған «табыс тарихын» жіктеу; қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасының құндылық бағдарларына сәйкес алға қойылған месседждерді қалыптастыру; медиа өнімдерінің стилі, форматын, мақсатты бағдарларын және беделдік іс-шараларын анықтау

7	Адамдармен интеллектуалды және эмоциялық жақындығы, эмоционалдық резонанс тудыру қабілеті	◆ эмоционалды байланыс орнату және қоғамның заманауи интеллектуалды дамуына сәйкестендіру мақсатында жоспарланған медиа-өнімдердің синопсисі, сценарийлерді көсібі өңдеу
8	Тұтынушылардың көзбек-көз, ауызша, дыбыстық, сенсорлық қатысусы	◆ жүргізілетін іс-шаралар форматтарының жоспарланған құндылықтарды ілгерілетуге сәйкестігі
9	Қауіпсіздікті сақтау немесе тілектерді қанағаттандыруға бағытталу	◆ жобаның қатысушылары жүзеге асыратын қоғамдық пайдалы ғылыми әзірлемелерді жариялауды жинастыру, қоғамның қолданыстағы негіздерін нығайтуғ, жастармен көсібі тәжірибелі тарату
10	Жалпы қабылданған өмірлік стильді ұсыну	◆ қоғамдық сананы жаңғыртудың мақсаттары мен міндеттері интегративтік болып табылады және ҚР әрбір азаматының барлық стратегиялық бағыттарын дамытуға теңдестірілген көзқарасы кезінде қол жеткізуге болатыны туралы фактіні хабарлау

### Жобаны әрі қарай іске асыру

Осы кезеңде 2018-2019 жж. арналған жобаны одан әрі іске асыру үшін жол картасы әзірленді, ол халықты белсенді түрде тарта отырып, түрлі имидждік іс-шаралардың тұтас кешенін жүргізуді болжайтын «Generation 100» ақпараттық кампаниясын қамтиды.

Осылайша, телевизия және Интернет желісінде орналастыру үшін жүз жаңа есімнің жетістіктері туралы қысқаметражды деректі фильмдер циклін құру жоспарланып отыр.

Жүйелі негізде мектеп окушылары, ЖОО студенттері, мүмкіндігі шектеулі адамдар және жетім-балалармен уәждемелік кездесулер мен тақырыптық әңгімелер өткізіледі. Сондай-ақ еліміздің алдыңғы қатарлы ЖОО алаңдарында ғылым, медицина, инновация, мәдениет және өнер саласындағы бірегей тәжірибелі беру үшін жаппай лекторийлар үйімдастыру көзделген. Сонымен қатар, мәдениет өкілдері және қазақстан эстрада жүлдіздарының арасынан жоба женімпаздарының қатысуымен концерт үйімдастыру жоспарланып отыр.

Ең ірі «якорлық іс-шаралардің» бірі 2018 жылдың маусым-шілде айларында «Бурабай» курорттық аймағында өткізу жоспарланған «Generation 100» жазғы лагері болуға бейімделген. Лагерь «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасының женімпаздарын ғана емес, сондай-ақ еліміздің ең озық жастарын – Қазақстан қоғамының ұлттық сана-сезімін жаңғыртудың авангардын біріктіреді. Алаң қатысушыларға өз жобаларын таныстыруға, идеялармен алмасуға, байланыстар орнатуға, сондай-ақ одан әрі дамытуға ынталандыруға мүмкіндік береді.

\*\*\*

Қорытындылай келе, «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасының іске асу барысы, белгілі жобаларды жүзеге асыру кезінде Қазақстан өте қарапайым постулаттарды ұстанып, қоғаммен сенімгерлік коммуникативтік байланыс жасауды ұсынтындығының квантессенциясы болып табылады.

Біріншіден, қоғамды аландататын өзекті және жасырын мәселелерін терең зерттеу, сондай-ақ осындай мәселелерді шешудегі халықаралық тәжірибе. Бұл жағдайда әлеуметтік саулнама пайдаланылды, бірақ неғұрлым кешенді міндеттерді немесе халықаралық проблемаларды зерттеу үшін тиісті құралдар қажет.

Екіншіден, сараптамалық қоғамның іске асыру жөніндегі ұсыныстар үдерісіне, сондай-ақ үлкен топтардың талқылау үшін барлық медиалық аландарды пайдаланып, шешім қабылдау үдерісіне қатысуға белсенді тартылуы.

Үшіншіден, кезең-кезеңмен жүзеге асыру және орындылығы мен халықтың еркін ескере отырып өзгерістер енгізу мүмкіндігі.

Төртіншіден, қоғам мен технологияны дамытудағы қазіргі үрдістерді, нақты жағдайлардың ерекшелігін және мақсатты тұжырымдауды есепке алу.

### **ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. M.P.Todaro., S.C.Smith. Economic Development Twelfth Edition // Pearson United Kingdom. 2014. 892p.
2. BBC 100 Greatest Britons URL: [http://www.bbc.co.uk/pressoffice/pressreleases/stories/2002/10\\_october/19/great\\_britons.shtml](http://www.bbc.co.uk/pressoffice/pressreleases/stories/2002/10_october/19/great_britons.shtml)
3. US Chamber of Commerce Foundation, The Citizens Awards URL: <https://www.uschamberfoundation.org/citizens-awards-1>
4. Министерство информации и коммуникаций РК, Социологический опрос: Уровень востребованности потребителями отечественной информационной продукции URL: <http://mic.gov.kz/ru/kategorii/tekushchaya-deyatelnost>
5. Министерство информации и коммуникаций РК, Социологический опрос: Уровень удовлетворенности населения освещением государственной политики в СМИ URL: <http://mic.gov.kz/ru/kategorii/tekushchaya-deyatelnost>
6. Телеканал «Астана», Новые лица Казахстана URL: <http://www.astanatv.kz/program/index/id/923.html>
7. АО Казконтент. Проект '100 новых лиц' набирает обороты URL: <http://kzcontent.kz/index.php/novosti/133-proekt-100-novykh-lits-nabiraet-oboroty>
8. J.Cayla, E.J.Arnould, Cultural Approach to Branding in the Global Marketplace // Journal of International Marketing, Vol.16, No.4, 2008, pp. 86-112

FTAMP  
13.01.29

**Андрей Хазбулатов**

*Қазақ гылыми-зерттеу мәдениет институтының  
бас директоры, PhD*

**РУХАНИ ЖАНҚЫРУ**

**ФОРМАТЫНДАҒЫ МӘДЕНИЕТ**

**Аңдатпа.** Қазақстан тарихи мәні бар, археологиялық объектілердің мәдени кең ауқымына ие. Жаңа әлемдік трендтер жағдайында цифрлық инновация арқылы сапалы мәдени құндылықтарды енгізу, сактау және тарату және халықта мәдени объектілердің қол жетімділігін қамтамасыз ету ерекше мәнге ие болады. Аталған мақала «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Қазақстанның мәдени мұрасын цифрландыру бойынша аралық нәтижелермен таныстыруға бағытталған.

**Түйін сөздер:** Рухани жаңғыру, Қасиетті география, мәдени мұра, архиологиялық объектілер, қогамдық сананы жаңғырту, e-culture, виртуалды карта.

---

Андрей Хазбулатов

**РУХАНИ ЖАНҚЫРУ ФОРМАТЫНДАҒЫ МӘДЕНИЕТ**

**Аннотация.** Казахстан обладает широким массивом культурных, археологических объектов, имеющих историческое значение. В условиях новых мировых трендов особое значение приобретает сохранение и трансляция качественных культурных ценностей посредством внедрения цифровых инноваций и обеспечения доступа населения к культурным объектам. Данная статья направлена на ознакомление с промежуточными результатами по цифровизации культурного наследия Казахстана в рамках программы модернизации общественного сознания «Рухани жаңғыру».

**Ключевые слова:** Рухани жаңғыру, Сакральная география, культурное наследие, археологические объекты, модернизация общественного сознания, e-culture, виртуальная карта.

**Andrey Khazbulatov**

## CULTURE FOR MODERNIZATION OF PUBLIC CONSCIOUSNESS

**Abstract.** Kazakhstan has a wide array of the sites of cultural, archaeological and historical importance. Given the new trends throughout the world, the preservation and translation of cultural artifacts of high quality and cultural value via the use of digital technology is especially important as well as better accessibility of cultural cities and artifacts for the general public. This article discusses the intermediate outcomes of the digitization of the cultural heritage of Kazakhstan that has been implemented within the framework of the "Ruhani Zhanghyru" program of modernization of public consciousness.

**Key words:** “Ruhani Zhanghyru”, “Sacred Geography”, cultural heritage, archaeological sites, modernization of public consciousness, e-culture, virtual map.

### Кіріспе

Қазақстан Республикасының көп мәдениетті қоғамын біріктірудің негізінде күшті және жауапты адамдардың ұлт бірлігі рухына сүйенетін идеясы жатыр.

Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт Көшбасшысы Н.А. Назарбаевтың ұстанымы осындей, еліміздің ғылыми және шығармашылық зияялы қауымының азаматтық ұстанымы да осындей.

Қазақстанның Ушінші жаңғыру жағдайында еліміздің мәдениетін және мәдени әлеуетін дамытуға «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу» табысты реформалаудың негізгі құрылым қатарына жататындығы туралы Қазақстан Президенті нақты айтқан болатын. Бұларсыз ешқандай жаңғыру болмайды» [1].

Мемлекеттік деңгейде мұндай мәселені көтеру еліміздің табысты болуының негізгі талаптарының бірі ретінде мәдениеттің даму деңгейі, тиімді жұмыс істейтін мәдени институттар инфрақұрылымы мен тетіктерінің болуын түсіну негізінде жүзеге асады.

Бұл деңгей ұлттық және әлемдік мәдени мұраны сақтауды және байытуды қамтамасыз етеді, сапалы мәдени құндылықтарды

тұтынуды және таратуды, табысты мәдени алмасуды және руханишығармашылық тұлғасын қалыптастырады.

Қоғамдық сананы жаңғыртуды талдай отырып, осы бағыттағы нақты іс-әрекеттерді Президент айқындалап берді. «Рухани жаңғыру» үлттық бағдарламасының қамқорлығымен біріктірілген уақыт талабына жауап беру мүмкіндігіне ие, бірнеше жекелеген жобалар, ҚР мәдениет және спорт министрлігі, ведомстволық бағынысты мекеме болып табылатын Қазақ ғылыми-зерттеу мәдениет институты Президенттің тапсырмаларын орындау бойынша жоспарлы жұмыстар ұйымдастырыды.

Ең үздік салалық жобаларды министрліктер тарапынан қолдау Елбасының бағдарламалық тапсырмаларын орындау бойынша жұмыстарды атқарудың маңызды ұйымдастыру шарты.

### **«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында іске асырылатын жобалар**

Қазақ ғылыми-зерттеу мәдениет институты бірнеше бағыттар бойынша жаңғыртудың ауқымды бағдарламасын іске асыру жұмыстарына белсене кіріспей кетті.

Сонымен бірге, Қазақ ғылыми-зерттеу мәдениет институты үшін «Рухани жаңғыру» бағдарламасының орындалуы Қазақстан Республикасының мәдени саясатының Тұжырымдамасы жобасын дайындаудан бастап соңғы үш-төрт жылға дейін жұмыстардың негұрлым өзекті жалғасуы болып табылатындығын ескеру қажет.

ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен бекітілген Жоба бүгінгі күннен бастап мемлекеттік міндеттерді орындау үшін тұжырымдамалық базаны дайындаады.

Тұжырымдаманың негізгі идеологемасы – өзінің бай мәдени мұрасымен және шығармашылық әлеуетімен Қазақстан Республикасын 30 дамыған елдердің қатарына кіргізу мақсатына ойдағыдай қол жеткізуге Қазақстан халқын бірігүте шақыратын «Мәңгілік Ел» үлттық идеясы, сондай-ақ, еліміздің мәдени мұрасын сақтау және дамыту бойынша жобаларды шығармашылық іске асыру [2].

Демек, Мәдениет институтының барлық жұмысы «Рухани жаңғыру» бағдарламасын орындау бойынша жұмыстарға бағытталған.

**«Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» ішкі бағдарламасын іске асыруға қатысты Қазақ ғылыми-зерттеу мәдениет институтының практикалық іс-әрекеттері бірнеше бағыттар бойынша ұйымдастырылған, олардың ішінде**

археологиялық объектілерді зерттеу және консервациялау, іздеу басымдықта ие болып табылады.

Осыған қатысты 2017 жылғы далалық маусым ерекше маңызды болды. ҚР мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен Қазақ ғылыми-зерттеу мәдениет институтымен орталық, оңтүстік және батыс Қазақстан аумағында он екі археологиялық жоба жүргізілді.

*«Отыrap, Сауран, Мыңтөбе және Құлан қалашықтарына археологиялық зерттеуді»* Қазақстан археологиялық ғылымының корифейі, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылымдар академиясының академигі, Карл Байпаков ондаған жылдар бойы жүргізіп келеді.

Жарты ғасырлық ізденістердің ғылыми негізділігі, қалалық сәулет генезисі процестерін тұжырымдамалық түсіну және масштабы Карл Молдахметұлының тобы өткен жазда жүргізген жұмысына сай келеді.

«Ежелгі және орта ғасырлық урбанизация (Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедицияның зерттеу материалдары бойынша)» тақырыбында жасаған жұмыстарына, ғалымның археология саласына қосқан үлесі үшін 2017 жылғы әл-Фараби атындағы Қазақстан Республикасының ғылым және техника саласындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы берілді.

*«Мәдени мұра бойынша материалдар және зерттеу», «Тарбагатай петроглифтері. Шимайлы».*

Бұл жобалар тарих ғылымдарының докторы, профессор Зейнолла Самашевтың басшылығымен орындалды. Жақында өзінің 70-жылдығын атап өткен бұл ғалымның еңбегі, бүкіл ғылыми әлемге белгілі.

Қазақстанның шығыс өнірлерінде жүргізген оның жоспарлы жұмысы скиф-сақ кезеңіндегі қорған топтарының бірқатарын ашты. Шимайлы жерін зерттеу мақсаты, алтай петроглифтік артефактілерді семантикалық талдау және анықтау, сипаттау.

Ежелгі Қазақстан тарихының барланған және зерттелген объектілерін теориялық тұрғыдан ұғыну Қазақстан Республикасы Президенті Н.А. Назарбаевтың бастамасымен әзірленген мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы дәстүрді жалғастыратын «Мәдени мұра бойынша материалдар және зерттеу» жобасымен жасалған.

Қазақстанның жетекші археологтар монографияларында ауқымды ғылыми-міндет шешіледі: Қазақстан аумағындағы археологиялық жәдігерлер мен ескерткіштерді жинақтау және тұжырымдамалау,

казақ халқының этномәдени генезис ерекшеліктерін оларды қолда бар тәсілмен отандық ғылымға біріктіру.

Далалық маусымда өткен ауқымды археологиялық жұмыстардың қорытындысы (25.11.2017) Мәдениет және спорт Министрлігімен, Қазақ ғылыми-зерттеу мәдениет институты және Мемлекеттік тарихи-мәдени қорығы – «Берел» мұражайымен үйімдастырылған «Ұлы Дала идеялары аясында рухани жанғырудың ежелгі және ортағасырлық тарихының мәселелері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясында талқылау тақырыбына айналды.

### **Қазақстанның мәдени мұрасын цифрландыру**

Алынған деректердің тартымды корпусын одан әрі тарату жөніндегі жұмыс Қазақ ғылыми-зерттеу мәдениет институтымен үш бағытта жүргізіледі.

Біріншіден, ғылым барлық салаларында қабылданған құралдар арқылы ғылыми ортада оларды белсенді тарату жалғасады.

Екіншіден, медиялық деңгейге ғылыми мәліметтерді енгізіп және танымал фильмдер сериялары көмегімен кең көрермендер аудиториясында алынған нәтижелерді түсіндіруді жоспарлаймыз. Бұл бағыт «Рухани жанғыру» бағдарламасының үлкен археологиялық жұмысының нәтижесін біріктіреді және қоғамдық сананы жанғыру олардың негізгі бөлшегін жасайды.


Үшіншіден, жақын келешекте Қазақ ғылыми-зерттеу мәдениет институты бүкіл қазақстандық археологиялық материалдар жиынтығына, зерттеу, осы саладағы жетістіктер мен нәтижелерге бағытталған жалпыға қолжетімді арнайы интернет-портал жасайды. Бұл портал республикада археологиялық қазба жұмыстарын жасауға нәтижеліліктің объективті мониторингі мүмкіндік береді. Цифрлық технологиялар арқылы мәдени материалдық мұраны сақтау саласындағы Қазақ ғылыми-зерттеу мәдениет институтының жұмысы әдістеме материалдарын беру нысаны бойынша қазіргі заманға сай жасау үшін Президент міндеттерін орындауға бағытталған.

Мұражай саласында виртуалды экспонаттау мүмкіндігі табысты қолданылады және мәдени коммуникацияның өзекті тәсіліне айналады. Алайда, біз қойған мақсат, «Цифрлық Қазақстан» ауқымды бағдарламасының компоненті ретінде «e-culture.kz» ақпараттық порталын әлдеқайда кеңірек құру болып отыр.

Жаңа виртуалды порталды құру философиясы: «оның кейбір қасиеттері өзгерген кезде «Мен» ұлттық ішкі ядроны сақтау» ұлт

Көшбасшысының нақты ұстанымын көрсетеді [1]. Жоба мақсаты – Қазақстан Республикасының мәдениет туралы жүйелендірілген ақпарат орналастыру үшін бірынғай платформа құру, елдің мәдени мұрасын танымал ету.

### ЕНГІЗУ ЖОСПАРЫ



Бірынғай электрондық портал Контенті келесі бөлімдерден тұрады:

- Бейнелеу өнері, дизайн және сәулет жарқын туындылардың түрлі кезеңдерінің көрнекі иллюстрациясымен.
- Алтын қор мұрағаттық спектакльдерін, премьералары мен қойылымдарын тікелей көрсетуге бағытталған театр, музыка және хореография өнері (1-сурет).



**1-сурет. Театр, музыка және хореография өнері бөлімі**

- Кинематография – Қазақстанның ұлттық киноколлекцияларын онлайнмен көру

- Мұражайлар мен мұражай-қорықтар – виртуалды экскурсия мүмкіндігімен, құрамында Қазақстанның мұражай жиналыштары каталогтары бар (2, 3 - сурет)



**2-сурет. Астана қ.  
Ұлттық мұражай**



**3-сурет. Алматы қ.  
Қазақ халық музыкалық  
асаптар мұражайы**

- Әдебиет және кітапхана – Қазақстан кітапханаларының бірегей көне басылымдарын, сирек кездесетін кітаптарды, көне қолжазбалар мен манускрипты қоса алғанда, кітаптар және кітапхана материалдары,

- Ішкі және келу туризмі үшін виртуалды туристік карталар
- Қазақстанның қасиетті географиясы - туристтік маршруттармен киелі объектілерін оқшаулау виртуалды картасы.

Осылайша, портал еліміздің бүкіл мәдени өмірін бір танымал ресурста тоғыстыруға мүмкіндік береді және жаһандық желінің кез-келген пайдаланушысы үшін оның контентін қолжетімді етеді.

Қазақ ғылыми-зерттеу мәдениет институтында «Қазақстанның мәдени және туристік тартаымдылығының вертуалдық картасы жалпыхалықтық жобасын жасауды жүзеге асыру» жобасы бойынша жұмыс жүргізілуде. Қазақстан Республикасы Президенті Н.А. Назарбаевтың «100 нақты қадам» (86-қадам) және «Рухани жаңғыру» бағдарламаларын іске асыру сияқты ерекше көрсетілген қолданбалы сипаттамасымен осы өзекті зерттеу жұмыстарын орындау басталып кетті.


Жобаның негізгі мақсаты – Қазақстанның мәдени және туристік тартаымдылығының Қазақстанда алғаш рет виртуалды карталарын жасауға қажетті материалдарды (тариhi деректер, аңыздар, мифтер) қоса беру.

Бес институционалдық реформалар бойынша ұлт жоспарын өңірлік мәдени кластерлерді дамыту жөніндегі басты құрамдас элементтері ретінде тарихи-мәдени мұра объектілерін анықтайды [4].

Демек, аса маңызыды объектілермен көрсетілген виртуалды карталарды жасау бойынша жұмыс біздің еліміздің орасан зор аумағында дамыған мәдени-туристік инфрақұрылымды жүзеге асыруға мүмкіндігін береді.

Қазіргі уақытта туристік сала ҚР Мәдениет және спорт министрлігіне жатады, сондықтан Қазақ ғылыми-зерттеу мәдениет институты салалық мәдениетін дамыту және бірлесіп ілгерілету бойынша экономикалық түрғыда жүзеге асырылмаған бұл құрылымның қызметіне ерекше назар аударады, яғни олар қос бірыңғай мәдениетпен шешіледі [5, 138]. Осы ғылыми бағдарламаның зерттеу тобы экспедициялық бағыттарға мүқият дайындалды: барлық бағыттар бойынша алдын ала объектілер тізімін құру жұмыстары жүргізілді, Қазақстанның барлық өнірлік бағыттарында алынған нәтижелерді тіркеуге мүмкіндік беретін ілеспес құжаттама әзірленді.

Келесі жұмыс кезеңі GPS аспаптарының көмегімен координаттар бойынша жұмыс картасына оларды байланыстыруға және жергілікті жердегі объектілерді картографиялауды қамтиды. Виртуалды карталардың визуалдауын жақсарту мақсатында бейнетурлар арнайы сайтында орналастыруға арналған, айналмалы панорамалық түсіру қолданылады, суретті шерткен соң терезесінде 3D тур ашылады (4-сурет).



**4-сурет. Объектінің орналасқан жерін көрсете отырып, «Табаган» тау шаңғысы курортының 3D туры.**

Басқа мысал ретінде – ерекше қорғалатын табиғи аумақтар бойындағы көптеген табиғи ландшафттар арқылы өтетін Ұлы Жібек жолы солтүстік дала учаскесінің елеуелі әлеуеті (5-сурет).

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, маршруттар, соқпақтар, тұрақтар, қарау алаңдарының орналасқан сыйбаларын, жоспарларын, карталарын шығару «жібек артериясының» қазақстандық учаскесін туризм үшін жергілікті көне көшпенділердің және олардың қазіргі үрпақтарының салт-дәстүрін және түрмисын, тарихын, мен мәдениетін, археологиясын кешенді түрде толық көрсетуге мүмкідік береді.



**5-сурет. Ұлы Жібек жолы солтүстік дала учаскесінің картасы.**

Жүргізілген далалық экспедиция кезеңінде республиканың барлық 16 өңірі зерттелді, 400-ден астам объектілер бойынша географиялық координаталары анықталып, объектілердің фотографиялық суреттері мен сипаттамалары дайындалған. Алдағы уақытта Google іздеу жүйесінде орналастыру жоспарымен және GPS навигациялық аспаптары арқылы барлық тарихи-мәдени объектілер координаттары және ГИС-бағдарламасына оны үйлестірумен қатар,

1:1000000 масштабымен әзірленген картаның векторлық негізі жұмыс қорытындысы болып отыр.

3D форматта мәдени-тарихи объектілердің фотофиксациясы 2018 жылы жұмысты аяқтау кезеңінде әзірлейтін сайтқа енгізіліп, виртуалды картамен біріктірлген.

Аталған жоба «Рухани жаңғыру» – «Цифрлық Қазақстан», «Қасиетті география», «Қазіргі заманғы Қазақстан мәдениеті жаһандық әлемде» үш кіші бағдарламаларға тең дәрежеде жауап береді. Алынған мәліметтерді Қазақстанның қасиетті объектілеріне саяхатшылар және туристер ағынына, мәдени туризм үшін қажетті жағдайлар жасау – олардың арасындағы бастысы қолда бар жекелеген инфрақұрылымдық проблемаларды шешу үшін пайдалануға болады.

«Рухани жаңғыру» ұлттық жобасы бойынша барлық жұмыстардың ойдағыдан аяқталуы осы беделді ұйымның Атқарушы кеңесінің 202-ші сессиясында ЮНЕСКО-ның Штаб-пәтерінде халықаралық қоғамдастық үшін 2017 жылғы қазан айында дайындалған оның ауқымды тұсаукасері болды. Іс-шараның мақсаты – Елбасы Н. А. Назарбаевтың «Болашаққа Бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының мәнін ашу, халықаралық қоғамдастықты қазақ халқының дәстүрлі мәдени мұрасымен және қазіргі казақстандық өнердің ең үздік туындыларымен таныстыру.

ҚР мәдениет және спорт министрлігі мәдениет институтына «Тұған жер», «Қасиетті география», «100 жаңа есім», «100 кітап» кіші бағдарламасы және латын әліпбие өтуді қоса алғанда, әр түрлі іс-шаралар кешенін ұйымдастыруды және өткізу үшін тапсырды.

Қорытынды іс-шара – «Қоғамдық сананы жаңғырту: Нұрсұлтан Назарбаевтың моделі» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы әлемдік ғылыми қоғамдастық тарапынан Президентіміздің ішкі саяси бастамаларына қызығушылық танытылып, назар аударылды. Конференция жұмысына Қазақстан, Ресей, Франция, Германия және басқа да көптеген елдердің беделді ғалымдары қатысты.

\*\*\*

Соңғы онжылдықта Қазақстан мәдениеті әлемдік қауымдастыққа лайықты екенін танытуға мүмкіндік беретін сапалы жана деңгейге өтті.

Бұған, біріншіден, Президент Н.А. Назарбаевтың мәдениет мәселелеріне тұрақты қолдау көрсетуі ықпал етеді. Екіншіден, қазақ халқының мәдениеті мен елімізде тұратын этностардың материалдық артефактілерінің бай қорын және рухани мұрасын қамтыды.

Мәдени мұраны зерделеу және одан әрі жалғастыру, сақтау бойынша өте жауапкершілікпен жүмыс істейтін біздің ғылыми және шығармашылық зиялды қауымның айтарлықтай креативті қоры, әрине ұлттық бірлікті қалыптастырудың және әлеуметтің дүниетанымдық бағдарларын жаңғыртудың қуатты құралы ретінде мәдениет факторын нығайтады.

Мәдениет этникалық дәстүрлер мен ұлттық сана-сезімнің сенімді сақталатын саласы болып табылады. Ежелгі этномәдени коды қазіргі заманғы ғылыми, медиялық және көркем құралдармен қазіргі уақытта өзекті жаңа нысандарды иемденеді.

Замандастың өткенді білуді, болашақ үрпаққа біз туралы білім сыйлай отырып, қазақ халқының мыңжылдық мәдени жады қазіргі заманғы мәдениетте де тұрақты қала береді. Қазақ ғылыми-зерттеу мәдениет институты осы үрдіске белсенді қатысуышы және маңызды мемлекеттік бағдарламалардың бастамашыл акторы ретінде өзін лайықты танытуға дайын.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР:**

- 1 Назарбаев Н.А. Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания / [Электр. ресурс. Режим доступа: <http://www.akorda.kz>. Дата обращ.: 15.02.2018].
- 2 О Концепции культурной политики / Электр. режим доступа: <http://adilet.zan.kz> [Дата обращ. 17.02.2018].
- 3 Мәдениет. Культура. Culture. – 2017, № 1. – 134 с.
- 4 Назарбаев Н.А. План нации – 100 шагов по реализации пяти институциональных реформ. [Электр. ресурс. Режим доступа: <http://www.inform.kz/rus/article/2777943>. Дата обращ.: 20.11.2017].
- 5 Бекбергенов Т. Уникальные объекты Казахстана в виртуальном мире. – Мәдени мұра, 2017, №6 (75). – С. 138-143.

**Жанболат Мелдешов**

*«Халықаралық багдарламалар орталығы» АҚ президенті*

**«БОЛАШАҚ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТИПЕНДИЯСЫ  
ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ АДАМИ КАПИТАЛ САПАСЫН  
АРТТЫРУ ТЕТІГІ РЕТИНДЕ**

*Аңдатпа.* Мақалада «Болашак» халықаралық стипендиясының іске асыру кезеңдері және де түлектерінің жетістіктері мен даму перспективалары қарастырылады.

*Түйін сөздер:* «Болашак» халықаралық стипендиясы, шетелде мамандарды даярлау, стипендиаттар, багдарлама түлектері.

---

**Жанболат Мелдешов**

**МЕЖДУНАРОДНАЯ СТИПЕНДИЯ «БОЛАШАК» КАК  
МЕХАНИЗМ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО  
КАПИТАЛА КАЗАХСТАНЦЕВ**

*Аннотация.* В статье рассматриваются этапы реализации международной стипендии «Болашак», затронуты достижения выпускников и перспективы развития программы.

*Ключевые слова:* международная стипендия «Болашак», подготовка кадров за рубежом, стипендиаты, выпускники программы.

---

**Zhanbolat Meldeshov**

**«BOLASHAK» INTERNATIONAL SCHOLARSHIP TO  
INCREASE QUALITY OF HUMAN CAPITAL OF KAZAKHSTANS**

*Abstract.* This article is focused on the «Bolashak» international scholarship and outlines the main stages of its implementation. The other focus of the author is on the achievements of its alumni. The author also

considers the prospects of the the «Bolashak» international scholarship and its role in the efforts to increase the human capital of Kazakhstan.

**Key words:** «Bolashak» international scholarship, specialist training abroad, scholarship holders, program alumni.

### Стипендияны дамыту сатылары

Елбасы 1993 жылдың 5 қарашасында жариялаған «Болашақ» халықаралық стипендиясы егеменді Қазақстанның маңызды стратегиялық жобаларының бірі болып табылады. Стипендия халықаралық қоғаммен сапалы нарықтық қарым-қатынастар қалыптастыруға қабілетті жаңа форматты адамдар қажет болған ел тәуелсіздігінің алғашқы жылдары басталды. «Болашақ» стипендиясының арқасында ел әлемдік экономикалық және гуманитарлық қоғамға бірігіп, осылайша ұлттық экономикаға ең үздік технологиялар трансферті қамтамасыз етілді.

Бүгінде «Болашақ» – қазақстандық білім берудің табысты бренді. Халықаралық сарапшылар бағдарламаның тиімділігін жоғары бағалайды, өйткені стипендиаттар өздерімен бірге жаңа идеялар мен тәсілдерді алып келе ғана қоймай, кәсіби шеберлер ретінде әлемдік қоғамдастықпен тығыз қарым-қатынас орната алады.

Көптеген қазақстандықтар, әсіресе, халықтың мемлекеттің қолдауысыз әлемнің ең үздік ЖОО-да сапалы білім ала алмайтын әлеуметтік қорғалмаған тобынан (көп балалы отбасылар, ауылдық жерлердегі отбасылар) шыққандар үшін «Болашақ» стипендиясы шынайы әлеуметтік мүмкіндік болды.

Оқыту бағдарламаларының, дайындау бағыттарының және ЖОО географиясының кең спектрлі болуының арқасында «Болашақ» стипендиясы 2014 жылы Британдық кеңес және Германияның Академиялық алмасу қызметі зерттеулерінің қорытындысы бойынша Майамиде өткен (АҚШ) «Going Global» сегізінші халықаралық конференциясында осы сияқты 11 стипендиялардың арасында ең үздік стипендиялық бағдарлама болып танылды.

«Болашақ» стипендиясының халықаралық тәжірибесін Қытай, Польша, Финляндия, Украина сияқты алдыңғы қатарлы елдер әлі де зерттеуде. Ол сондай-ақ Ресейдің «2014–2016 жылдарға арналған ғаламдық білім беру» бағдарламасының және Татарстан Республикасының «Алгарыш» бағдарламасының негізіне алынды.

«Болашақ» бағдарламасы іске асырылған 25 жыл ішінде елдің стратегиялық басымдықтарын негізге ала отырып, бірнеше даму сатысынан өтті (1-кесте).

**Бастапқы жұмыс жасаған 10 жылда (1993–2004 жж.)** стипендия елді халықаралық стандарттарға алып келу мақсатында мамандарды көбіне әлеуметтік – экономикалық салада дайындауга бағытталды. Стипендиаттар АҚШ, Ұлыбритания, Германия және Франция сияқты әлемнің жетекші төрт еліндегі ЖОО-да білім алды. Осы кезеңде берілген 785 стипендиялардың ішінде 35% түлек жоғары және орта буындағы жетекшілерге айналды.

**Келесі даму сатысында (2005–2007 жж.)** стипендияның көлемі (жылына 3 000) және білім алатын елдердің географиясы айтарлықтай ұлғайтылды (13-тен 33-ке дейін). Шығыс бағытында дайындау кеңінен дамытылуда, ЖОО-ның қатарына Қытайдағы, Жапонияның, Оңтүстік Кореяның, Малайзияның және Сингапурдың алдынғы қатарлы университеттері қосылды. Оқыту барысына және стипендиаттардың жұмысқа орналасуына үздіксіз мониторинг жүргізетін Бағдарламаның бірыңғай әкімшісі – «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ (бұдан ері – ХБО) құрылды. Еңбек ету арқылы міндетті өтеу үшін елге оралу міндеттемесін бекітетін шарттық негіз әзірленуде.

**2008–2010 жылдар** бағдарламаның тағы бір маңызды даму кезеңі болды. Дәл осы кезеңде алдын ала тілдік дайындықтан өту үшін мүмкіндік беретін ниет білдірушілердің жеңілдік берілген санаты («ауыл жастары», мемлекеттік қызметкер, «ғылыми-педагогикалық қызметкер»), сондай-ақ 12 айға дейінгі қысқа мерзімдік тағылымдамалар бағдарламалары енгізілді.

**2011–2013 жылдарда** жоғары буын кадрларын (магистрлерді және докторларды) даярлау қажеттілігіне сәйкес бағдарлама шеңберінде бакалаврларды дайындау қыскартылды. Осы кезең мамандарды инженерлік-техникалық, медициналық, педагогикалық және шығармашылық мамандықтар бойынша ауқымды дайындаумен, сондай-ақ экономиканың нақты салалары үшін кадрларды дайындаудың бағдарламалық-мақсаттық нысандарын енгізілуімен ерекшеленді. Ниет білдірушілердің жеңілдік қарастырылған санаттары инженерлік-техникалық және медициналық қызметкерлермен толықтырылды.

**2014–2016 жылдарда** ниет білдірушілерді іріктеу тәсілдері қайта қаралды және «6+6» форматы бойынша (елде – 6 ай, шетелде – 6 ай) тілдік дайындау шектетілді. Жеңілдік қарастырылған санаттарға

қойылатын талаптар IELTS 3.0-тен 5.0-ке дейінгі деңгейде ағылшын тілін менгеруге қатысты кезеңдеп арттырылды. Стипендиаттар білім алатын ЖОО тізімі әлемнің ЖОО-ның топ-200-нен топ-100-не дейін қысқартылды, сонымен қатар ұлттық академиялық рейтингтегі алғашқы 30 позицияға кіретін ЖОО енгізілді. «Мәдениет және БАҚ қызметкерлері», «Докторантураға өз бетінше түскендер» сияқты қосымша женілдік қарастырылған санаттар енгізілді (бағдарлама шеңберінде тілдік дайындық қарастырылған).

**2017–2018 жылдарда** «Болашақ» стипендиясының іске асырылуындағы тәсілдер түжірымдамалық жағынан қайта қаралды. Дипломның орташа баллына (GPA 3,0-тен 3,3-ке), ағылшын тілін менгерудің межелік деңгейіне (IELTS 5.0-тен IELTS 5.5-ке) қойылатын талаптар күштейтілді. Стипендиаттар білім алатын ЖОО-ның тізімі онтайландырылды: әлемдік жалпы университеттік рейтингтер бойынша Топ-70 ЖОО, әлемдік пәндік рейтингтер бойынша Топ-20. 2018 жылдың тізім АҚШ, Ұлыбритания, Германия және Франция сияқты әлемдік білім беру индустрисының көшбасшыларының университеттерімен толықтырылды.

### 1-кесте. «Болашақ» бағдарламасының негізгі даму кезеңдері

Кезең	Негізгі оқиғалар
1993 ж.	✓ Халықаралық «Болашақ» стипендиясының жариялануы
1994–2004 жж.	✓ «Болашақ» стипендиясы әлемнің 13 елінде білім алу үшін 785 қазақстандыққа берілді
2005–2007 жж.	✓ Стипендияның жыл сайынғы берілуі 3 000-ға дейін арттырылды; ✓ Бағдарлама Қазақстан экономикасын индустрисылық-инновациялық дамыту үшін жетілдірілді; ✓ Стипендиаттардың білім алуы мен жұмысқа орналасуына толықтай мониторинг жүргізу процесін қамтамасыз ететін Бағдарламаның бірыңғай әкімшісі – «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ (бұдан әрі – ХБО) күрьылды; ✓ Бес жылдық өтеу үшін Бағдарлама түлектерінің елге қайтып келу міндеттемесін бекітетін шарттық негіз әзірленді;
2008–2010 жж.	✓ Ауыл жастары, мемлекеттік қызметкерлер, ғылыми-педагогикалық қызметкерлер үшін ниет білдірушілердің женілдік қарастырылған санаттары енгізілді; ✓ Ғылыми және педагогикалық қызметкерлер үшін 12 айға дейінгі шетелдік тағылымдамалар бағдарламалары енгізілді

<b>2011–2013 жж.</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ Бакалавриат бағдарламасы алынып тасталды;</li> <li>✓ Кадрларды іріктеу және дайындаудың бағдарламалық нысаналық әдісі енгізілді;</li> <li>✓ Медициналық және инженерлік-техникалық қызыметкерлер үшін тағылымдамалар бағдарламасы енгізілді;</li> <li>✓ 2005 жылдан бастап 2013 ж. дейін «Болашақ» стипендиясы әлемнің 30 еліндегі ең үздік 200 ЖОО-ды білім алу үшін 10 117 қазақстандыққа берілді</li> </ul>
<b>2014–2016 жж.</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ Шет тілін және мемлекеттік тілді меңгеруге қойылатын талаптар IELTS 3.0 –тен 5.0-ке арттырылды;</li> <li>✓ «6+6» форматы бойынша (елде - 6 ай, шетелде- 6 ай) тілдік дайындау шектетілді;</li> <li>✓ Стипендиаттар білім алатын ЖОО тізімі әлемнің ЖОО-ның топ-200-нен топ-100-не дейін қысқартылды;</li> <li>✓ PhD ғылыми кадрларды дайындаудың жаңа жүйесі Split іске қосылды;</li> <li>✓ «Мәдениет және БАҚ қызыметкерлері», «Докторантураса» өз бетінше түскендер», «жалпы байқау» жаңа санаттары енгізілді</li> </ul>
<b>2017–2018 жж.</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ Ниет білдірушілерді іріктеу тәсілдері өзгертілді;</li> <li>✓ Дипломның орташа баллына қойылатын талаптар күштейтілді (GPA 3,0-тен 3,3-ке);</li> <li>✓ Ағылшын тілін менгерудің межелік деңгейіне қойылатын талаптар арттырылды (IELTS 5.0-тен IELTS 5.5-ке);</li> <li>✓ Стипендиаттар білім алатын ЖОО-ның тізімі онтайландырылды: әлемдік жалпы университеттік рейтингтер бойынша топ-70 ЖОО және әлемдік пәннік рейтингтер бойынша топ-20. 2018 жылы тізім әлемдік білім беру индустрисының көшбасшыларының (АҚШ, Ұлыбритания, Германия және Франция) университеттерімен толықтырылды;</li> <li>✓ Стипендияны тағайындау үшін ниет білдірушілерді конкурстық іріктеу тәсіліне өзгерістер енгізілді -конкурс алты турдан тұрды. Тәуелсіз сараптамалық комиссияның құрамы бейіндік сарапшылардан тұратын әр бағыт бойынша қалыптастырылды;</li> <li>✓ «Орталық-өңір» схемасы бойынша еңбек өтілімі үшін сараландырылған тәсіл енгізіліп, өтеу мерзімі Астана және Алматы қалаларындағы 5 жылдың орнына өнірдегі 3 жылға ауыстырылды (өнірлік теңгерімсіздікті қысқарту және өнірлердегі кадрлық ротацияны қамтамасыз ету үшін);</li> <li>✓ Тағылымдамалардан өту үшін қызыметкерлердің жаңа санаттары: «ғылыми қызыметкерлер»; «Астана» халықаралық қаржы орталығын құруға қатысатын сот, прокуратура, қаржы секторының қызыметкерлері», «ақпараттық (кибер) қауіпсіздік саласының қызыметкерлері» санаттары енгізілді.</li> </ul>

Кадрларды дайындау орталық және жергілікті мемлекеттік органдар ұсынатын салалар бөлігінде шетелдік білімі бар мамандарға сұраныс туралы болжамдық деректер негізінде қалыптастырылатын Басым мамандықтар тізбесіне сәйкес жүзеге асырылады. Басымдықты блоктар Ушінші жаңғыртудың және Цифрлық Қазақстанның негізгі бағыттарына сәйкес келеді.

Стипендия тағайындау үшін ниет білдірушілерді конкурсстық іріктеу рәсіміне өзгерістер енгізілді. Конкурс алты турдан тұрады: ниет білдірушілерді әзірленген критерийлерге сәйкес уәждемелік және ұсыным хаттар бойынша алдын ала іріктеу; ниет білдірушілердің шет тілін менгеру деңгейін анықтау; ниет білдірушілердің мемлекеттік тілді менгеру деңгейін анықтау; ниет білдірушілерді қешендейтестілеуден өткізу, оның ішінде психологиялық диагностика, Қазақстан Республикасының Конституциясын және тарихын білуіне тест өткізіледі; Тәуелсіз сараптамалық комиссия мүшелерімен дербес әңгімелесу өткізіліп, онда ниет білдірушілердің қасіби дайындық деңгейі бағаланады, сондай-ақ ҚР Мемлекеттік хатшысының тәрағалық етуімен Қазақстан Республикасының Шетелде кадрларды даярлау жөніндегі республикалық комиссиясының қорытынды материалдарын қарau.

Тәуелсіз сараптамалық комиссия құрамы әр бағыт бойынша бейіндік сарапшылардан құрылды. Анағұрлым объективті бағалауды қамтамасыз ету үшін ниет білдірушілердің аты-жөндеріне код беріледі. Ниет білдірушілердің бейіндік қабілеттері комиссияның үш мүшесінің құпия дауыс беруі арқылы сұрақтар блоктарына қарай бағаланады.

Егер 2017 жылы тағылымдамадан өту үшін тек еki санат қана қаралған болса («ғылыми қызметкерлер» және ««Астана» халықаралық қаржы орталығын құруға қатысатын сот, прокуратура, қаржы секторының қызметкерлері»), 2018 жылы әлеуетті тағылымгерлердің қатары «ақпараттық (кибер) қауіпсіздік саласының қызметкерлері» санатымен толықтырылды».

Сонымен қатар, білім алу елінің оқу және әлеуметтік ортасына неғұрлым жақсы бейімдеу үшін шетелдік оқу орындарына өз бетінше окуға түсken тұлғалар үшін, сондай-ақ «жалпы конкурс» жаңа санаты үшін 2 айлық мерзімдегі магистер алдында дайындау бағдарламасы (pre-masters) енгізілді.


Өңірлік тенгерімсіздікті қыскарту және өңірлердегі кадрлық ротацияны қамтамасыз ету үшін 2017 жылы «орталық-өңір»

схемасы бойынша еңбек өтілімі үшін сараландырылған тәсіл енгізіліп, ондағы өтеу мерзімі Астана және Алматы қалаларындағы 5 жылдың орнына өнірдегі 3 жылға ауыстырылды. Нәтижесінде, өнірлерде еңбек өтілінен өтетін тұлектердің үлесі 3%-ға артты (2016 ж. – 23%, 2017 ж. – 26%).

### **Бағдарлама стипендияттары бойынша статистикалық деректер**

«Болашақ» бағдарламасы іске асырылған 25 жыл ішінде 12 831 стипендия берілді (1- сурет). Оның ішінде, 1994 жылдан бастап 2004 жылға дейінгі алғашқы он жылда 785 стипендия, 2005 - 2017 жж. аралығында – 12 046 стипендия берілді.


**1-сурет. 1994–2017 жылдарда «Болашақ» халықаралық стипендиясының тағайындалуы**



Стипендия жарияланған сәттен бастап 10 мыңнан астам маман дайындалды. Стипендияның стратегиялық серіктестері әлемнің 35 елінің жетекші 200 ЖОО болды.

### **Ағымдағы жағдай**

Қазіргі уақытта 1 209 адам шетелде білім алуда, оның ішінде 14 – бакалавриат, 1 021 – магистратура, 118 – докторантура, 2 – аспирантура бағдарламасы бойынша, 54 – тағылымдама (3- сурет). Стипендияттардың көпшілігі, атап айтқанда 46,2% Ұлыбританияның, 38,5% – АҚШ және Канаданың, 5,2% – континенталдық Еуропа, 9% – Азия және Океания елдерінің, 5% – Ресей Федерациясының ЖОО-да білім алуда (4 - сурет).

**Оқыту стипендиаттары (адам)****3 - сурет. Оқыту бағдарламасының бөлігінде стипендиаттар жөніндегі ақпарат****4 - сурет. Білім алу елдері бөлігінде стипендиаттар жөніндегі ақпарат**

Бұғандегі «Болашақ» халықаралық стипендиясының иегерлері Times Higher Education, QS World University Ranking және Academic Ranking of World Universities халықаралық академиялық рейтингтер бойынша әлемнің ең алдыңғы қатарлы ЖОО-да және ғылыми орталықтарында білім алуша.

Кадрларды дайындау орталық және жергілікті мемлекеттік органдар, ұлттық компаниялар, холдингтер және т.б. ұсынатын жыл

сайынғы нүктелік өтінімдер негізінде қалыптастырылатын Басым мамандықтар тізбесіне сәйкес экономиканың және әлеуметтік саланың басым салалары бойынша жүзеге асырылады.

### **Тұлектердің жетістіктері**

10 мың тұлектің ішінде 5 мыңдан астамын магистрлер, шамамен 3 мыңын – бакалаврлар, 300-ден астамын – PhD докторлары, аспиранттар және интерндер құрайды, сондай-ақ шамамен 1800 – тағылымгерлер бар. Тұлектердің 40% экономиканың нақты секторында, 20% – білім беру және ғылым саласында, 7%-дан астамы – медицина және денсаулық сақтау саласында жұмыс жасайды. Тұлектердің төрттен бірі ірі компаниялардың және мемлекеттік үйімдардың топменеджерлері болып табылады. Болашақтықтардың 555-і мемлекеттік қызметте жұмыс жасайды, олардың ішінде: 2 министр, 4 вице-министр, 1 республикалық маңыздығы қала әкімі, 1 облыс әкімі және 5 облыс әкімнің орынбасарлары, 1 кала әкімі және 1 қала әкімінің орынбасары, 5 аудандық және ауылдық округтердің әкімі және олардың орынбасарлары, 1 Төтенше және өкілетті елші, 1 Еуразиялық экономикалық одақтың экономика және қаржы саясаты жөніндегі министрі, сондай-ақ Парламент Мәжілісінің 2 депутаты бар.

Қолданбалы сипаттағы жүздеген ғылыми әзірлемелер, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениетті дамыту және инжинириング саласындағы 100-ден астам ірі әлеуметтік жобалар Болашақтықтардың еншісінде. Жүрекке 2000-нан астам операциялар жасалып, 1700-ден астам халықаралық емдеу стандарттары мен алгоритмдері енгізілді. Экономиканың жекелеген секторларына шетелдік тәжірибелі жеткізу сандық және сапалық көрсеткіштегі шынайы нәтиже беруде.

Олардың әрқайсының кәсіби тұрғыда іске асқан және экономиканың нақты секторының және әлеуметтік саланың дамуына айтарлықтай үлес қосатын өзіндік табыс жолы бар.

### **Инженерлік-техникалық сала**

Өсімдіктер карантині және оларды қорғау саласындағы бірегей әзірлемелер, Астана маңындағы көшеттердің Жасыл белдеуін сирек кездесетін зиянкес қоңыздан қорғау бойынша ең жаңа технологиялар (К.Төлеубаев, Қазақ Өсімдік Қорғау және Қарантин ғылыми-зерттеу институты).

Одан әрі үлттық компанияларға өнеркәсіптік енгізу мақсатында мобиЛЬДІ роботтарды, сондай-ақ гибридтік мобиЛЬДІ платформаны әзірлеу (А. Шинтемиров, «Назарбаев Университет» ДБҰ).

«Энергия диспетчерлік тарту» автоматтандырылған басқару жүйесі (ЭДТ АБЖ) «Қазақстан Темір жолы» ҮК» АҚ-дағы энергия үнемдеу бойынша ірі жобалардың қатарына енеді (Б. Айтпенбетов, «Hewlett-Packard» ЖШС).

«Павлодар мұнай-химиясы зауыты» ЖШС жанындағы Мұнай коксын өндеу зауыты (А. Недашковский, «Павлодар мұнай-химиясы зауыты» ЖШС).

iDoctor.kz дәрігерлерді іздеу тегін сервисі, оның мақсаты Қазақстандағы медициналық орталықтар және дәрігерлер жөнінде то-лық ақпарат ұсыну арқылы халықты медициналық қызметтер туралы тегін ақпараттандыру болып табылады. Атапмыш жоба 2014 жылы Алматы қ. StartUp үздік жобасы атанип, «Хабар» телеарнасы бойынша ФОРСАЖ Ұлттық Инновациялық бағдарламаның финалисти болды (С.Смаголов, «Tausma Trade» ЖШС директорының орынбасары).

### **Мәдениет және өнер**

25-тен астам спектакль қойылды, дирижерлық репертуар 250-ден астам вокалдық-симфониялық, симфониялық және камералық музыканы және 40-тан асатын опера-балет спектаклін қамтиды (А. Мухитдинов, «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры, «Құрмет» орденімен марапатталған).

Ловро фон Матачич атындағы халықаралық дирижерлер конкурсының жеңімпазы, Хорватия, 2001 ж., Антонио Педротти ат. Халықаралық дирижерлер конкурсының I премиясымен марапатталған, Италия, 2001ж., Дрезденский филармониялық, Неміс симфониялық, Симфониялық оркестр Бирмингема қ., Дж. Верди атындағы Миланский сияқты дүние жүзіне әйгілі оркестрлерде жұмыс жасай отырып, Қазақстан даңқын арттыруда (А. Бурибаев, дирижер, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері).

Әйгілі Милан операсының жас опера әншісі Ла Скала, Гиннесс рекордтар кітабы, 2010 ж., ұлттық орындаушылар конкурсындағы жеңіс, Италия, 2011 ж., әлемнің ең үздік сопраноларының ондығына ену, 2013., Магды Оливеро атындағы халықаралық опера конкурсының З беделді премиясы, Италия, 2012-2013 жж. (М. Мудряк, «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры).

«Болашақ» бағдарламасының ауқымдылығына байланысты әрбір стипендият туралы жеке-дара әңгімелу мүмкін еместігі белгілі. Дегенмен, бір сөзben айттар болсақ, бұл мемлекеттің берік кадрлық құрамын қалыптастыратын және елдің басым міндеттерін шешуге толыққанды атсалысуды көздейтін кәсіби шеберлердің бір үлкен

командасы. Осыны түсіне отырып, «Болашақ» бағдарламасының негізінде әлемнің ең үздік елдерінің тобына ену жолындағы маңызды міндеттерді түсіндіру бойынша «Қазақстан-2050» ауқымды қозғалысы құрылды [2]. Бұл ең алдымен, өнірлерді экономиканың қажеттіліктеріне сәйкес білікті мамандармен қамтамасыз ету және кәсіптік тағылымдамалардан өтуді ұйымдастыру. Басты назарда елдегі тапшы мамандықтар бойынша нысаналы топтар бойынша нақты дайындау. Бұл мәдениет, журналистика, ақпараттық технологиялар салаларына және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықтарды, техникалық және қоғамдық-саяси мамандықтарды, ұлттық қауіпсіздікті реформалауға қатысты. Кадрлық қажеттіліктерді анықтау мемлекеттік органдармен және бейіндік ведомстволармен бірлесіп жүргізіледі. Олардың тікелей қатысуымен «Болашақ» бойынша оқыту үшін басым мамандықтар тізбесі қалыптастырылады.

### **Ғылыми жетістіктері**

Елдің үдемелі индустриялық инновациялық дамуы шеңберінде ҮИИМДБ-ның екінші бесжылдығы үшін мамандарды дайындауға басты назар аударылуының маңызы зор. «Болашақ» желісі бойынша Қазақстандық компаниялармен және Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесе отырып, инженерлік-техникалық кадрлар үшін тағылымдамалар бағдарламалары әзірленді, Онтүстік Кореяда Saekyung Itech Co. LTD, Intespace еуропалық сынақ орталығы және Франциядағы ASTRIUM ғарыштық әзірлемелер компаниясы, GIZ Германияның халықаралық ынтымақтастық қоғами, АҚШ-тағы Aleadership және Hewlett Packard (HP) сияқты шетелдік ұйымдармен серіктестік қалыптастырылды. Тағылымдамалардан өтуге өнірлік кәсіпорындардың бас инженерлері мен технологтары белсенді қатыстырылды.

Идеялар мен жаңашылдықтар трансфертіндегі ұдайы қажеттілік жас ғалымдар үшін де жаңа мүмкіндіктер ашуда. «Болашақ» бағдарламасы бойынша 126 PhD докторлары дайындалды, олар өздерінің алған білімдерін «Назарбаев Университет», «Ұлттық ғылыми кардиохирургия орталығы», «Жер туралы ғылымдар орталығы», «Ұлттық биотехнология орталығы», «Ұлттық медициналық холдинг», «Л.Гумилев атындағы ЕҰУ», «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ», «С. Асфендияров атындағы ҚазҰИУ» және т.б. сияқты елдің жетекші ғылыми орталықтарында табысты қолданып жүр. Бағдарлама түлектері ғылымды көп қажетсінетін және жоғары технологиялық компаниялар белдеуін дамытуға септігін тигізетін

ғылыми орталықтар жанынан инновациялық кластерлер құруға қатысады, күрделі кардиохирургиялық операциялар жасайды.

Сүт безінің обырын емдеу бойынша жаңа тәсілдер әзірленіп, мындаған кеңес берулер өткізіліп, мындаған ананың өмірі құтқарылды (А. Бrimova, Алматы қаласы, Ана мен бала ұлттық ғылыми орталығы).

Акушерлік және гинекология тақырыбы, ана мен бала проблемалары бойынша, оның ішінде жатырдың лейомиомасын емдеудегі жаңа инвазивтік емес әдіс - жатыр миомасының түйіндерін ультра дыбыстық абляциялау саласында 70 зерттеу өткізілді (Д. Максутова, С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті).

Негізгі созылмалы жүқпалы емес аурулардың эпидемиологиялық мониторингінің заманауи жүйесі ендірілді (А. Карабаева, Кардиология және ішкі аурулар ғылыми зерттеу институты).

Операция барысында сейлеу және қозғалыс функцияларын бақылау үшін науқастың сана-сезімі ояу кезінде бас миының ісігін алғып тастау бойынша бірегей операция жасалды (А. Досқалиев, Д. Асфендияров ат. Қазақ ұлттық медицина университеті).

Соз ауруларын анықтау бойынша тест-сақина әзірленді. Жүйе көп таралған соң ауруларын алшақтан анықтауға мүмкіндік береді. Технология NASA және Стэнфорд негізінде тексеруден өтті. Сондай-ақ, тест обырға ұласатын ауруларға да бейімделген. Оның шығарылуы ағымдағы жылға жоспарланған (Д. Мектебаева, «Назарбаев Университет» ДБҰ).

Туберкулез маркерлерін ерте сатысында және қысқа мерзім ішінде анықтауға мүмкіндік беретін оптикалық биосенсер әзірленді (Д. Канаева, «Назарбаев Университет» ДБҰ).

Балалардағы нефроздық синдром мен гломерулонефритті емдеу бойынша 150 зерттеу жүргізіліп, 2 алдын ала патент әзірленді (Б. Абеуова, Караганды мемлекеттік медицина университеті).

### **Бағдарлама табысы**

«Болашақ» бағдарламасының барлық табысы – Стипендияның бірінші және жалғыз әкімшісі – «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ-ның кәсіби деңгейі жоғары кәсіби ұжымының жүйелі жұмысының нәтижесінде жүзеге асты. Қазіргі уақытта Орталық 200-ден астам шетелдік серіктестермен белсенді ынтымақтастықта жұмыс жасайды, оның шетелде 5 өкілдіктері бар: Біріккен Ұлыбритания Корольдігі және Солтүстік Ирландиядағы өкілдік (Лондон қ.),

континенталдық Еуропа елдеріндегі өкілдік (Женева қ.), АҚШ-тағы өкілдік (Вашингтон қ.), Ресей Федерациясындағы өкілдік (Мәскеу қ.) және Азия мен Океаниядағы өкілдік (Шанхай қ.). Тұрақтылық пен тиімді басқару нәтижесінде Орталық Ұлттық бизнес-рейтингтің зерттеу қорытындылары бойынша «Ұзақ мерзімдік активтер. Тенгерім» критерийінде «Сала көшбасшысы – 2015» атағын алды [3].

Болашақтықтардың бастамасымен шетелдегі және елдегі ұлттық идеялардың белсенді жеткізушилері болып табылатын «Қазақстан-2050», «Болашақ» ассоциациясы», «КазАльянс» сияқты қоғамдық және студенттік қозғалыстар құрылды.

Түліктірмен «көрі байланыс» өкімші жанынан құрылған, болашақтықтардың барлық жетістіктері тіркейтін, оларды жұмысқа орналастыру бойынша шараларды қабылдауға, тұлектер арасында түрлі форумдар мен кездесулер өткізуге, сондай-ақ білім беру мекемелерімен, балалар үйлерімен, қарттар үйлерімен және т.б. өзге де білім беру және әлеуметтік маңызы бар іс-шаларды ұйымдастыруға бірлесіп атсалысатын Bolashak Alumni Relations Office (BARO) арқылы қамтамасыз етіледі.

International Education Fair халықаралық білім көрмесі осындағы диалогтың негізгі алаңына айналды. Бұғінгі таңда ол Орта Азиядағы ең ірі білім көрмесі болып табылып, жыл сайын 200 –ден астам шетелдік және қазақстандық университеттер өкілдерінің және 10 000-нан асатын қазақстандық мектеп оқушылары мен студенттердің басын біріктіреді. International Education Fair көрмесінің дәстүрлі қатысушыларынан бөлек, онда халықаралық білім беру саласындағы British Council, DAAD Германияның Академиялық алмасу қызметінен, Campus France, рейтингтік агенттіктерден ірі халықаралық сарапшылар шақыртылады [4].

Көрменің жұмысы барысында Қазақстанның білім беру сегментінің экспорттық әлеуеті мәселесі және қазақстандық университеттердің бәсекеге қабілетті кадрлар даярлаудағы мүмкіндіктері талқыланады. Сонымен қатар, қазақстандық оқушылар және барлық қызығушылық білдірген тұлғалар үшін кең ауқымды рекрутингтік науқан, қазақстандық жоғары оқу орындарының оқытушылар құрамы үшін тренингтер және шеберлік кластары жүргізіледі.

## Қорытынды

«Болашақ» халықаралық стипендиясының 25 жылдығын атап өту қарсаңында Назарбаев Университетінің бір топ ғалымдары

елдің экономикасын дамытудағы «Болашақ» эконометриясына бағалау жүргізді. Әрбір болашақтық өзі еңбек етіп жүрген компанияға қосымша үлесін қосуда. Болашақтықтар еңбек ұжымының белсенді мүшесі ғана емес, өз ұйымындағы тіршілік әрекеттері мен басқару сапасын жақсарту механизмін тынбай зерттеуші. Қазақстандық ұйымдар базасында түрлі ғылыми және эксперименталдық зертханалардың құрылуы бұл жұмыстардың көрсеткіші болып табылады. Назарбаев Университеті ғалымдары да болашақтықтарды Қазақстан экономикасының әр секторындағы өзгерістер мен жаңа тәсілдердің жаршысы деп атады.

Бүгінде болашақтықтар білімді адамның табыстылығының трендін жасады. Сапалы білім, кәсібилілік, тілдерді менгеру біздің тұлектеріміздің бәсекеге қабілеттіліктерінің кепілі болды және саясат, экономика немесе әлеуметтік сала болын қай жағында да олардың аса қажет екенине көз жеткізді.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Jo Beall, Nina Lemmens. The rationale for sponsoring students to undertake international study: an assessment of national student mobility scholarship programmes. – USA, 2014. British Council. URL: [https://www.britishcouncil.org/sites/default/files/outward\\_mobility.pdf](https://www.britishcouncil.org/sites/default/files/outward_mobility.pdf).
2. Н.Назарбаев. Стратегия «Казахстан — 2050». – Астана, 2013. Послание Президента Республики Казахстан - Лидера нации Нурсултана Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства». URL: <https://strategy2050.kz/ru/news/3788>.
3. Новостной портал Newtimes. – Астана, 2015. Задан алгоритм развития системы образования и науки. URL: <https://newtimes.kz/obshchestvo/21882-zadan-algoritm-razvitiya-sistemy-obrazovaniya-i-nauki>.
4. Официальный сайт International Education Fair 2018. – Астана, 2018. Речь Министра образования и науки Е.К.Сагадиева. URL: <http://educationfair.bolashak.gov.kz/ru/o-vystavke/programma-vystavki.html>.

FTAMP

04.21.51

**Анастасия Решетняк**

*Қазақстан Республикасы Президенті жасындағы  
Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының  
ага гылыми қызметкері, Әлеуметтік гылымдар магистрі*

**ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҢҒЫРТУ:  
ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ТӘЖІРИБЕ**

**Аннотация.** Мақалада қоғамдық дамудың жаңартылған тәсілінің теориялық-әдістемелік негіздеріне талдау жасалған. Автор жаңғырту мектебінің эволюциясын сыни түрғыда бағалайды, және осы түрғыда әлеуметтік жаңғыртудың заманауи кезеңінің негізгі ерекшеліктерін, оның тәуекелдері мен перспективаларын айқындайды.

**Түйін сөздер:** жаңғырту, ОШЕ елдері, азиялық жолбарыстар, Қазақстанның дамуы.

---

**Анастасия Решетняк**

**СОЦИАЛЬНАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ: ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ  
ОСНОВЫ И МЕЖДУНАРОДНЫЙ ОПЫТ**

**Аннотация.** В статье проанализированы теоретико-методологические основы модернизационного подхода к общественному развитию. Автор критически оценивает эволюцию школы модернизации, и с этих позиций выделяет ключевые особенности современного этапа социальной модернизации, её рисков и перспектив.

**Ключевые слова:** модернизация, страны ЦВЕ, азиатские тигры, развитие Казахстана.

---

**Anastasia Reshetnyak**

**SOCIAL MODERNIZATION: THEORETICAL FOUNDATIONS  
AND INTERNATIONAL EXPERIENCE**

**Abstract.** The article analyzes the theoretical and methodological foundations of the modernizing approach to the task of social development.

The author critically assesses the evolution of the schools of modernization and, from this standpoint, outlines the key features of the contemporary stage of social modernization as its risks and prospects

**Key words:** modernization, CEE countries, Asian tigers, development of Kazakhstan.

## Кіріспе

Даму мәселесі бүгінде әлемнің барлық елдері үшін көкейкесті мәселеге айналды. Алдыңғы қатарлы батыс елдері либералдық парадигма дағдарыстарына ұшырап жатқанда, Азиядағы, Латын Америкасындағы, Африкадағы қоғамдар өзіндік өзгеру жолдарын іздестіріп, заманауи жағдайларға бейімделу үстінде. Бұл үрдістен Жаңғырту 3.0, Рухани жаңғыру жарияланған Қазақстан да шет қалмады.

Жаңғыру қандай форматта және қандай құралдармен жүргізілмек? Ол қоғамның эволюциялық дамуынан несімен ерекшеленеді?

Мәселенің экономикалық жағын кейінге қалдыра тұрып, жаңғырту тәрізді құбылыста қандай тәсілдердің қолданылғанын, «заманауи қоғамның» стандарттары қандай және өзіндік ерекшелік пен мәдениетті сақтай отырып, алдыңғы қатарлы елдермен және қазіргі әлемнің қоғамдарымен үйлесімділікке жаңа қадам жасауды мақсат еткен мемлекеттер үшін даму мен өркендеудің қандай бағыты анағұрлым табысты және әлеуметті тұрақты болады деген сұрақтарды қарастырайық.

## Жаңғыртудың теориялық-әдістемелік негіздері

Жаңғырту теориясы қоғамдық ғылымдар жүйесіндегі салыстырмалы түрде жаңа бағыт болып табылады. XX ғасырдың 50-60 жж. отарсыздандырудан туындаған әрекет ретінде қоғамдық дамудың эволюциялық (Г. Спенсер, Ф. Тённис, Э. Дюркгейм, Г Мэн) және функционалдық (Т. Парсонс және Э. Шилз) тәсілдері негізінде ол өзіне «үшінші әлем» елдері үшін халықаралық қарым-қатынастардың жаңа жүйесіне бірігу бойынша «рецепт» табуды мақсат етіп қойды [1]. Бүгінгі таңда ол жекелеген мемлекеттер мен қоғамдардың дамуында жаңа үрдістерінің пайда болуымен елеулі өзгерістерді бастан өткеруде.

Дихотомиялық жаңғырту органикалық және бейорганикалық түрге бөлінеді. Кең ауқымды мағынасында (органикалық жаңғырту) бұл Батыс Еуропада және Солтүстік Америкада XVII-XIX ғасырларда дамыған және кейіннен басқа европалық елдерге таралған әлеуметтік, экономикалық және саяси жүйелердің бағытында өзгеру процесі, «дәстүрліден» «заманауи» мемлекетке ауысу. Жаңғырту теориясының негізін қалаушылардың бірі Ш. Эйзенштадт бұл мемлекеттерде орын

алған әлеуметтік өзгерістер (трансформациялар және революциялық күйзелістердің нәтижесінде) қалай болғанда да бұған дейін билік еткен легитимділік символдарымен және институционалдық жүйелермен сабактастықты түбегейлі жоймайды деп жазады [2].

Заманауи қоғамды сипаттайтын және оны дәстүрлі қоғамнан ерекшелейтін жаңа әлеуметтік тәртіп нені білдіреді? «Жаңғыру» термині ұсынылғанға дейін XX ғасырдың бірінші жартысында Ағылшын, Француз және Америка революциясы түбегейлі әсер еткен қоғамдарға тән жаңа әлеуметтік тәртіптің сипаттамалары ұсынылды. Позитивизмнің негізін қалаушы О. Конт оның өзіндік ерекшеліктерінің қатарында мыналарды атап көрсетеді: жұмыс күштерін қалаларға шоғырландыру; пайда табуды мақсат ету; өндірісте ғылым мен техниканы қолдану; иелері мен жалға алынған жұмыскерлер арасында жасырын немесе айқын антагонизмнің туындауы; әлеуметтік теңсіздіктің күшеюі; кәсіпкерлік пен бәсекеге негізделген экономикалық жүйенің қалыптасуы [3]. Осы сипаттамаларға сай қоғам «қарабайыр» қоғамға қарама-қарсы қойылды.

Макс Вебер «Протестанттық этика және капитализм рухы» («Протестантская этика и дух капитализма») атты өзінің классикалық еңбегінде заманауи қоғамның келесідей негізгі сипаттамаларын ұсынады: кенттеу, индустріяландыру, секуляризация, рационализация, дараландыру, демократизация [4]. М. Леви, өз кезегінде, дәстүрлік және жаңғыртылған қоғамның дихотомиялық қарама-қарсылықтарын көңейте отырып, келесі белгілерді атап көрсетеді [5]:

### **1-кесте. Дәстүрлі және заманауи қоғамның белгілілері (М. Леви бойынша)**

	<b>Дәстүрлі қоғам</b>	<b>Заманауи қоғам</b>
Ұйымдарды мамандандыру	Тәмен деңгейде; тіршіліктің компартментализациясы (оқшаулануы)	Жоғары деңгейде
Ұйымдардың өзара тәуелділігі	Тәмен деңгейде (өз-өзіне жеткіліктілік)	Жоғары деңгейде
Өзара қарым-қатынастағы басымдықтар	Дәстүрлер, партикуляризм, функционалдық араласу	Рационализм, функционалдық мамандану
Орталықтандыру	Тәмен деңгейде	Жоғары деңгейде
Ақша алмасу және нарық	Дамымаған	Даму жоғары деңгейде
Бюрократия	Отбасылық байланыстардың, нормалардың басымдығы; непотизм құндылық ретінде	Бюрократияның басқа байланыстардан оқшаулануы
«Қала-ауыл» қатынасы	Өнімдер мен қызметтердің ауылдық жерден қалаға біржақты ағымы	Қала мен ауыл арасында тауарлар мен қызметтердің екі жақты ағымы

Т. Парсонс дәстүрлі және заманауи қоғамның типтік ауыспалы салыстырмалы талдауын енгізе отырып, жаңғырту ұғымын тұжырымдады [6]:

- әлеуметтік қоғамның айқындық деңгейі. Дәстүрлі қоғам бұл жағдайда бір адам бір мезгілде бірнеше рөлдерді орындай алатын диффузиясымен ерекшеленеді; заманауи қоғам мамандануға негізделеді, ауылдық және қалалық қоғам түбегейлі оқшауланады.
- мәртебе негіздемесі. Бірінші жағдайда ол туыстыққа, жынысына және басқа да бастапқы әлеуметтік сипаттамаларына қарай шешіледі, екіншісінде жетістіктерге негізделеді.
- рекруттеу критерийі. Адамның топқа бағдарлануы дәстүрлі қоғамға, ал өзіне бағдарлануы – заманауи қоғамға тән.
- бағалау критерийі. Заманауи қоғам үшін әмбебаптық тән, ал дәстүрліге партикуляризм, әр жағдайды жеке дара қарау тән.
- сезімталдылық мәні. Егер дәстүрлі қоғамда эмоция басым болса, заманауда эмоционалдылық бейтарап, рационалдылық басым болады.

Заманауи қоғамның қалыптасуына үш революция ықпал етті, олар: өнеркәсіптік, демократиялық және білім берудегі революция. Т. Парсонс құрылымдық өзгерістердің қандай процестерінің заманауилыққа өтуді анықтайтынын түсіндіруге тырысты; оларды автор төртке бөледі. Сараландыру (1) – жекедаралық құндылықтарының туындауы, қайталама мәртебелердің басымдығы, жаңа кәсіптердің туындауы, қалалардың дамуы. Бейімділік пен еркіндіктің артуы (2) – даралану рөлі. Адам қоғамдық нормалармен шектелуден алшақтайды. Жаңа нарықтық жағдайларда өзінің мансаптық траекториясын, өмір жолын анағұрлым еркін белгілейді. Интеграция және жаңа әлеуметтік рөлдер (3) – заманауи қоғам анағұрлым серпімді, оның құрылымы анағұрлым күрделі, және оны басқару қыын. Пайда болатын нормативтік бірліктер, Парсонстың пікірінше, социетальды қоғамға үйлесуі тиіс. Бұл ретте барлық қоғам үшін маңызы бар [7] құндылықтарды жалпылау (4) (әмбебаптандыру) қажет.

### **Сын және жаңғырту тәжірибесі**

Жоғарыда көрсетілгендей, жаңғырту мектебі бастапқы қалыптасқан кезеңде жасалған қатаң критерийлер батыстық емес қоғамдардың заманауи мемлекеттер «ортасына» ену мүмкіншілігін айтарлықтай шектеді.

Алайда, кейіннен жаңғырту мектебінің шеңберінде қолданыстағы теория мен шынайылықтың сәйкесіздігіне жауап ретінде пайда болған сынни бағыт қалыптасты: көп елдер мен қоғамдар жаңғырту механизмі туралы түсініктен алшақтады. Атап айтқанда, 1970-ші жылдары марксистік емес парадигма шеңберінде әлем-жүйелік тәсіл пайда болды, ол заманауи әлемді жекелеген қоғамдардың біртұтастығы емес, бірыңғай капиталистік әлем-экономика ретінде қарастырды. Ол құрылымдық жағынан жоғары деңгейде дамыған батыс мемлекеттері жатқызылатын ядродан, социалистік лагерді біріктіретін жартылай перифериядан, және «үшінші әлем» деп аталатын басқа мемлекеттер мен қоғамдарды қамтитын перифериядан тұрды. Осы тұрғыда, периферия елдерінің ядро мемлекеттерінен артта қалуы – бұл екінші елдердің біріншілерді қудалауынан және пайдалануынан туындағы [8]. Ядро, осылайша, перифериясыз бола алмайды. Перифериядан дамыған қоғамдар ресурстар алғып, ол алдыңғы қатарлы мемлекеттердің ілгерілерінің «жанама өнімдерін» пайдаланады.

Тар шеңберлі мағынасында (бейорганикалық) жаңғыртудан қалған елдердің (дәстүрлі қоғамдардың) алдыңғы қатарлы заманауи мемлекеттер деңгейіне дейін «тенесу» процесіне саяды. Бұл мәселенің, әсіресе, «қырғи қабак» соғыс аяқталғаннан кейін маңызы артты. Бұл кезде бірнеше қатар ғалымдар, екінші және үшінші әлем елдерінің әмбебап, әрі жалғыз даму жолы батыстық үлгі бойынша жаңғырту болып табылады деген шешімге келді. Бұл тәсіл америкалық зерттеуші Ф. Фукуяманың «Тарихтың соны және соңғы адам» еңбегінде толықтай ашып көрсетілді, бұнда автор социалистік даму үлгісінің дәрменсіздігі белгілі болған соң, әлем адамзаттың идеологиялық эволюциясының және адами басқарудың акырғы нысаны ретіндегі либералдық демократияны әмбебаптандырудың шегіне жетеді деп пайымдайды [9].

Практика жүзінде, бұл XX ғасырдың 80-90-шы жылдары бұрын социалистік блокта болған Орталық және Шығыс Еуропа мемлекеттерінің еуропалық интеграцияға тартылуымен көрініс алды. 1992 жылғы Маастрихт шартында айтылғандай, «бостандық, демократия, адам құқықтарын және негізгі бостандығын сыйлау қағидаттарын, сондай-ақ құқықтық мемлекет қағидатын» сақтаған кез келген еуропалық мемлекет ЕО мүшесі бола алады [10]. 1993 жылы Копенгаген критерийлері – Еуропалық Одаққа мүшелікке ниет білдірген мемлекеттер орындауы тиіс талаптар қабылданды.

Осы интеграциялық бірлестікке ену туралы келіссөздер тетіктерін іске қосу үшін, ең алдымен, «институционалды тұрақтылық демократиялық және құқықтық мемлекеттік құрылымның, адам құқығын қорғаудың, сондай-ақ азшылықтардың құқықтарын қорғау және сыйлау кепілі» деген саяси критерийге сәйкес келу керек» [11]. Осылайша, құжатта айтылған басқа параметрлер – экономикалық критерий, сондай-ақ Қоғамдастықтың мақсаттарын ұстанушылық – ЕО ішінде қорғалатын әмбебап құндылықтардың және қағидалардың біртұастығына орын беріп, кейінге шегінеді.

Батыс үлгісі бойынша жалпылама сәйкестілікті қалыптастыру, бірынғай дүниесезіміне жақындау – бұның бері еуропалық кеңістіктің жаңа мүшелерін бейімдеу бағдарламасында негізге алынды. Әлеуметтік жаңғыртуды бағалау үшін анағұрлым релевантты индикатор адами даму индексі болып табылады (2013 жылға дейін – адами әлеуеттің даму индексі), себебі ол экономикалық параметрлерден бөлек, қоғамның әлеуметтік дамуының маңызды критерийлерін қамтиды. ОШЕ елдерінің үлгісінде 1990 жылдардан бастап қазіргі қунға дейінгі жаңғырту процесінің барысында олардың даму «спиралін» айқын бақылауға болады (2-кестені қараңыз).

## 2-кесте. Кейбір Еуропа мемлекеттеріндегі адами даму индексі (1990-2016)

	1990 [12]	2000 [13]	2010 [14]	2016 [15]
Австрия	0,961	0,908	0,851	0,893
Болгария	0,918	0,772	0743	0,794
Германия (ФГР)	0,967	0,911	0,885	0,926
Греция	0,949	0,875	0,855	0,866
Дания	0,971	0,911	0,866	0,925
Италия	0,966	0,903	0,854	0,887
Латвия (1990 ж.– КСРО құрамында)	0,920	0,771	0,769	0,830
Нидерланды	0,984	0,925	0,890	0,924
Польша	0,910	0,814	0,795	0,855
Словакия (1990 ж. – Чехословакия құрамында)	0,931	0,825	0,818	0,845

Финляндия	0,967	0,917	0,871	0,895
Хорватия (1990 ж. -Югославия құрамында)	0,913	0,795	0,767	0,827
Чехия (1990 ж. –Чехословакия құрамында)	0,931	0,843	0,841	0,878
Швеция	0,987	0,926	0,885	0,913
Эстония (1990 ж. –КСРО құрамында)	0,920	0,801	0,812	0,865

Алайда ЕО шығысқа қарай кеңейгеннен кейін он жыл өткен бүгінгі таңда интеграциялық бірігу біркелкі және институттардың қызметіне, бюрократияға және қоғам мүшелері арасындағы қарым-қатынастарға бірдей тәсіл қолданылатын қоғамдарды қамтиды деп айтуға келмейді: европалық кеңістіктегі батыс пен шығыстың дихотомиясы әлі күнге дейін сезіледі. Бұл экономикалық дамуға да қатысты. Алайда европалық интеграция жолы, ортақ нарық пен валюта, ортақ саясатты қалыптастыру – бұның бәрі бұрын социалистік блокта болған Орталық және Шығыс Еуропа елдерін жаңғырту жолындағы анағұрлым қолайлы (сонымен қатар, анағұрлым бірегей) әрекеттер.

Табысты жаңғыртуға тағы бір мысал – «азиялық жолбарыстар», оларға біршама қысқа мерзім ішінде экономикалық салада да, адами капиталды дамытуда да елеулі табыстарға қол жеткізген Шығыс Азия елдерінің бірқатары енеді. Алайда онда бұл процесс батыс құндылықтарының негізінде емес, дәстүрді капиталистік экономикаға инкорпорациялау арқылы жүргізілді. Постконфуцийлік деп аталатын қоғам Конфуций ілімін, даосизмді, буддизмді, отбасылық дәстүрлерді және заң тәртібін әмбебап заманауи мәдениетпен ұластыра алды. Күшті мемлекет, бюрократиялық жүйедегі сабактастық, білім беделі, еңбексүйгіштік Қытайдың, Гонконгтың, Сингапурдың, Тайваньның, Жапонияның және Оңтүстік Кореяның табыс кепілі болды. Сонымен қатар, бұл елдер бөлігіндегі мәдени қурам бәсекелілігінің жоғарылығы соншалықты, ол шетелде де «экспортталауды».

Жаңғырту теориясының келесі кезеңі «демократиялану толқындары» теориясын ұсынған С. Хантингтон есімімен тығыз байланысты. Оның теориясы «белгілі бір уақыт кезеңінде орын алатын, саны бұл кезеңде кері бағыттағы ауысулардан айтарлықтай артатын демократиялық емес режимдерден демократиялық режимдерге ауысады» [16], сондай-ақ демократиялық емес саяси жүйелерде және «сұр аймақтағыларды» ішінara ырықтандыруды білдіреді.

«Сұр аймақ» деп демократиялық бағытка қарай қозгалатын (немесе бұрын қозгалған), бірақ оған жете алмаған мемлекеттер айтылады. Осындай қоғамдарда бар проблемаларға сәйкес олардың типологиясы әзірленеді.

Мысалы, жалған-демократия – бұл оппозицияның билікке қарсы шығуына жол бермеу үшін БАҚ-н және басқа да құралдарды бақылай отырып, бір ғана партия билік ететін көп партиялы саяси жүйе.

Либералдық емес демократиялар – бұл ашық элективтік жүйе жұмыс жасайтын, бірақ адам мен азамат құқықтары мен еркіндігі сақталмайтын мемлекеттер. Демократиялық емес режимдер адам құқықтарының бұзылу және саяси жүйенің жұмыс жасау деңгейіне қарай жартылай авторитарлық және авторитарлық болып бөлінеді.

С. Хантингтонның пікірінше, демократиялану процесі біркелкі емес, толқын тәрізді сипатта дамиды. «Демократияланудың алғашқы толқыны» бір ғасырдан артық жалғасып, негізінен, Европа мен Американы қозғады, жаңа әлемдік аренада отыз демократиялық мемлекеттің пайда болуына себеп болып, бірнеше европалық елдерде фашистік диктатура орнаған соң XX ғасырдың 20-шы жылдарының ортасында аяқталды. «Демократияланудың екінші толқынының» басталу нүктесі деп, С. Хантингтон 1942 жылды, II дүниежүзілік соғыстың орта тұсын айтады. Бұл кезең 20 жылға жалғасып, бұдан кейін авторитарлық режим мен диктатураның бой көтеруіне әкелген бірнеше дүркін әскери қақтығыстарға ұласты.

1974 жылды португалиялық диктатураның құлауынан басталған «демократияландырудың үшінші толқыны» Оңтүстік Еуропа, Латын Америкасы және Шығыс Азия елдерін шарпышы; оның шарықтау шегі КСРО-ның және Шығыс блоктың құлауы болды [17]. Бұл 1992 жылды «Freedom house» үкіметтік емес ұйымының 91 мемлекетті демократиялық мемлекет деп тануына, ал тағы

35 мемлекетті демократия мен авторитаризмнің ортасындағы [18] «сұр аймақта тұр» деуіне себеп болды (кейбір зерттеушілер Таяу Шығыстағы және Солтүстік Африка дағы «Араб көктемі» оқиғаларын ескере отырып, «демократияланудың төртінші толқыны» [19] болды деп есептейді. Олар бұл пікірлерін ондағы «демократиялық» өзгерулердің табиғаты мүлдем басқа және «қырғиқабақ» соғыстың аяқталуымен байланысты емес деп дәлелдейді; алайда, қазіргі кезде өнірде орын алған жатқан процестер бұндай шешімдер жасау үшін қарама-қайшылықта толы).

С. Хантингтон ұсынған тәсілде экономикалық даму демократияға өтуге кепілдік бермейді, себебі демократизация – бұл қайтарымды процесс; кез келген елдің элитасы демократиялық дамудың орнына саяси жүйенің басқа үлгілеріне таңдау жасай алады.

### **Әлеуметтік жаңғырту: Қазақстан үшін өзекті тәсілдер және сабактар**

Осылайша, уақыт өте келе, 1950 жылдардағы және одан кейінгі 1990 жылдардағы егемендік салтанатының буы басылған соң, бұндай тәсілдің дәрменсіздігі анықталғаннан кейін жаңадан құрылған мемлекеттердің ішінде елеулі проблемаларды шешу қажеттілігі туындалады.

Жаңғырту мектебі сынни кезеңнен өтті, оның өзгеруіне халықаралық қатынастардың биполярлық жүйесінің бұзылуы, қолда бар тұжырымдарға сәйкес келмейтін, көптеген параметрлері бойынша әлемнің дамыған елдерімен бір қатарға шыққан жекелеген мемлекеттер мен қоғамдардың нақты даму үлгілерінің пайда болуы әсерін тигізді. Сонымен қатар, түрлі тарихи қоры және ресурсы бар қоғам жаңғыртудың түрлі траекториясымен жүре алады деген пікір қалыптасты. Ёран Терборн «жаңғыртудың төрт жолын» көрсетеді [20]:

- Батыс Еуропаға тән эндогендік жаңғырту;
- «трансконтиненталдық миграцияның» жаңа қоғамдарын жаңғырту (Солтүстік және Оңтүстік Америка, Австралия);
- дәстүрлік қоғамдарды еуропалық отарлау арқылы жаңғырту (Солтүстік Батыс Африканан бастап, Папуа – Жаңа Гвинеяға дейінгі «отаршылдық аймақ»);
- Сырттан батыс өркениетінің ықпалымен туындаған жаңғырту, (Жапония, Ресей, Таяу Шығыс, Түркия, Қытай).

Неміс әлеуметтанушысы В. Цапф өз типологиясын ұсынады. Ол жаңғыртудың келесі тарихи нұсқаларын ұсынады [21]:

- Екінші дүниежүзілік соғыста женіске жеткен державалардың бақылауымен және материалдық қолдауымен жүрген Батыс Германиядағы, Жапониядағы және Италиядағы демократияға және нарыққа ауысу;
- Испаниядағы, Португалиядағы, Грециядағы 1974 жылдан кейінгі авторитаризмнен демократияға «шарттық ауысу»;
- Латынамерикалық мемлекеттердегі сияқты «шарттық ауысулар»;
- «әлемдік капитализм жүйесінің шенберіндегі» дербес дамулар (Оңтүстік Корея, Тайвань, Гонконг, Сингапур, Таиланд, Малайзия, Индонезия);
- социалистік жүйеден Шығыс Германияда әрекет ететін демократияға және экономикаға ауысу (1990-шы жж.);
- Шығыс Еуропа елдеріндегі 1990-шы жж. өзгеріс;
- демократияға және нарықтық экономикаға ауысу баламалары: ҚХР және исламдық фундаментализм елінің «социалистік нарықтық экономикасы».

Осылайша, В. Цапф жаңғыртуды үш өлшемдік процесс ретінде қарастырады: бір жағынан, бұл индустримальық революция барысында іске қосылған секуляризмге ауысу, екінші жағынан – артта қалған елдердің «қызып жету жолындағы дамуы». Сонымен қатар, жаңғырған мемлекеттердің өздері инновациялар мен реформалар жолындағы жаңа сын-тегеуіріндерге өзінше әрекет ете отырып, тыс қалмауға тырысады.

Жоғарыда көрсетілген зерттеулер – неомодернизацияланған талдау өнімі, оның өрбүіне КСРО құлауы және Шығыс Азия елдерінің «экономикалық ғажайыптары» септігін тигізді. Бұл кезенде (1980-90 жж.) негізгі ережелері бойынша алдыңғы жаңғырту тәсілдерінен айтарлықтай ерекшеленген тұжырымдама қалыптастырылуда. Атап айтқанда, ол дамудың көп желілігін, ал дәстүрлердің (мысалы, дін немесе басқа да әлеуметтік нормалар мен шектеулер) әлеуметтік эволюция процесінде жақсы рөл атқару мүмкіндігін үғынады. Сонымен қатар, жаңғырту процесіне ішкі үрдістермен (эндогендік) қатар, экзогендік (сыртқы) үрдістердің едәуір әсер ететінін айтады. Элиталар және басқа да әлеуметтік құрылымдар мен топтар эволюцияның анонимдік зандарымен қалыптасатын, сәйкесінше, қоғам (немесе ел басшысы) даму векторын өзгерте алатын даму процесінде негіз қалаушы рөл

атқаруы мүмкін. Теориялық модельге қоғамның кеңістік-уақыттық қалпын және онда жаңғырту үшін ресурстардың, құндылықтардың және басымдықтардың болуын қарастыратын тарихи кездейсоқтық факторы да кіріктірілді.

Бүгінгі танда жаңғырту мектебінің алдағы уақытта да едәуір өзгерістерге ұшырайтыны сөзсіз. Технологиялардың дамуынан және арзандаудынан, әлемнің демографиялық құрылымындағы өзгерістерден, білімнің қолжетімділігінен кейін «жаңғырту тәсілдерін жаңғыртуудың» жаңа айналымы орын алмақ.

Қазақстанды, бірегей геосаяси орналасуына қарай, өркениеттік тәсілдерге сәйкес параметрлердің бірнеше қатары бойыншаeuropalық және азиялық мәдениетке де, түрік және euразиялық әлемге де жатқызуға, оны батыс және шығыс өркениетінің синтезі ретінде қарастыруға болады. Әлем-жүйелік талдау және тәуелділік теориясына сәйкес біздің еліміз «ұшінші әлем» тобына жаткызылады. Сонымен қатар, біз түрлі бағыттағы интеграциялық жобаларға, европалық, азиялық және ғаламдық ұйымдардағы жұмыстарға да қатысамыз. Өзіндік даму жолын іздеу, жаңғырту процесін ұйымдастыру бойынша тұжырымдамалық шешімдер әзірлеу бүндай жағдайларда даралықтың шиеленісінен, ҚР одақтастық міндеттемелерімен және экономикалық мұдделерімен едәуір қынданады.

XX ғасырдың 50-70 жылдарындағы қыып жетуші даму қазірде өзекті емес. Сондықтан әлемдік аренадағы өз қалпын жақсартқысы келетін, даму векторларының өзгеруі тұсында түрған мемлекеттер алдына дәстүрлер мен заманауильты үйлестіруді, қолда бар әлеуетті анағұрлым тиімді пайдалануды көздейтін кешенді міндет қойылады.

Адами ресурстардың техникалық прогресс барысында құны анағұрлым артады. Сондықтан, саяси құш – жігер мен ресурстық әлеуетті пайдаланумен қатар, жаңғырту процесінің «төменнен» туындаған қарсы әрекет салдарынан кері кеппеуі үшін айтарлықтай құш салу керек. Сол түрғыда, Қазақстанда әзірленген қоғамдық сананы өзгерту бағдарламасы болашақ тәуекелдердің алдын алады, тиісінше іске асырылған кезде мемлекеттің тұрақты дамуына он әсерін тигізеді деп сенеміз.

**ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. И. В. Побережников, «Теории модернизации» // Теория и методология истории: учебник для вузов / Под ред. В. В. Алексеева. – Волгоград: Учитель, 2014. – С. 133-152.
2. Ш. Эйзенштадт. Революция и преобразование обществ. Сравнительное изучение цивилизаций. – М., 1999. – С. 261.
3. П. Штомпка. Социология социальных изменений. – М.: Аспект-Пресс, 1996. – С. 416.
4. М. Вебер. Избранные сочинения. – М: Прогресс, 1990.
5. J. ARION J. LEVY, «Patterns (Structures) of Modernization and Political Development» 1965.
6. Г. Скирбекк, Гилье Н. История философии: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. – М.: Гуманит. изд. центр НПАДОС, 2001. – С. 78-84.
7. И. Нечитайло. Изменение общества через изменение образования: иллюзия или реальность? / монография /. – Харьков: НУА, 2015. – С. 47-52.
8. И. Валлерстайн. Анализ мировых систем и ситуация в современном мире. – СПб: Университетская книга, 2001.
9. Ф. Фукуяма. Конец истории и последний человек. – М.: ACT, 2007. – С. 99.
10. Договор О Европейском Союзе. – Маастрихт, 1992. – С. 49.
11. «Conditions for membership» // [https://ec.europa.eu/neighbourhood-enlargement/policy/conditions-membership\\_en](https://ec.europa.eu/neighbourhood-enlargement/policy/conditions-membership_en).
12. HUMAN DEVELOPMENT REPORT 1990, New York Oxford : Oxford University Press, 1990 , p. 111.
13. HUMAN DEVELOPMENT REPORT 2000, New York, 2000.
14. Human Development Report 2010. The Real Wealth of Nations: Pathways to Human Development, New York, 2010.
15. Human Development Report 2016. Human Development for Everyone, New York, 2016.
16. Д. С. Най, У. А. Оуэнс. «Главная сила Америки – её информационные возможности» // <http://www.infousa.ru/information/gjcom6.htm>.
17. С. Хантингтон. Третья волна. Демократизация в конце XX века. – М: РОССПЭН, 2003. – С. 368.
18. «Freedom in the World: Liberty's Expansion in a Turbulent World,» Freedom House, 2014.
19. M. G. Marshall, B. R. Cole, «Global Report 2014. Conflict, Governance, and State Fragility» 23 July 2014 // <http://www.systemicpeace.org/vlibrary/GlobalReport2014.pdf>.
20. G. Therborn, European modernity and beyond : the trajectory of European societies, 1945-2000 . – London: Thousand Oaks, Calif. : Sage Publications, 1995, pp. 5-7.
21. W. Zapf. «Теория модернизации и различие путей общественного развития» Социологические исследования, № 8, pp. 14-26, 1998.

**Айбек Ибатуллин**

*Қазақстан Республикасы Президентінің жасындағы*

*Мемлекеттік басқару академиясы,*

*Басқару институтының магистранты*

## **ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ МОДЕЛЬ ЖАҒДАЙЫНДА ЕҢБЕК РЕСУРСТАРЫН БАСҚАРУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ**

**Аңдатпа.** Мақалада инновациялық экономика жағдайында жоғары деңгейлі техникалық және кәсіптік білімі бар еңбек ресурстарын қалыптастыру мәселелері мен оларды басқарудың тиімділігі қарастырылады. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына жолдауындағы техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жетілдірудің маңыздылығы сөз болады. Сондай-ақ Қазақстан Республикасында техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің экономикалық тиімділігін арттыру бойынша нақты ұсыныстар беріледі.

**Түйін сөздер:** Еңбек ресурстары, экономикалық осім, инновация, еңбек нарығы, жұмыссыздық, техникалық және кәсіптік білім, дагдылар, бәсекеге қабілеттілік.

**Айбек Ибатуллин**

## **ЭФФЕКТИВНОСТЬ УПРАВЛЕНИЯ ТРУДОВЫХ РЕСУРСОВ В УСЛОВИЯХ НОВОЙ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ МОДЕЛИ**

**Аннотация.** В статье рассматриваются вопросы формирования трудовых ресурсов с высоким техническим и профессиональным образованием в условиях инновационной экономики и эффективность их управления. Также отмечена важность совершенствования системы технического и профессионального образования в свете Послания Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева народу Казахстана: «Новые возможности развития в условиях четвертой промышленной революции» от 10 января 2018 года. Вместе с тем,

приводятся конкретные предложения по повышению экономической эффективности системы технического и профессионального образования в Республике Казахстан.

**Ключевые слова:** Трудовые ресурсы, экономический рост, инновация, рынок труда, безработица, техническое и профессиональное образование, навыки, конкурентоспособность.

**Aibek Ibatullin**

## EFFICIENCY OF MANAGEMENT OF LABOR RESOURCES UNDER THE CONDITIONS OF A NEW ECONOMIC MODEL

**Abstract.** The article deals with the formation of labor resources with a high technical and vocational education in the conditions of an innovative economy and the effectiveness of their management. Also, the importance of improving the system of technical and vocational education in the light of the Message of the President of the Republic of Kazakhstan N. Nazarbayev to the people of Kazakhstan: «New opportunities for development in the conditions of the fourth industrial revolution» on January 10, 2018.

At the same time, there are concrete proposals on the economic efficiency of the technical and vocational education system in the Republic of Kazakhstan.

**Key words:** Labor resources, economic growth, innovation, labor market, unemployment, technical and vocational education, skills, competitiveness.

### Кіріспе

«Казақстан – 2050» стратегиясында Қазақстанның басты мақсаты – 2050 жылға қарай экономикасы дамыған мықты мемлекет және жалпыға ортақ еңбек негізінде берекелі қоғам қалыптастыру айқындалды. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев мықты мемлекет құру үшін экономиканың өсуін жеделдетуді қамтамасыз ету аса маңызды екендігін атап көрсетti [1].

Қазір әлемде инновациялық саланың серпінді дамуы елдің экономикалық өсуінің, экономиканың бәсекеге қабілеттілігінің және үлттық қауіпсіздіктің басты стратегиялық факторларының біріне айналды.

Инновациялық экономика – инновациялық ағымдарға, үнемі технологияларды жетілдіруге, өте жоғары қосылған құны бар технологиялық өнімдерді өндіруге және экспорттауға негізделген экономиканың түрі болып табылады.

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап Батыс елдерінің экономикасы инновацияларды енгізу арқылы қарқынды өсуде. Инновациялық экономиканы дамытуды бірінші жолға қойған мемлекеттердің қатарына Финляндия, АҚШ, Швеция, Жапония, Оңтүстік Корея, Нидерланды, Ұлыбритания, Германия, Австралия және Сингапур кіреді. Біріккен ұлттар ұйымының мәліметтері бойынша, бүгінгі таңда Қазақстан өндірісте технологияларды қолданатын әлемдегі дамыған елдерден әлдеқайда артта қалып отыр. Осы тұста, елдің бәсекеге қабілетті болуы және оның инновациялық дамуы еңбек ресурстарын тиімді басқарумен тікелей байланысты [2, 43].

Сонымен бірге, еңбек ресурстарының саны мен сапасы мемлекеттің қуатын анықтайды. Білім саласы еңбек ресурстарының сапасын қалыптастыруды маңызды орын алады. Нәтижесінде бұл халық табысының деңгейіне және тұтастай алғанда елдің әлауқатына тікелей әсер етеді.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жанғыру» атты мақаласында тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жанғыртуудың бірнеше бағытын атап өтті. Олардың ішінде бәсекеге қабілеттілік және білімнің салтанат құруы қазіргі таңда өзекті болып отыр.

Мемлекет басшысы өз мақаласында: «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді» деп қоғамда білім алудың маңыздылығын атап өткен болатын [3]. Сондықтан да экономиканың дамуын жеделдету үшін еңбек нарығына бәсекеге қабілетті мамандар даярлау мемлекеттің негізгі міндеттерінің бірі болып қала береді.

Еңбек ресурстарын тиімді басқару қазіргі уақытта елдің экономикалық табыстылығының маңызды элементі саналады, өйткені қоғам индустримальық-инновациялық экономикадағы өмірге дайын болуы тиіс [4, 4].

Инновациялық дамудың маңызды шарттарының бірі – қоғамда жоғары деңгейлі техникалық және кәсіптік білімі бар еңбек ресурстарын қалыптастыру [2, 44].

Техникалық және кәсіптік білім соңғы екі жылда академиялық мақалаларда, сондай-ақ саяси аренада екі маңызды себеппен жоғары бағаға ие болды.

Ең алдымен, ол экономикалық өсудің қолайлы құралы болса, екіншіден әлеуметтік интеграцияны ынталандыруға бағытталған қуатты әдіс ретінде қарастырылады.

Техникалық және кәсіптік білімнің мақсаты – жеке тұлғаларға жұмыс орнында қолдануға болатын дағдыларды үйрету және жұмыссыздарды еңбек нарығындағы сұранысқа ие мамандықтарға дайындалап, оларды оқыту.

ЮНЕСКО ұйымы экономиканың дамуына жаңа серпін беруде, кедейлікті азайтуда және елдегі тұрақтылықты орнатуда техникалық және кәсіптік білімнің орны ерекше екенін атап көрсетті.

Әлемнің дамыған елдерінде техникалық және кәсіптік білім жүйесі экономиканың қарқынды дамуына әсер етумен қоса, елдің әлеуметтік мәселелерін шешуге оң ықпалын тигізуде. Осылайша, Еуропада техникалық және кәсіптік білім «экономикалық өсімнің қозғалтқышы және әлеуметтік интеграцияға арналған көлік» деп танылды.

Жастар арасындағы жұмыссыздық экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан маңызды мәселе болып табылады. Осы тұста кәсіптік білім беру жастарға еңбек нарығына қол жеткізуге мүмкіндік беріп, олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыратын жаңа дағдылар мен құзыреттерді танып білуге ықпалын тигізуде. Стэнфорд университетіндегі Гувер институтының профессоры Эрик А. Ханушек Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭҮДҰ) құрамына кіретін елдерде техникалық және кәсіптік білім беру мен жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейінің арасындағы қатынастарды зерттеген. Зерттеу нәтижесінде кәсіптік білім алған жастардың 10%, сол елдегі жұмыссыздық деңгейін 2% төмендеткендігін анықтаған [5, 77].

**Зерттеу әдістері.** Мақалада теориялық зерттеу әдістері қолданылды. Соның ішінде ел экономикасында еңбек ресурстарының әлеуеті туралы тақырыптағы әдеби дереккөздерге, нормативтік-құқықтық актілерге, мақалаларға теориялық талдау жасалды. Сонымен бірге мақалада елдегі экономикалық белсенді халық саны мен жұмыссыздық деңгейіне статистикалық талдау жүргізіліп, техникалық және кәсіптік білім жүйесін жетілдіру үшін нақты ұсыныстар берілді.

### Зерттеу нәтижелері.

Қазақстанда соңғы жылдарда адами даму индексінің негізгі көрсеткіштері айтарлықтай жақсарды. Егер Қазақстан 2007

жылды адам дамуының орташа деңгейі бойынша 177 елдің ішінде 73-орында болса, 2016 жылы Біріккен үлттар ұйымының (БҮҮ) Даму бағдарламасының адам дамуы туралы есебіне сәйкес, Қазақстан 188 мемлекеттің ішінен 56-орынға көтерілді.

Бір айта кетерлігі, қазақстандық білім жыл сайын әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті болып, халықаралық рейтингтерде өз позицияларын нығайту үстінде [6].

Алайда, елімізде қабылданып жатқан шараларға қарамастан, Қазақстанда техникалық және кәсіптік біліммен қамту көрсеткіштері дамыған елдермен салыстырғанда айтарлықтай төмен. Халықтың 22%-ы ғана кәсіптік білімді беделді деп санайды. Ал Еуроодақ елдерінде жұмысшы кәсібін алу халықтың 71%-ы үшін жағымды имиджге ие. Бұл – жұмысқа орналастыру, еңбекакы мөлшері және халықтың ой-пікірінің көрсеткіштері болып отыр.


Сонымен қатар, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында техникалық және кәсіптік білімді дамытуда келесідей проблемалар көрсетілген:

1. Кәсіптік бағдарлау жұмысының тиімді жүйесінің жоқтығы;
2. Қазақстандағы жұмыс берушілердің 70% кәсіптік және техникалық оқу орындары дайындаған кадрлардың білім деңгейінің төмендігі бизнесті дамытуда айтарлықтай кедергі екендігін атап көрсеткен. Осының салдарынан жыл сайын 30 мың шетелдік жұмыскер, оның 24,9 мыңы (83 %) – өнеркәсіп үшін тартылуда;
3. Мамандарды даярлау сапасын растайтын колледждер көрсеткіштерінің төмендігі;
4. Колледждердегі материалдық-техникалық базасының ескіруи кадрларды даярлаудың сапасы мен техникалық және кәсіптік білім жүйесінің тартымдылығын арттыруға көрі әсерін тигізуде [7].

Осыған байланысты жаңа яғни, инновациялық экономика жағдайында техникалық және кәсіптік білімнің нәтижелігі мен тиімділігін арттыру үшін осы саладағы басқару тетіктерін қайта қарастыру қажеттілігі туындалап отыр.


Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне және Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру Заңына сәйкес еңбекке қабілетті жас аралығы болып ер адамдар үшін 16-63 жас, әйел адамдар үшін 16-58,5 жас белгіленген.

Қазақстанда 1999-2017 ж.ж. аралығында халық санының өсуіне байланысты экономикалық түргыдан белсенді халық саны да 7 055,4 мыңдан 9013,1 мың адамға өсті (1-сурет).

**1-сурет. ҚР экономикалық тұрғыдан белсенді халық**


Дереккөз: ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті

Экономикалық тұрғыдан белсенді халық жұмыспен қамтылған азаматтар мен жұмыссыздардан құралады. 2-суретте көрсетілгендей 1999-2013 ж.ж. аралығында жұмыспен қамтылған халықтың саны 6 105,4 мың адамнан 8 572,1 мың адамға өсті. 2014-2015 жылдары бірінше рет жұмыспен қамтылған халық санының төмендеу көрсеткіші тіркелді. Алайда бұл көрсеткіштің 2016 ж. (1,4 %), 2017 ж. (0,2 %) өсу қарқыны байқалады (2-сурет).

**2-сурет. ҚР жұмыспен қамтылған халық**

Дереккөз: ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті


Қазақстанда 1999 жылдан 2017 жылға дейін жұмыссыздық деңгейі 2 есеге яғни 13,5% -дан 4,9%-ға дейін төмендеген (3-сурет).



### 3-сурет. ҚР жұмыссыз халық

Дереккөз: ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті

Жұмыссыз халықтың құрылымында барлық білім беру деңгейлері көрсетілген. Қазақстанда жұмыссыз халықтың көшілігінің орта кәсіптік (35,8 %) және жоғары білімі (28,0%) бар. Бұның бір себебі дайындалған мамандардардың білім сапасының төмендігі, яғни олардың бәсекеге қабілетсіздігі болса, екінші бір себеп жоғары және орта кәсіптік білім бар жұмыссыздардың еңбек нарығындағы сұранысқа сәйкес келмеуі болып табылады (3-сурет).




### 3-сурет. ҚР білім деңгейі бойынша жұмыссыз халықтың құрылымы, 2016, %

Дереккөз: ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті

2004 жылдан бастап жоғары және орта кәсіптік білімі бар жұмыссыздар үлесінің тұрақты өсуі байқалады. Бұл дегеніміз жоғары және орта кәсіптік білімі бар жұмыс күшінің білім сапасының төмендігі және еңбек нарығында жоғары білікті мамандарға деген сұраныс пен ұсыныстың сәйкес келмейтіндігін көрсетеді. Өз кезеңінде, осы кезеңде жалпы орта білімі бар жұмыссыздардың үлесі төмендеген (4-сурет) [8].

Осыған байланысты техникалық және кәсіптік білім беру сапасын жаңа деңгейге көтеру және экономика салаларына бәсекеге қабілетті мамандар даярлау бүгінгі күннің өзекті тақырыбы болып табылады.



**4-сурет. ҚР жұмыссыз халықтың білім деңгейінің динамикасы**  
Дереккөз: ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына жолдауында Үкіметке жұмыс берушілерді тарту арқылы және халықаралық талаптар мен дағдыларды ескере отырып, техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын жаңарту қажет екендендігін сондай-ақ, «Баршаға арналған тегін кәсіптік-техникалық білім беру» жобасын жүзеге асыруды жалғастыруды тапсырды [9].

Бұл дегеніміз техникалық және кәсіптік білім беру процесінде білім алушылардың цифрлық, инновациялық технологиялармен жұмыс жасап үйренуіне жаңа мүмкіндіктер ашып білім берудің жаңа форматын қалыптастыруға алып келеді. Еліміздегі төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы білім беруде кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру үшін инновациялық технологияларды терең менгеру заман талабы болып отыр.

Кәсіптік білім беруді дамытудың стратегиялық бағыттарының бірі ретінде білім беру мекемелерінде материалдық-техникалық базаны, инфрақұрылымды нығайту және оны жаңғыртуды атап көрсетуге болады. Колледжерде жаһандық интернетті және жергілікті ақпараттық желілерді пайдалану үшін кен ауқымды инфрақұрылым қажет.

Әлемдік экономиканың жаһандану жағдайында елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыру міндеттін орындау бәсекеге қабілетті кадрлар мәселесін шешуді талап етеді, оған ұлттық білім беру жүйесін әлемдік білім беру үрдістерімен сәйкестендіру арқылы қол жеткізуге болады.

Ол үшін ең алдымен қоғамда техникалық және кәсіптік білімнің әлемдегі жаңа мүмкіншіліктерін білетін, барлық жағынан белсенді оқытушылық құрамды қалыптастыру қажет. Оқытушылық құрамның интеллектуалдық, психологиялық және шығармашылық ойлау қабілеті оқыту барысында кездесетін кез-келген проблемаларды талдай біліп, оның дер кезінде жаңа шешімдерін тауып, болашақты болжай білетін қасиеттері болуы тиіс. Бұл кәсіптік білім берудегі оқыту нәтижесінде өзіндік орындар, инновациялық технологиялардың өзгерісіне әрдайым дайын, интеллектуалды мәселелерді шешудің жаңа мүмкіндіктерін ұсына білетін, бәсекеге қабілетті білікті мамандар дайындашыруға мүмкіндік береді.

Сонымен бірге, білім алушылардың бойында ақпаратты талдай білуді және өз бетінше жаңа білім іздеуді қалыптастыратын «ашық білім беру» технологиясын, соның ішінде оқытудың жобалық және интерактивті әдістерін кеңінен қолдану қажет.

БҮҰ Даму бағдарламасының «Адам дамуы» атты баяндамасында XXI ғасырдың адамның бойынан табылуы тиіс дағдылар айтылады. 2020 жыға қарай еңбек қатынастарында маңызды орын алатын білім және дағдылар 1/3 өзгереді. Дағдылары игеру төрт критерийге бағдарланған өмір бойы оқыту процесінің бөлігі болуы керек. Олар: сынни тұрғысынан ойлау білу, ынтымақтастық, шығармашылық және коммуникативті байланыс (1-кесте) [10]. Еліміздегі орта, кәсіптік және жоғары оқу орындарында осы дағдыларды білім алушылардың бойына дарыту жұмыстарын жүргізу қажет.

### 1-кесте. XXI ғасырдың дағдылары

Ойлау тәсілдері	Еңбек құралдары	Жұмыс жасау тәсілдері	Өмір сұру дағдылары
Шығармашылық Сыни ойлау Мәселені шешу Шешім қабылдау Оқы	Ақпарат және байланыс технологиялары Ақпараттық саяттылық	Байланыс ынтымақтастық	Азаматтық позициясы Өмірі және кәсіби мансабы Жеке және әлеуметтік жауапкершілік

Дереккөз: Human Development Report, 2016.

Кәсіптік білім беруде келесідей көрсеткіштер еңбек тиімділігін арттыруға ықпал етеді:

1. Біліктілігі жоғары, жаңа технологиялармен жұмыс атқара алатын маман біліктілігі төмен жұмысшыға қарағанда жұмысты әлдеқайда сапалы орындал, еңбек өнімділігін арттырады.

2. Егер жұмыс жасайтын маманның біліктілігі жоғары болса, ол өзінің жұмыста белсенді болуына, бастамашыл болып қәсіпорынның жандануына және еңбек процесін онтайландырудың жаңа әдістерін ұсынады.

3. Жоғары білікті жұмыс күші әрдайым өзгерістерге дайын болады және ақпаратты тез қабылдан оған ілесе алады.

2017 жылдан бастап Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың бастамасы бойынша «Баршаға арналған тегін кәсіптік-техникалық білім беру» жобасы іске асырыла бастады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы №919 қаулысымен бекітілген Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасын (бұдан әрі – Бағдарлама) жүзеге асыру мақсатында 2017 жылғы 30 қаңтарда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлауды және қысқа мерзімді кәсіптік оқытуды ұйымдастыру қағидалары» №35 бұйрықпен (бұдан әрі – Бұйрық) бекітілді. Бұйрыққа сәйкес техникалық және кәсіптік білімді өмірлік қызын жағдайға тап болған және тұрмысы төмен отбасылардың мушелері қатарындағы 9-11 сыныптарды бітірушілер, оқу орындарына түсे алмаған азаматтар, жұмыс іздел жүрген адамдар ақысыз түрде оқып, бір мамандық иесі бола алады. Сонымен бірге, қысқа мерзімді кәсіптік оқытудың ұзактығы мамандықтың ерекшеліктерін ескере отырып, бір айдан алты айға дейінгі мерзімді құрайды. Қысқа мерзімді кәсіптік оқудан өтетін Бағдарлама қатысуышылары стипендиямен, жол жүрге ақысымен қамтамасыз етіледі, ал тұрғылықты жерінен тыс елді мекендерде оқытын Бағдарлама қатысуышылары үшін жол жүргуге және тұрғын үйді жалдау (жалға алу) бойынша шығыстарды өтеу үшін мемлекет есебінен материалдық көмек көрсетіледі.

Бағдарламаға қатысқысы келетін тұрғындар болса, олар халықты жұмыспен қамту орталықтарына, өңірлік комиссия айқындаған тізбеден білім беру үйимдарына, өңірлік кәсіпкерлер палатасына, кенттердің, ауылдық округтердің, аудандық маңызы бар қалалардың және қалалар құрамындағы аудандардың әкіміне өтініш беру арқылы өз бетінше жүргінуі қажет [11].

«Баршаға арналған тегін кәсіптік-техникалық білім беру» жобасының тиімділігін арттыру үшін Бағдарламаның мүмкіндіктері туралы халық арасында кеңінен ақпараттық түсіндірү жұмыстарын жандандыруды жеделдету ұсынылады. Атап айтқанда жұмыс іздең жүрген тұрғындармен кездесулер өткізу, Бағдарламаға қатысып, мамандық иесі атанып, жұмысын өрбіту үстіндегі адамдарды бұқаралық ақпарат құралдарында баршаға көрсету, Бағдарламаның артықшылықтары, оған кімдер қатыса алады және қатысу үшін қандай қарекет жасау керек екендігі туралы халыққа түсінікті бейнероликтер әзірлеп оларды отандық телеарналарда және интернет-ресурстарда орналастыру қажет.

**Нәтижелерді талқылау.** Қазір әлемде елеулі жаһандық проблемалар орын алуда, оларға демографиялық проблемалар, урбанизация, өнірлер бойынша еңбек ресурстарының тенгерімсіздігі, еңбек өнімділігінің теңсіздігін жатқызуға болады.

Әлемдегі демографиялық проблемалар кешенінде халықтың қартаю үрдісі байқалады. БҰҰ деректері бойынша, 60 жастағы және одан жоғары жастағы адамдардың саны 2050 жылға қарай 2 есеге өседі. Бұл әлем халқының 20%-дан астамын құрайды. Осының салдарынан жұмыспен қамту және еңбек нарығының құрылымында да өзгерістер болып, жұмысшыларға жүктеме ұлғая түсіп, экономикалық өсу баяулайты.

Сонымен бірге, табысы тәмен елдерде халықтың қарқынды өсуі және көрініше, табысы жоғары елдерде халықтың өсу қарқынының тәмендеуі байқалады. Бұл үдерістер әлеуметтік осал топтардың өсуіне ықпал етеді.

Әлемдік тәжірибеге сәйкес экономикалық өсім негізінен халықтың жоғары шоғырланған жерлерінде ғана орын алады. Негізгі инвестициялар сол жерге бағытталып, онда ғылым мен инновация қалыптасады. Қазақстанда осы тұста кері жағдай орын алуда. Әлемдік тенденцияларға солтүстік өнірлер көбірек сәйкес келеді. Ең жоғары еңбек өнімділігі халық тығыздығы тәмен болып табылатын батыс өнірлерінде байқалуда. Халықтың ең жоғары концентрациясы бар онтүстік өнірлерде еңбек өнімділігі ең аз көрсеткіштеге ие. Халықтың өсуі мен урбанизациясы жағдайында Қазақстанның аймақтарында демографиялық тенгерімсіздік орын алғып отыр. Елдің онтүстігінде және батысында еңбек ресурстары артық болса, ал солтүстік және шығыс аймақтарында олар көрініше жетіспеуде.

Индустримальық-инновациялық даму ережелеріне сәйкес әлем күннен-күнге өзгеру үстінде. Осылайша, бизнес-процестерді

оңтайландырудың және автоматтандырудың нәтижесі еңбек өнімділігінің жоғары деңгейі бар мамандардың тапшылығына әкеліп соғады. Дүниежүзілік банктің деректері бойынша, алдағы уақытта жаһандық жұмыс орындарының дағдарысы орын алады деп болжануда. Технологиялық процестің әсері еңбек нарығындағы теңгерімсіздікті арттыруға әкелуде. Тау-кен және металлургия өнеркәсібінде және ауыл шаруашылығында жұмыс атқарып жүрген еңбек ресурстарының орындарының босап қалу қаупі бар. Білімді талап ететін салалардың дамуы жоғары білікті мамандарға деген сұранысты арттырады.

Қазақстан жаңа әлемде табысты навигацияға бейімделіп, төртінші өнеркәсіптік революция әлеміндегі осы жаһандық қауіп-қатерлерге дайын болу қажет. Бұл үшін ең алдымен еңбек ресурстарын заман талабына сай құзыреттілік және инновацияларды менгеруге барынша бейімдеу қажет [6].

### **Қорытынды:**

Бүгінгі төртінші өнеркәсіптік революция жағдайында көптеген кәсіптер мен мамандықтар автоматтандырылу үстінде. Болашакта адвокаттар, қаржы талдаушылары, дәрігерлер, журналистер, есепшілер, сақтандыру агенттері, кітапханашылар сияқты мамандықтар да автоматтандырылады деп күтілуде.

Оксфорд Мартин мектебінің екі зерттеушісі – экономист Карл Бенедикт Фрей және компьютерлік өкіту жөніндегі сарапшы Майл Осборн инновациялық технологиялардың жұмыссыздыққа әсер ететін сандық мағынасын анықтады. Зерттеушілер жақын арада және келешекте автоматтандыруға ұшырауға мүмкін мамандықтардың тізімін жасады (2, 3 кесте).

### **2-кесте. Жақын арада автоматтандыруға ұшырауға мүмкін мамандықтар**

Сенімділік	Мамандықтар
0,99	Телефон сату бойынша мамандар
0,99	Салық құжаттамасын толтыру мамандары
0,98	Автокөлікті сақтандырудағы бағалаушылар
0,98	Спорт салысЫндағы төрешілер мен басқа да қызметшілер
0,98	Құқықтық мәселелер бойынша хатышылар
0,97	Даяршылар мен хостестер
0,97	Жылжымайтын мүліктерді сату агенттері
0,97	Ауыл шаруашылығы саласының мердігерлері
0,96	Әкімшілік жұмыс бойынша хатышылар мен көмекшілер
0,94	Курьерлер

### 3-кесте. Келешекте автоматтандыруға ұшырауға мүмкін мамандықтар

Сенімділік	Мамандықтар
0,0031	Психикалық бұзылуулармен ауыратын адамдарға көмектесетін әлеуметтік қызметкерлер
0,0040	Хореографтар
0,0042	Терапевттер мен хирургтер
0,0043	Психологтар
0,0055	Кадрлық ресурстарды басқарушылар
0,0065	Компьютерлік жүйелер талдаушылары
0,0077	Антрапологтар мен археологтар
0,0100	Теңіз инженерлері мен кеме жасаушылар
0,0130	Сату бойынша менеджерлер
0,0150	Бас директорлар

Төртінші өнеркәсіп революция жағдайында технологиялардың жедел дамуы жұмысшылардың жаңа дағдылар мен жаңа әдістерге бейімделуін талап етеді [12].

Сондықтан да кәсіптік білім беру бағдарламаларын жаңарту ең алдымен еңбек нарығының және жұмыс берушілердің сұранысын қанағаттандыруға бағытталуы тиіс. Осы тұста алдағы он жылдықта бірқатар дәстүрлі мамандықтардың жойылып, жаңалары пайда болуына байланысты 2025 жылға дейін экономиканың негізгі және жаңа салаларына қажетті мамандықтардың тізім жасалып, баршаға қолжетімді интернет-ресурстарда жариялануы қажет. Бұл негізінен жұмыс іздеушілердің мамандық таңдау кезінде еңбек нарығындағы сұранысқа ие мамандықтарға бағдар алуына жол аштын болады.

Еңбек ресурстарын тиімді басқару арқылы келесі нәтижелеге қол жеткізуге болады:

1. Экономика салаларына қажетті мамандарды даярлап, олардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету;
2. Елдегі жұмыссыздық деңгейін төмендету;
3. Еңбек өнімділігін арттыру.

Жоғарыда көрсетілген өте күрделі міндеттерді орындауға жалпы қоғам жұмылдырылуы тиіс. Еңбек ресурстарын басқару жүйесінде жаңа басқару әдістері мен жаңа технологияларын енгізу тұтастай алғанда халықтың әл-ауқатын арттыруға мүмкіндік беретінін құрал екендігін түсіну қажет.

**ӘДЕБИЕТТЕР:**

- 1 «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 14.12.2012 ж.
- 2 Үйдірыс С.С. Проблемы повышения качества трудовых ресурсов в условиях инновационного развития Республики Казахстан // Вестник КазНУ. Серия экономическая. – 2016. – № 3 (115). – С.43-46.
- 3 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашақта бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы, Астана қ., 12.04.2017 ж.
- 4 Кулекеев Ж.А., Куқанова Г.Ж., Есимова Ш.А., Айгазин Ж.Ж. Анализ динамики и структуры трудовых ресурсов Республики Казахстан // Научно-аналитическая работа. – Астана: Академия государственного управления при Президенте Республики Казахстан, 2014. – 134 с.
- 5 Ivan M., Albu R.G. A new model of vocational education and training in Brasov country.– Brasov, 2014:URL: <https://search.proquest.com/openview/1f279f5bdc1f915f2c6ca71979c7261c/1?pq-origsite=gscholar&cbl=105975> (доступ:15.02.2018).
- 6 Нуркатова Л.Т. Человеческий капитал – основа модернизации. – Астана, 2018: URL: [http://lenta.inform.kz/ru/lyazat-nurkatova-chelovecheskiy-kapital-osnova-modernizacii\\_a3130847](http://lenta.inform.kz/ru/lyazat-nurkatova-chelovecheskiy-kapital-osnova-modernizacii_a3130847) (доступ:15.02.2018).
- 7 «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығы.
- 8 Ирсалиев С., Култуманова А., Тупеков Э., Булдыбаев Т., Кусидинова Г., Исаков Б., Забара Л., Барон Л., Каротких Е. Национальный доклад о состоянии и развитии системы образования в Республике Казахстан, 2016 год (за годы Независимости Казахстана) – Астана: АО «Информационно-аналитический центр», 2017. – с.482
- 9 «Төртінші енеркесіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы, Астана қ., 10.01.2018 ж.
- 10 Human Development Report. – New York, 2016: URL: [http://hdr.undp.org/sites/default/files/2016\\_human\\_development\\_report.pdf](http://hdr.undp.org/sites/default/files/2016_human_development_report.pdf) (доступ:15.02.2018).
- 11 «Техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлауды және қысқа мерзімді кәсіптік оқытуды үйімдестеру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 30 қантардағы № 35 бұйрығы.
- 12 Клаус Шваб. Четвертая промышленная революция. – Эксмо, 2016: URL: <http://www.eurasiancommission.org/ru/act/dmi/workgroup/materials/Pages>

Куанышбек Құлжанов<sup>1</sup>, Әсель Жартыбаева<sup>2</sup>,

<sup>1</sup>Қазақстан Республикасы Президентінің жасындағы Мемлекеттік басқару академиясының магистранты,

<sup>2</sup>Қазақстан Республикасы Президентінің жасындағы Мемлекеттік басқару академиясының магистранты

**«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДЫ»  
ЖҰЗЕГЕ АСЫРУ КОНТЕКСІНДЕГІ  
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚӨШІ-ҚОН ҮРДІСТЕРИ**

*Аңдатпа.* Мақала 1991–2016 жылдардағы Қазақстандағы қөші-қон процесстерін қысқаша сипаттайды. Зерттеу барысында этностар, халықтың жынысы және жасы бойынша, сонымен қатар ішкі және сыртқы қөші-қон ағымдары қарастырылды. Мақалада өнірлік контекстегі дербес деректер көлтірілген.

*Тірек сөздер:* Қазақстан, ішкі және сыртқы қөші-қон, қөші-қон айырымы, әмбранттар, иммигранттар.

---

**Куанышбек Кулжанов, Асель Джартыбаева,  
МИГРАЦИОННЫЕ ПРОЦЕССЫ В РЕСПУБЛИКЕ  
КАЗАХСТАН В КОНТЕКСТЕ РЕАЛИЗАЦИИ «РУХАНИ  
ЖАНҒЫРУ»**

*Аннотация.* Обзорная статья посвящена краткому статистическому анализу миграционных процессов в Казахстане в период с 1991 по 2016 годы. В ходе исследования были рассмотрены как внутренние, так и внешние миграционные потоки, в том числе по этносам, полу и возрасту населения. В статье приведены отдельные данные в региональном контексте.

*Ключевые слова:* Казахстан, внутренняя и внешняя миграция, сальдо миграции, эмигранты, иммигранты.

## Kuanyshbek Kulzhanov, Assel Dzhartybayeva

### MIGRATION IN KAZAKHSTAN SINCE INDEPENDENCE TO THE PRESENT

**Abstract.** The authors of the article provide a statistical analysis of migration in Kazakhstan within the period from 1991 to 2016. The survey, on which the article is based on, took into consideration both internal and external migration flows and ranged them in terms of the ethnic background, gender and age of the migrants. Additionally, the article presents certain the data in the regional context.

**Key words:** Kazakhstan, internal and external migration, migration balance, emigrants, immigrants.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты өз мақаласында ел Президенті елдің экономикалық және әлеуметтік-инновациялық дамуы үшін анықтаушы фактор болуы тиіс адами ресурстар қасиеттерінің маңыздылығын атап көрсетіп, «минералдық ресурстар емес, адамның бәсекеге қабілеттілігі ұлт табысының факторы болып табылады» дейді.

Адами әлеуеттің негізін демографиялық әлеует құрайды. Елдегі демографиялық жағдай 2002 жылдан бастап, халық санының түрақты өсіүнен көрініс алады. Соңғы жылдарды ел халқының саны туған бала санының өлгөн адамдар санынан артуы есебінен жыл сайын 250 мыңға жақын адамға өсіп отыр. Бұнымен қатар, соңғы 6 жыл бойына халықтың миграциялық кемуі байқалады. 2016 жыл бойынша миграция сальdosы 21 мың адамға азайды, басқаша айтқанда 35 мың адам кетіп, 14 мың адам келді. Халықтың миграциялық ағымына қарамастан, таза әмиграция айтарлықтай алшақтық байқалған табиғи өсіммен орны толады. Қазіргі қоғамда миграциялық процестердің әлеуметтік-экономикалық түрғыда анағұрлым кең таралған және маңызды процесс болып табылатынын айта кеткен жөн. Бұл процестерге жер бетінің шамамен 2-3% түрғыны қатысады.

Қазақстан жалпы әлемдік миграциялық процестерге қатысады. Тәуелсіздік жарияланған сәттен бастап Қазақстан еңбек және жалпы миграция ағымдарын қабылдайтын елге, сондай-ақ алыс және таяу шетелдерге халқы кеткен елге айналды.


Елдегі әмиграция ауқымын бағалау үшін елден кеткендер санының үлесін жалпы адам санына шағып салыстырайық. 2016 жылдың

қорытындысы бойынша аталмыш көрсеткіш 0,2% адам құрады, бұл Ұлыбритания, Австрия, Франция (0,4-0,6%) сияқты өркениетті елдердің деңгейіне сәйкес келеді. Халықаралық миграцияның негізгі себебі, көп жағдайда, жұмыс, оку орнын іздеумен, өз отбасының өмір сүру деңгейін жақсартысы келген ниетпен байланысты туындайтын экономикалық себеп болып табылады. Қазақстан үшін төменде келтірілген миграциялық процестер талдауы халықтың жылыстау себебіне елдің байырғы емес тұрғындарының өздерінің тарихи елдеріне қайта оралуымен (көшуімен) байланысты саяси жағдай да қосылатынын көрсетеді. Осылайша, ел миграциясының көлемі мен себептері, жалпы, елдің тарихи қалыптасқан құрамына байланысты табиғи процеске негізделеді.

Төменде елдегі адами ресурстардың саны мен сапасына миграция әсерінің деңгейін түсіну үшін елдегі ішкі және сыртқы ағымдардағы миграциялық процестерге статистикалық талдау келтірілген.

ТМД елдерінің көшілігіне қарағанда Қазақстан кеңестік дәуірден кейінгі кезеңде этникааралық тұрақтылықпен, этникааралық даудамайлардың болмауымен ерекшеленеді. Бұған қарамастан, 1990-шы жылдар елдегі тұрақсыз экономикалық және саяси оқигаларға, сондай-ақ елдің этникалық құрамының өзгешелігіне байланысты миграцияның айтқысыз көлемімен ерекшеленді. Ел миграциясы бақылаудан тыс сипатқа ие болды және Қазақстандағы анағұрлым өзекті әлеуметтік проблемалардың біріне айналды.

1991-2003 жылдар кезінде ел халқы 2,1 млн. адамға азайды, басқаша айтқанда 3,1 млн адам кетіп, 1 млн адам келді.




1 - сурет. Қазақстан халқының ішкі миграциясы

Сыртқы миграцияның үдеуі 1994 жылдары орын алды. Бұл кезде сыртқы миграциялық процестерге 547 мың адам қатысты, оның ішінде эмигранттар – 477 мың адам және иммигранттар – 70 мың адам.

Елден кеткен ауқымды миграциялық ағымның нәтижесінде, сондай-ақ төмен табиғи өсімнің салдарынан жалпы халық санының 1992 жылдың басындағы 16,5 млн адамнан 2002 жылдың басындағы 14,9 мың адамға дейін (тәуелсіздік жылдарындағы халық санының ең аз мәніне) азаюы орын алды.

Бұл кезеңде иммиграцияның көп ағымына алыс және таяу шетелден келген оралман қазақтардың өз отанына оралуы себеп болды. Негізгі эмиграция ағымын Ресей Федерациясы, Украина, Германия, АҚШ, Канада және т.б. сияқты елдерге тұрақты өмір сұру үшін кеткендер құрады.

Бұдан әрі 2000-2016 жылдар аралығындағы сыртқы және ішкі миграцияны анағұрлым жан-жақты қарастырайық.



**2 - сурет. Жекелеген этностар мен елдер бойынша  
эмигранттар санының динамикасы**

Сыртқы эмиграцияның 1997 жылдан бастап, үздіксіз төмендеуі 2006 жылға дейін жалғасты. Содан соң, елден кеткендер санының өзгеруі толқыналы сипатта болды: 2007-2008, 2011 жылдары өсім байқалса, 2009-2010, 2012-2013 жылдары – төмендеу орын алды. Одан кейін эмигранттардың өсу кезеңі басталды. Нәтижесінде елден кеткендердің ең аз саны 2013 жылы 24,4 мың адам деңгейінде болды. Көрсетілген мәнмен салыстырғанда 2016 жылы эмигранттар саны 43%-ға өсіп, 34,9 мың адамға жетті.

Кестеден көріп тұрғанымыздай, эмиграциялық ағымдар динамикасы орыстардың кетуін көрсетеді. Қарастырылуши кезеңде

елден кеткендер арасында орыс ұлтты эмигранттардың үлесі орта есеппен 65%, украиндар – 8%, немістер – 13%, татарлар – 2% және ақырында қазақтар – 5% құрады. Қазақтардың үлесі 2003 жылы эмигранттардың жалпы санынан 5,9% деңгейіне немесе 4,4 мың адамға, 2016 жылы 3,9% деңгейіне немесе 1,4 мың адамға жетті. Бұл ретте сыртқы эмиграциядағы орыс этносының үлесі басқаларымен салыстырғанда үнемі өсіп, 1999 жылғы 55%-дан 2016 жылы 71% -ға жетті. Бұған 2006 жылы қабылданған шетелде өмір сүріп жатқан отандастарды Ресей Федерациясына көшіру бағдарламасы септігін тигізді. Бағдарлама КСРО құлаған соң РФ-ның аумағынан тыс қалған және Ресейге көшіп келгендерді көшіруге бағытталды. Бастапқыда оның әрекет ету мерзімі 2012 жылмен шектелсе, 2013 жылдан бастап, ол мерзімсіз режимге ауыстырылды. 2013 жылдан бастап, оның жекелеген ережелері өзгерді, «басым орналастыру аумактары» бөлінді. Бұл аумактар үшін көшерақы арттырылды.

Салыстыру үшін біздің еліміз бересіндегі оралмандары үшін қарастырылған жәрдемақы көлемін келтірейік.

Ресей Федерациясы басым орналастыру аумактарына тұрақты тұру үшін қоныс аударатын Мемлекеттік бағдарламаға қатысуышыларға жәрдемақыны 2 кезеңмен төлейді. Бірінші кезең – басымдықпен орналастыру аумағына келген соң қатысуышыға шамамен 150 мың рубль және әрбір отбасы мүшесіне 70 мың рубль төленеді. Екінші кезенде – келу орны бойынша онда есепке қойылған күннен бастап 18 ай өткен соң көрсетілген мерзім ішінде қатысуышыға 90 мың рубль, ал әр отбасы мүшесіне 50 мың рубль төленеді [8].

Осылайша, **2 адамнан тұратын отбасына** Ресей Федерациясы 220 000 руб. сомасында (28.02.2018 күйі бойынша 3 952 USD), 18 ай өткен соң 140 000 руб. (2514 USD) көлемінде көшерақы төлейді. Жалпы Ресей Федерациясы мемлекеттік бағдарлама бойынша көшіп келген отандастарына шамамен 360 000 руб. (6 466 USD) бөледі.

Қазақстанда 2017-2021 жылдарға арналған нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасының шенберінде субсидиялар қарастырылған, көшу үшін отбасының әрбір мүшесіне 35 АЕК көлемінде ( $1 \text{ AEK} = 2 405 \text{ тг}$ ) және 12 ай бойына тұрғын үйді жалдау (жалға алу) және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстарды өтеуге отбасына 15-тен 30-ға дейінгі АЕК ұсынылады [7].

Осылайша, **2 адамнан тұратын отбасына** Қазақстан көшерақыны шамамен – 168 350 тг. (528 USD) көлемінде төлейді. Сондай-ақ 12


ай бойына отбасына 30 АЕК 865 800 тг. (2 717 USD) көлемінде ай сайынғы төлемдер төленеді, жалпы Қазақстанда көрсетілген мерзім ішінде мемлекет шамамен – 1 034 150 тг. (3 245 USD) төлейді.

Нәтижесінде Ресей Федерациясының мемлекеттік бағдарлама бойынша төлейтін төлемдерінің сомасы Қазақстанның сол мақсаттар үшін төлейтін қаражатынан 2 есе артады.

Жалпы Ресейге келетін иммигранттардың саны ресейлік бағдарламаның тиімділігін көрсетеді. Бұнымен қоса, қоныс аударушыларды қызықтыратын фактор аналық капитал және зейнетақыға анағұрлым ерте жаста шығу жайттары болып табылады.

Жоғарыда айтылғанды және Қазақстанның ұлттық құрамын ескерсек, мигранттар бағыт алғын басты елдің неліктен Ресей екенін түсінуге болады, осылайша олар барлық эмигранттардың 82%-н (2000-2016 жж. орташа мән) құрайды. Одан кейінгі орында Германия – 16%, Беларусь – 2%, Украина, Өзбекстан, Канада, АҚШ – 1%-дан.

Өнірлер бөлігінде 2016 жыл бойынша елден кеткендердің анағұрлым көп үлесі Қарағанды – эмигранттардың жалпы санының 17% (2000 ж. 11%-бен салыстырғанда), Павлодар – 13% (11%), Шығыс Қазақстан – 12% (8%) және Қостанай – 12% (14%) облыстарына және Алматы қаласына – 11% (7%) тиесілі. Эмиграцияның қарқындылығы бойынша Павлодар және Солтүстік Қазақстан (1000 адамға шаққанда 5,8 эмигранттан), Қостанай (4,9) облыстары алдыңғы қатарда.



**3 - сурет. Жекелеген этностар және елдер бойынша иммиграция динамикасы**

Қарастырылушы кезеңде иммиграцияның үдеген шағы 2005 жыл болды. 2004 жылдан бастап, миграцияның оң сальдосы алғаш рет қалыптасты, бұл елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың жақсаруымен байланысты болып, бұл көрініс 8 жыл бойына, 2011 жылға дейін жалғаса отырып, халық санының миграциялық өсімі 99 мың адамға артты.

Одан әрі, елдегі миграциялық ағым төмендей отырып (2010 жылды қоспағанда), 2005 жылғы 74,8 мың адаммен салыстырғанда 2016 жылды 13,8 мың адамға кеміді. Кестеден көріп отырғанымыздай, иммиграция динамикасын тарихи отанына, басым жағдайда Өзбекстаннан келген этникалық қазактардың саны анықтайды. Иммигрант қазақтардың үлесіне барлық келгендердің 56% тиеді (2016 ж.), орыстар – 21%, өзбектер мен украиндар 3% құрайды.

Бұл ретте, шетелде өмір сүріп жатқан және Қазақстанға тұрақты негізде көшіп келгісі келетін қазақ отандастарымыздың саны 2005 жылмен салыстырғанда азайып, олардың саны 8 есе қысқарды. Бұнымен қатар, орыс иммигранттардың саны 2000 жылмен салыстырғанда 6 есе қысқарды, бұл кезеңде олардың саны қазақ иммигранттардан артқан еді.

16 жыл ішінде елге келген мигранттар қалауы біршама өзгерді. 2016 жылы олар көшіп келіп, орналасу үшін Алматы облысына (барлық иммигранттардың 24%), Манғыстау облысына және Алматы қаласына (13%-дан), Оңтүстік Қазақстан облысына таңдау жасады (9%). Ал 2000 жылы болашақ мекенжайы үшін 37% мигранттар Оңтүстік Қазақстан облысын таңдаған.

Қазақстанның негізгі миграциялық донорлары ретінде үш ел ерекшеленді, олар елге келген барлық миграциялық ағымның 79%-н (2016 ж.) құрады, оның ішінде Өзбекстан (37%), Ресей (27%), Қытай (15%). 2000 жылы негізгі көшу ағымы Ресей мен Өзбекстанның үлесіне, сәйкесінше 50% және 27%-дан тиіді, Қытай 1%-дан аз алды. Бұл ретте 16 жыл бойына Қытайдан келгендердің саны келесі ретпен өзгерді: 189-дан 2114 адамға дейін, ең жоғары мән 2008 жылы 6328 адам санымен белгіленді, Өзбекстан – 12810 -нан 5028-ге, (ең көп саны – 2005 жылы 44648 адам), Ресей – 23941-ден 3723-ке дейін өзгерді.

Жалпы ТМД елдерінің үлесіне 2000 жылғы 92%-бен салыстырғанда 2016 жылғы 77% иммигранттар тиіді, оның ішінде Қыргызстан –

4%-дың қалпын сақтаса, Түрікменстан – 4%-ға қарағанда 3%, Украина – 3%-ға қарағанда 2% құрап, ТМД елдеріне тыс елдер үлесіне – 2000 жылғы 8%-бен салыстырғанда 2016 жылы 23% тиді, оның ішінде Германия мен Монголия – 1%-ға қарағанда 2% құрады.

Сарапшылардың пікірінше, мигранттардың тікелей және кері ағымдары қалыпты жағдайларда бір-бірінен 10–30 пайызға ерекшеленеді. Бұл тұрғылықты мекенжай таңдау еркіндігін, қозғалыс еркіндігін, жоғары мобильділікті білдіреді [1]. Осы пікірге сәйкес, 2003-2013 жылдардағы миграциялық процестер Қазақстан үшін ағып жатқан миграциялық процестер тұрғысында қолайлы болды (миграция сальдосы 10-30% шегінде немесе он сипатта).

Алайда, соңғы үш жылда ағымдар арасындағы айырмашылық үлғая түсіп, 2016 жылы 154% құрады, басқаша айтқанда елден кеткендер келгендеге қарағанда 2,5 есеге артты. Бұл жылдардағы миграцияның кері сальдосы (2014-2016 жылдар) 4 облысты: Алматы, Атырау, Маңғыстау және Оңтүстік Қазақстан облыстарын қоспағанда, көпшілік өнірлерге тән құбылыс болды.

Талдау жасалған кезең бойынша орыстардың миграциялық кемуі 470 мың адам, немістер – 134 мың, украиндар – 64 мың адам құрады.

Соңғы жылдары кірмелік миграцияда әйелдер саны арта бастады. Талдау жасалынатын кезең бойынша Қазақстанда тұратын мигранттар арасында әйелдер үлесі 2000 жылғы 47,8%-дан 2016 жылғы 53,3% -ға дейін артты. Бұл ретте эмигранттар арасында «нәзік жандылар» саны ерлер санынан тұрақты түрде артты (әйелдердің үлестік салмағы 53,5%-55,2% шегінде болды). 2016 жылғы кезең бойынша 80% әйел ТМД елдерінен келіп, 54% әйел 20-39 жас шамасында болды.

Иммигранттардың құрылымын елде ең жоғары миграциялық ағым тіркелген 2005 жылмен салыстыра отырып, еңбекке жарамды жастан кіші мигранттар санының 14 есеге (0-15 жас аралығындағы балалар), еңбекке жарамды жастағылар санының (ерлер үшін 16-62 жас, әйелдер үшін 16-57 жас) – 5 есеге, еңбекке жарамды жастан жоғарылардың – 4 есеге төмөндегенін байқауға болады. Нәтижесінде 2016 жылы жас құрылымы келесі ретпен қалыптасты 23%, 71%, 9%-бен салыстырғанда, сәйкесінше, 9%, 82%, 9%. Егер 20-34 жастағы мигранттар үлесіне 2005 жылы – 36% тисе, 2016 жылды – 44% тиді.

Осылайша, иммигранттардың жас құрылымының үлкен жастағыларға жылжығаны, және елге келген анағұрлым белсенді миграцияның баласыз жастар екені белгілі болды.

**Эмигранттар арасында** осындай талдау жүргізе отырып, 2000 жылмен (қарастырылған кезеңдегі эмигранттардың ең жоғары мәні) салыстырғанда, анағұрлым өзгеше құбылыс байқалады, жас құрылымында балалардың үлесі 18%-дан 23%-ға, еңбекке жарамды адам саны – 68%-дан 70%-ға көбейді, зейнеткерлік жастағы және одан да үлкен жастағы адамдар санының, керісінше, 14%-дан 7%-ге дейін азайды. Бұл ретте, 15-24 жас шамасында елден кеткендердің үлесі 22%-дан 14%-ке дейін төмендеді, бұл жастағы миграция, көбіне, білім алушынан байланыстырылатын «оқу миграциясы». Сол кезде, интернет дереккөздерінің деректеріне сүйенсек, Қазақстан бірнеше жылдар жаңарынан ресейлік ЖОО-да білім алушы студенттер саны бойынша ең алдыңғы орында. 2015-2016 академиялық жылдары Ресейде біздің елімізден келген 73 455 студент білім алған, бұл алдыңғы жылдан 4%-ға артық көрсеткіш болып табылды [2].

«Болашақ» халықаралық бағдарламалар орталығының деректеріне сәйкес 24 жыл ішінде, халықаралық стипендия 12,5 мыңнан астам Қазақстан азаматтарына берілген [9]. Егер 2016 жылы «Болашақ» стипендиясының 700 адамға берілгенін ескерсек [10], онда көптеген оқу мигранттарының өз қаражаты есебінен білім алатынын түсінуге болады, бұл олар Қазақстанға қайтып оралған жағдайдағы мультиплікативтік әсері бар инвестициялар сипатын білдіреді.

Соңғы жылдары кірме миграцияның үдеуі ерлерде 25-29 жас шамасына, әйелдерде 20-24 жас шамасына тиесілі; кірмелік миграцияда – 30-34 жаста екі жыныста да байқалады.

Мигранттарды некедегі жағдайы бойынша қарастырғанда келесі жайт байқалады: 15 жастан асқан иммигранттар арасында «бұрын некеде болмағандар» жағына қарай өзгерістер орын алған, бұл санаттың артуы 2000 жылмен салыстырғанда 6 пайыздық тармақта өсіп, жесір және некедегі мигранттар санының қысқаруы есебінен 34% құрады (2017 ж. алдын ала деректер). Соңғыларының салмақтық үлесі 56% құрады. Эмигранттар арасында құрылымдық өзгерістер, керісінше, отбасылы мигранттар мен ажырасқандар жағына қарай орын


алды, сәйкесінше, олардың үлесі 3 және 2 пайыздық тармаққа өсіп, 61% және 9% құрады.

Қазіргі уақытта «зияткерлік қоныс аудару» проблемасы өзінің өзектілігін жоғалтқан жоқ. Осылайша, 2000 жылмен салыстырғанда, елден кеткендер саны айтарлықтай төмен болса да, эмигранттардың сапалық құрамы тұрақты жақсарған. Кеткендер арасында жоғары және орта арнайы білімі бар тұлғалардың үлесі 2000 жылдан бастап, 2017 жылға қарай, сәйкесінше, 45%-дан 72%-ға өсті, бұл негізінен, жоғары білімі бар мигранттар есебінен (14%-дан 40%-ға) болды (алдын ала деректер 15 жастан асқан эмигранттар арасында). Бұл ретте, елге келген мигранттар арасында білім деңгейі төмендеуде, талдау жасалынған кезең бойынша жоғары және орташа арнайы білімі бар тұлғалар үлесі 45%-дан 41%-ға қысқарған.

Этникалық қазақтарды тарихи отанына оралуға ынталандыру мақсатында заңнамада әлеуметтік-экономикалық қолдаулар қатары қарастырылған. Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің деректеріне сүйенсек, 1991-жылдан бастап, 2016 жылдың 1 қаңтарына дейін Қазақстанға 261,1 мың отбасы немесе 957,8 мың этникалық қазақтар келіп, оралман мәртебесін алған, бұл ел халқының жалпы санынан 5,5% құрайды. Көшілік оралмандар - 61,6% Өзбекстаннан келді, 14,2% Қытайдан, 9,2% Монголиядан, 6,8% Түркменстаннан, 4,6% Ресейден және 3,6% басқа елдерден шыққандар.

Жалпы алғанда, 25 жыл ішінде Қазақстанға 957 мыңнан астам оралман келді. Елге келген тұлғалар құрамында еңбекке жарамды жастағылар 55,6%, 18 жасқа дейінгі балалар – 39,9% және зейнеткерлер – 4,5% құрайды. Еңбекке жарамды жастағы оралмандар санының 8,8%-да жоғары білімі, 20,6% – орта арнайы білімі, 60,8% – жалпы орта білімі бар, ал 9,8% -ның білімі жоқ. Егер жастағы қоныс аударушылардың айтарлық үлесі ешбір білімі жоқ тұлғалар болып табылады.

Оралмандардың айтарлықтай көп саны Оңтүстік Қазақстан облысында – 21%, Алматы облысында – 16%, Манғыстау облысында – 13%, Жамбыл облысында – 9% орналасса, қалған 40% басқа өнірлерде орналасқан [3]




**4-сурет. 1991-2015 жылдар аралығындағы оралмандар иммиграциясы**

Қазақстанға келетін сыртқы еңбек иммиграциясының проблемасын реттеу мақсатында жыл сайын шетелдік жұмыс күшіне квота белгіленеді. Жауапты органның ресми деректеріне сәйкес, шетелдік жұмыс күшін тарттыруға қарастырылған квота 2017 жылы экономикалық қызмет түрлері бойынша жұмыс күшіне 0,6 % көлемінде белгіленді, бұл 54,1 мың бірлікті құрайды.

Еңбек мигранттары шығатын негізгі елдер өткен жыл бойынша келесілер болды: Қытай – 12,4 мың адам немесе 43%; Түркия – 3,3 мың адам немесе 11%; Өзбекстан – 2,3 мың адам немесе 8%; Ұлыбритания және Үндістан – 1,2 мың адамға дейін немесе 4%. Таяу шетелдерден келген миграция көп жағдайда жаппай сипатта және ресми деректерден айтарлықтай жоғары болуы мүмкін.

Еңбек мигранттарының көпшілігі құрылыш (56%), тау-кен игеру өнеркәсібі және кеніштерді игеру (8%), өзге қызметтер түрін ұсыну (8%), өндеу өнеркәсібі саласында (4%) жұмыс жасайды [4].




**5-сурет. Ішкі миграция динамикасы**

Ұсынылған кестеде соңғы 3 жыл бойына халықтың мобиЛЬДІЛІГІНІҢ өңірлік (облысішлік), сондай-ақ өніраралық миграция бойынша

өсkenі байқалады. Ішкі миграция құрылымында өңірлік қоныс аударулар 2001 жылдан бастап, көп үлесті алады (орта есеппен 56%).


Жұық бағалаулар бойынша, 2000-2016 жылдардағы кезеңде шамамен 6 млн адам немесе ел халқының үштен бірі ішкі миграция процестеріне қатысты. 2000 жылы ішкі миграцияға 277 мың адам, 2010 жылы – 366 мың адам және 2016 жылы – 617 мың адам қатысты.

Бұрынғыдай, ел халқы Алматы және Астана қалаларына ерекше қызығушылық танытады. Бұл ретте, 2015 жылы талдау жасалынып отырған кезең бойынша алғаш рет Астана қаласында 2463 адамға халықтың миграциялық кемуі орын алды.



**6-сурет. 2000, 2016 жылдардағы облыстар бойынша ішкі миграция сальдосы**

Ресми статистиканың тек тіркелген ішкі мигранттарды ғана есепке алатынын, олардың іс жүзіндегі санының айтартықтай көп екенін ескеру керек.



**7-сурет. Қалалық және ауылдық елді мекендердегі ішкі миграция динамикасы**

Елде 2013-2016 жылдары кенттеу қарқындарының ұлғайғаны, ауылдық жерлерден қалаға қоныс аударудың артқаны байқалады. Ауыл халқы миграциясының сальдосы 2016 жылы Маңғыстау және Алматы облыстарын қоспағанда, барлық облыстарда байқалды.

Бұнымен қатар, көптеген өнірлерде қалалық жерлерде халықтың миграциялық кемуі белгілі болды. 2016 жылы қала халқы миграциясының көрі сальдосы Жамбыл (- 8129 адам), Оңтүстік Қазақстан (- 7675), Маңғыстау (- 5408), Алматы (- 4768), Ақмола (- 4006), Қарағанды (- 998) және Шығыс Қазақстан облыстарында (- 513) қалыптасты. Тағы бір жағынан, облысаралық миграция нәтижесінде Батыс Қазақстан (3067), Қостанай (2227), Ақтөбе (1602), Атырау (1422), Солтүстік Қазақстан (1040), Павлодар (70), Қызылорда (32) облыстарында халықты қабылдайтын өнірлер қалыптасты.

2000-шы жылдардың басынан бері миграциялық өсімнің Астана қаласында 453,3 мың адам және Алматы қаласында – 318,4 мың адам құрағанын айта кеткен жөн, бұл санды қосқанда Қызылорда облысы халқының саны шығады дерлік.

Ішкі миграция құрылымындағы анағұрлым үлестік салмақты қазақтар алады: 2000 жылы – 69%, 2010 жылы – 78%, 2016 жылы – 85%. Қазақтардың қоныс аударуының ұлғаоы ауылдық тұрғындардың этникалық құрамының көбіне негізгі ұлттан болуымен байланыстырылады. Одан кейінгі орында орыстар, сәйкесінше, 19%, 12% және 9%-бен түр. Україндар мен немістер шамамен 1%-дан алады.

Ішкі миграцияда әйелдер саны басым, олардың үлесі 2000 жылғы 51%-дан 2016 жылы 54%-ға дейін артты. Бұл ретте, 2011-2012 жылдар әйелдердің одан да көп миграциялық белсенделілігімен ерекшеленеді, олардың үлестік салмағы 59% деңгейінде белгіленеді. Мигрант әйелдердің анағұрлым көп саны Оңтүстік Қазақстан облысында – 14%, Алматы облысында – 12%, сондай-ақ Алматы қаласында – 11%.

Осылайша, ағымдағы миграциялық процестердің «табиғилығына» қарамастан, талдау нәтижесінде бірнеше қатар үрдістер анықталды:

- шетелде тұратын этникалық қазақтар үшін миграциялық тартымдылықтың төмендеуі. Жалпы Бүкіләлемдік қазақтар қауымдастығының деректері бойынша Қазақстаннан тыс шамамен 5 миллионнан астам қазақ өмір сүреді [5] және ел үшін осы демографиялық әлеует толық көлемде пайдаланылмайды;

- елде кенттену процесі, әсіреле, соңғы жылдары күшейе түсіп, әлеуметтік-аумақтық айырмашылықтар тереңдеуде.

- миграция векторы елдің тек екі қаласы: Астана және Алматы қалаларының жағына қарай бағытталған, бұл тек ауылдық емес, сондай-ақ елдің басқа да өнірлеріндегі халық санының азаюын тұындалады.

Осы және басқа да проблемалардың шешіміне Қазақстан Республикасының 2017-2021 жылдарға арналған жаңа көші-қон саясатының тұжырымдамасы бағытталған. Құжатта ұсынылған шаралар алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибелің көрінісі болып табылады және имигранттардың негізгі ағымының біздің еліміздің 2021 жылға қарай үлесіне бағытталу өзгерістері туралы болжам жасайды.

Алайда, Тұжырымдамада миграциядағы «ғұламалардың жылыштауы» сияқты құбылыстың алдын алу бойынша шараларға назар аударылмаған. Ел Президенті «Төртінші өнеркәсіптік революция дәуірінде адами капитал жаңғыру негізі болып табылады» – деп бірнеше мәрте атап көрсеткен соңғы Жолдауының мәнмәтінінде бұның маңызы ерекше артады. Ғалымдар мен сарапшылардың пікірінше, экономиканың алдағы 10–15 жылға басты талабы, ғұламалар үшін шайқас болмақ. Және бұл шайқаста саясаты анағұрлым тиімді ел женіске жетеді. Кейбір елдерде ғалымдарды, ЖОО тұлектерін елге қайтаруға бағытталған бағдарлама көптен бері іске асырылады, таланттарды қолдау және т.б. бағдарламалар бар. Әсіресе, 2008 жылдан бері маңызды мемлекеттік жобаларға, оқу орындарына, зертханаларға, сондай-ақ орталықты бағынысты кәсіпорындарға, мемлекеттік маңызы бар қаржы мекемелеріне, жоғары технологиялы аймақтарға шетелден жоғары деңгейлі кадрларды тарттыру белсенді жүргізілетін Қытай тәжірибесі қызықты. Ұлыбритания үкіметінде АҚШ-тан 50-ге жуық жетекші ағылшын ғалымдарын қайтару үшін 6 миллион доллар бес жыл бойына жыл сайын бөлінді. Канада үкіметі жетекші ғылыми қызметкерлердің 2000 жаңа позицияларын құру үшін 205 миллион доллар бөлді [11]. Елдің экономикалық және инновациялық дамуы үшін ғылыми әлеуеттің маңызын түсінген мемлекеттердің қаражат бөлетінін айта кеткен жөн.

Егер біз бәсекеге қабілетті ұлт болғымыз келсе, мемлекет талантты жастардың өз мүмкіндіктерін Қазақстанда табысты іске асыра алуына мүмкіндік беретін құралдарды, қаражатты табуы тиіс. «Ғұламалардың кейін қайтып ағылуы» ел үшін ең маңызды пайданың бірі болуы мүмкін.

**ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. <http://www.strana-oz.ru/2004/4/migraciya-vyshla-iz-teni>
2. <http://balalaika24.ru/society/uchebnaya-migratsiya-studentov-iz-kakikh-zarubezhnykh-stran-bolshe-vsego-v-vuzakh-rossii>
3. <https://www.enbek.gov.kz/ru/node/337930>
4. <https://www.enbek.gov.kz/ru/node/344757>
5. Сейдин Н. Казахи за рубежом как объект национальной политики Казахстана // <http://www.centrasia.ru/newsA.php?st=1041585360>
6. Комитет по статистике <http://stat.gov.kz>
7. [http://egov.kz/cms/ru/articles/oralman\\_rk](http://egov.kz/cms/ru/articles/oralman_rk)
8. [http://consular.rfembassy.ru/uploads/file/Pamyatka\\_VYIEZD\\_v\\_RF\\_2018.htm](http://consular.rfembassy.ru/uploads/file/Pamyatka_VYIEZD_v_RF_2018.htm)
9. <https://www.bolashak.gov.kz/ru/o-stipendii/istoriya-razvitiya.html>
10. <http://www.zakon.kz/4781434-po-programme-bolashak-v-2016-godu.html>
11. [https://aqparat.info/news/2017/10/30/8653488-v\\_kitae\\_nachalas\\_tretya\\_volna\\_vozvrasche.html](https://aqparat.info/news/2017/10/30/8653488-v_kitae_nachalas_tretya_volna_vozvrasche.html)



## Қазақстан Республикасының Президенті жаңындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты (KAZISS)

Қазақстан Республикасының Президенті жаңындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты (ҚСЗИ) Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 16 маусымдағы Жарлығымен құрылған. 2014 жылдың сәуір айында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Институт Астана қаласына көшірілді.

Қазақстан Республикасының Президенті жаңындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының құрылған күнінен бастап оның негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы саясатының стратегиялық аспекттерін аналитикалық қамтамасыз ету.

ҚСЗИ көсіби ғылыми-талдау орталығы болып табылады. Дүниежүзілік талдау орталықтарының индекс-рейтингінің 2016 жылғы қорытындысы бойынша ҚСЗИ қауіпсіздік, қорғаныс және сыртқы саясат салалары бойынша үздік 100 зерттеу орталықтарының қатарына енді. Институт ең үздік мемлекеттік «ақыл» орталықтарының қатарына қосылып, әлем бойынша 56-ші орынды иемденді ([http://repository.upenn.edu/think\\_tanks/10/](http://repository.upenn.edu/think_tanks/10/)).

Қазіргі таңда институтта саясаттану, әлеуметтану, мемлекеттік басқару, тарих және экономика секілді салалардың танымал мамандары – ҚР ҰФА еki корреспондент-мүшесі, бір Әскери ғылымдар академиясының мүше-корреспонденті, тоғыз ғылым докторы, бес ғылым кандидаты, үш Ph.D. мен он еki ғылым магистрлері қызмет атқарады.

ҚСЗИ өзінің 24 жылдық қызметі барысында институт халықаралық қатынастар, жаһандық және аймақтық қауіпсіздік мәселелері бойынша 250-ден астам кітап басып шығарды. Институтта үш журнал басылып шығарылады: «Қоғам және Дәуір» тоқсандық ғылыми-сараптамалық журналы (қазак тілінде), «Казахстан-Спектр» тоқсандық ғылыми журналы (орыс тілінде) және «Central Asia's Affairs» тоқсандық сараптамалық журналы (ағылшын тілінде). Үш тілде жүргізіліп отыратын сайты және Facebook әлеуметтік желісінде өз парақшасы бар.

ҚСЗИ жыл сайын көптеген халықаралық ғылыми конференциялар, деңгелек устедер өткізіп келеді. 2003 жылдан бері Институт Орталық Азия аймағының қауіпсіздігі мен тұрақтылығы мәселелеріне арналған 15 конференция өткізді. ҚСЗИ-дың ғылыми басқосуларына Қазақстан өнірлерінің және Орталық Азия елдерінің сараптылары, сонымен қатар, АҚШ, Австралия, Өзбекстан, Әзіrbайжан, Германия, Грузия, Жапония, Иран, Корея, Қытай, Монголия, Пәкістан, Ресей, Түркия, Үндістан, Ұлыбритания, Франция, Швеция және басқа да мемлекеттердің ғалымдары белсene қатысады.

ҚСЗИ көп жылдардан бері Қазақстанның жетекші жоғарғы оқу орындарының студенттері, магистранттары мен докторанттары ғылыми-зерттеу, көсіби және дипломалды тәжірибелер мен тағылымдамалардан өтетін алаң болып келеді.

Бүгінгі таңда институтта қызметкерлердің көсіби және ғылыми есупері үшін барлық қажетті жағдайлар жасалынған. 2017 жылы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі ҚСЗИ үшін Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлтық университетті мен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Ph.D. докторантурасы («әлеуметтану», «саясаттану» және «экономика» мамандықтары бойынша үш грант) мен магистратурага («саясаттану» мамандығы бойынша бір грант) мақсаттық гранттар бөлді.

ҚСЗИ туралы толық ақпаратты тәмендегі мекен-жайдан алуға болады:

Қазақстан Республикасы, 010000, Астана, Бейбітшілік көшесі, 4

Тел.: +7 (7172) 75-20-20

Факс: +7 (7172) 75-20-21

E-mail: [office@kisi.kz](mailto:office@kisi.kz)

[www.kisi.kz](http://www.kisi.kz)

[www.kaziss.kz](http://www.kaziss.kz)



## Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан (KAZISS)

Казахстанский институт стратегических исследований (КИСИ) при Президенте Республики Казахстан создан Указом Президента Республики Казахстан 16 июня 1993 года. В апреле 2014 года Указом Президента Республики Казахстан КИСИ был передислоцирован в город Астану.

С момента своего возникновения основной задачей Казахстанского института стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан является прогнозно-аналитическое обеспечение стратегических аспектов внутренней и внешней политики Республики Казахстан.

КИСИ является профессиональным научно-аналитическим центром. По итогам 2016 года Всемирного индекса-рейтинга аналитических центров КИСИ вошел в топ-100 лучших исследовательских центров в сфере безопасности, обороны и внешней политики. Институт вошел в список лучших государственных «мозговых» центров, заняв 56-е место в мире ([http://repository.upenn.edu/think\\_tanks/10/](http://repository.upenn.edu/think_tanks/10/)).

В настоящее время в институте работают два члена-корреспондента НАН РК, один член-корреспондент Академии военных наук РК, девять докторов наук, пять кандидатов наук, три доктора Ph.D., двенадцать магистров – специалисты в области политологии, социологии, государственного управления, истории и экономики.

За 24 года деятельности институтом было издано более 250 книг по международным отношениям, проблемам глобальной и региональной безопасности. В КИСИ издаются три журнала: «Қоғам және Дәуір» (на казахском языке), «Казахстан-Спектр» (на русском языке), «Central Asia's Affairs» (на английском языке). Институт располагает собственным сайтом на трех языках: казахском, русском и английском, а также ведет аккаунты в социальной сети Facebook.

В КИСИ ежегодно проводится большое количество международных научных конференций, семинаров, круглых столов. С 2003 года институт провел 15 ежегодных конференций KAZISS по вопросам безопасности и стабильности в Центральной Азии.

В научных форумах КИСИ принимают участие эксперты из Казахстана и стран Центральной Азии, а также ученые из Азербайджана, Афганистана, Великобритании, Германии, Грузии, Индии, Ирана, Китая, Республики Корея, Монголии, Пакистана, России, США, Турции, Франции, Швеции, Японии и др.

КИСИ является многолетней базой для прохождения научно-исследовательских, профессиональных, преддипломных практик и стажировок для студентов, магистрантов и докторантов высших учебных заведений страны.

В настоящее время в институте созданы необходимые условия для профессионального и научного роста сотрудников. В 2017 году Министерство образования и науки Республики Казахстан выделило для КИСИ целевые гранты в Ph.D. докторантuru (три гранта по специальностям «социология», «политология» и «экономика») и магистратуру (один грант по специальности «политология») в Евразийском национальном университете им. Л.Н. Гумилёва и Казахском национальном университете им. аль-Фараби.

Более подробную информацию о КИСИ можно получить по адресу:

Республика Казахстан, 010000, Астана,  
ул. Бейбитшилик, 4  
Тел.: +7 (7172) 75-20-20  
Факс: +7 (7172) 75-20-21  
E-mail: [office@kisi.kz](mailto:office@kisi.kz)  
[www.kisi.kz](http://www.kisi.kz)  
[www.kaziss.kz](http://www.kaziss.kz)



## The Kazakhstan Institute for Strategic Studies Under the President of Kazakhstan (KAZISS)

The Kazakhstan Institute for Strategic Studies under the President of Kazakhstan (KAZISS) was established on June 16, 1993, by the Decree of the President of Kazakhstan. In April 2014, the President of Kazakhstan issued the Executive Order to relocate the KAZISS to Astana.

Since its foundation, the mission of the KAZISS has been to provide prognostic and analytical support of strategic development of the domestic and foreign policies of Kazakhstan.

The KAZISS is a professional think tank. According to 2016 Global Go To Think Tank Index, the KAZISS was listed among the 100 best Defense and National Security Think Tanks and was ranked the 56th among the Best Government Affiliated Think Tanks ([https://repository.upenn.edu/cgi/viewcontent.cgi?article=1011&context=think\\_tanks](https://repository.upenn.edu/cgi/viewcontent.cgi?article=1011&context=think_tanks)).

The KAZISS employs a highly professional pool of experts; at present it includes two Corresponding Members of the National Academy of Science, one Corresponding Member of the Military Academy of Kazakhstan, nine Doctors of Science, five Candidates of Science, three Ph.D.s and twelve Masters who specialize in political science, sociology, public administration, history, and economics.

For the twenty-four years since its establishment, the KAZISS have published more than 250 books on international relations, global and regional security. The Institute issues three journals: the Kogam zhane Dayir in Kazakh, the Kazakhstan-Spectrum in Russian and the Central Asia's Affairs in English. The KAZISS has a trilingual website in Kazakh, Russian, and English and a Facebook account.

The KAZISS holds a great number of international conferences, seminars and round-table discussions. Since 2003, the KAZISS has held fifteen Annual Conferences on Security and Stability in Central Asia. The KAZISS fora are participated by reputable experts from Kazakhstan and Central Asia as well as from Azerbaijan, Afghanistan, China, France, Georgia, Germany, India, Iran, Korea, Mongolia, Pakistan, Russia, Sweden, Turkey, Japan, the UK, the USA and others.

The KAZISS provides an opportunity for internship the graduate and post-graduate students of Kazakhstan universities and the basis for research fellowships.

The Institute is striving to provide for professional development of its experts. In 2017, the Ministry of Education and Science of Kazakhstan allocated three grants for Ph.D. degree in social science, political science and economics and one grant for Master's degree in political science at Al-Farabi Kazakh National University and Gumilev National University.

For any further information, contact us:

4, Beybitshilik St.  
Astana, 010000  
Republic of Kazakhstan  
Tel: +7 (717) 75-20-20  
Fax.: +7 (717) 75-20-21  
E-mail: [office@kisi.kz](mailto:office@kisi.kz)  
[www.kisi.kz](http://www.kisi.kz)  
[www.kaziss.kz](http://www.kaziss.kz)

### Мақалалар құрылымы:

Мақала мәтіннен, қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі аннотациялардан, суреттер, кестелер, әдебиеттер тізімінен тұрады және олар бір файлда рәсімделеді.

Мәтін Times New Roman қарпімен, 14 pt көлемінде, 1.0 жол аралығында басылуы қажет.

### Ғылыми мақалалар төмендегідей бөлімдерді қамтуы тиіс:

**Кіріспе** – соңғы он жылда жүргізілген зерттеу тақырыбына ұқсас немесе жақын отандық және шетелдік еңбектер қарастырылып, қойылған мәселе қысқаша баяндалады, зерттеудің мақсаты тұжырымдалады.

**Зерттеудің әдістері** – жаңа әдістер кеңінен сипатталады; бұрын жарияланған және белгілі әдістерді авторы мен/немесе әдістің атын көрсетіп, әдебиеттер тізімінде беру жеткілікті.

**Зерттеудің нәтижелері** – негізгі теориялық және эксперименттік нәтижелер, нақты мәліметтер, табылған өзара байланыстар мен заңдылықтар беріледі. Бұл ретте қолданыстағы теорияларды, сондай-ақ практикалық мәні бар мәліметтерді теріске шығаратын жаңа нәтижелер мен жаңалықтарға басымдық беріледі.

**Нәтижелерді талқылау** – отандық және шетелдік үздік баламаларымен салыстыру жүргізіледі. Зерттеудің пікірталас тудыратын тұстары мен автордың оларды шешу көзқарасы суреттеледі.

**Қорытынды** – жұмыстың нәтижелерін шығару, жаңашылдығы мен өзектілігін негіздеу, алынған нәтижелерді қолдануға қатысты ұсыныстар.

**Әдебиеттер тізімі** мәтінде көрсетілген сілтемеге сәйкес нөмірленеді. Библиографиялық мәліметтер 7.1-2003 мемлекеттік стандартына сәйкес рәсімделеді.

Жеке бетте авторлар, сондай-ақ редакциямен хат алмасуға жауапты автор жөнінде мәліметтер (аты-жөні, тегі, жұмыс орны, ғылыми атағы, байланыс телефоны, электронды поштасы) көрсетіледі.

Мақаланы редакцияға қағазға басылған қолжазба күйінде әкелуге немесе электронды пошта арқылы editor@kisi.kz. мекенжайына жіберуге болады.